

БАЙНАЛИ АЛМЖАНОВ

ҚИҚЫМАТТЫН ХИКАЯЛАРЫ



БАЙНФАЛИ
ӘЛІМЖАНОВ

ҚИҚЫМАТТЫҢ ■ ■ ■ хикаялары

Сатиразық әңгімелер



АЛМАТАЫ «ЖАЛЫН» 1982

Каз 2

Ә 55

Әлімжанов Баянғали

Ә 55 Қиқыматтың хикаялары: Сатиралық әңгімелер.— Алматы «Жалын» 1982. 112 бет.

Баянғали Әлімжановтың жинаққа енген сатиралық әңгімелерінде кейбір адамдардың мінез-құлқының кара-көленеке калтартыстары эшкереленеді. Өмірлік принциптері әр түрлі екі адамның бастан кешкендерін суреттей отырып, автор олардың психологиясын ашып көрсетеді.

Каз2

A $\frac{70303-89}{408(05)82}$ 217 — 82 -- 4702230200

© «Жалын» баспасы — 1982

Өзіме өзім күлейін

Ж

Бүгін де қаңып ояндым. Төртінші кеседен кейін жан кіреін деді — жарықтық мұздай су мын да бір ем ғой. «Басым сынып барады», — деп, пәлені тақап қоятындарға таңым бар осы. Сірә, бұл жұта сала жапырыла кететін жұқалтаңдардың, немесе енді ауыздана бастаған балапандардың сөзі. Әйтпесе шекемнің аздал шытынағаны болмаса, шүкір, басқа жаманшылықтың аулы алыс сияқты. Таңертең жұрт «аһылап-үнілеп» сүлдесін сүйретіп жүргенде, өзіміз, тіпә-тіпә, құлпырып, қарқ-қарқ құліп отырамыз. Әсіреле үйкynы бел ортадан үзіп тастап, сұық суға қанып алған соң балконда темекі тартып тұрып, ойға шомғанды жақсы көремін. Ішің бір босап, бойынды буған жыннан арылып, тазарғандай боласың. Таңғы тыныштықта аздал айналыңқырап тұрған басына ғажап ойлар келетіні бар. Рас, бірденені бұлдіріп қойған күні қыындау — әз-өзіңнен қуыстанип, әйеліңнен бастап бүкіл әлемнен кешірім сұрауға дайындалып, кешегі тірлігіне ішін үдай ашиды. Жанынды қинамай, жағдайынды түсініп, екі ауыз сөзге келмей арқаңнан қағып: «Ондай-ондай

болады, батыр», — деп кенк-кенк күліп жүре беретін жайсандар қайда-а! «Сонша басынатын мені кім деп едін?» — деп тепсінетіндер, «Мені қойши, елден үят, масқара», — деп жерлейтіндер, «Әліне қарамайсың ба?» — деп мораль оқитындар көбейді қазір. Ақыры соттаспайтын болған соң сағыздай созып, жүйкеңе тимесе қайтеді екен? Өзімнен кешірім сұрауға әлі ешкім себеп таба алмай жүр, алда-жалда біреу-міреу бас иіп келе қалса, басын жазып беріп, төбеме көтерер едім. Бірақ мен баратындардың қолынан ондай ірілік келмейді. Кешірмесе қирататындаій-ак, соның кешіріміне қарап қалғандай-ак керілетіні көзіме елестегендे жыным келеді. «Колмен істегенді мойынмен көтер», «Өткенге өкінбе» деген ақылды мақалдарға сүйеніп, жұбанасын, әйтеуір...

...Содан көрпені тас бүркеніп жата қалсан, бір мұздай тер шығады дейсін.. Артынша маужырап үйқтап кетесін. Серіз жарымда оянсан, аздал айығасың. Қиқымат (азан шақырып қойған аты Хикмет, Қиқымат деп кеткен өзіміз) тәсілмен жуынып-қырынып, жарты құты өтірді үстіңе құйып жіберіп, таксимен тура тоғызда кенсеге тып ете қалсан, дүние орнына келді дей бер.

Бірақ бұл әркімнің қолынан келе бермейді. Ол үшін Қиқымат болу керек. Бізге сол тоғыз жарымда түзу барсак та абырой. Иектің тұқылдары тікірейіп, көздің қызарғаны, костюм-шалбардың мыжылғаны түк емес, әйтеуір түймелері орнында болса жарай береді.

Бүгін ойымнан Қиқымат шықпай қойды. Шылы мымды бүркүратып қойып, тып-тыныш қалаға үзак қарадым. Ел бейбіт үйқыда. Бұрын-сонды ойыма кел, меген, назарым аумаған нәрселер жаныма маза бермей, күлкyn сәріден құлазып мен тұрмын.

Кеше Қиқыматтың үйіне барғанымды білемін. Әуелде сасып қалғандай көрініп еді, жок, артынша жағылып жүре берді.

— Уай, батыр, жол болсын... жоғары шық.

Әдетімше еркінсіп, лепіре бастап едім, Қиқымат: «Тс-с», — деді. Жұмбак кейіппен ортаңғы бөлмесіне бастады. Төргі үйден дар-дар құлқі, көнілді дауыстар естіледі.

— Уай, сен де мені іздең келеді екенсің ғой, — деп мәз боп жүр. Келісімен досымды қуантқаныма разы боп, жиң келіп тұрмайтыныма өкініп қалдым.

— Үйде бір қонақтар бар, — деп іле-шала бастыр-малата жөнелді. — Әншійін... бір мәліштер, бізге кам-пан боп жарытпайды. Солардың ортасынан сені көр-гім келмейді осы.

— Менің оларды көргім келеді. Былай... — Бұліне-йін дегенімді қапысыз андай қойса керек, Қиқымат ки-іп кетті.

— Қайтесің соларды. Өзіміз бір онаша отырайық-шы. Екеуміз бас жазбағалы, тоғыс, қоспағалы көп болды ғой. Ау, бәйбіше, тезірек жасап жібер, батыр асы-рын отыр, солай ма?

Асығып отырмасам да: «Менің шөлімді тез басу-дың қамы шығар», — деп мақұлдай бердім.

— Мен қазір...

Қиқымат тез оралды. Іле-шала бір табақ ет келді. Екі стақаны мен жарты бөтелке ақан да сап түзеп тұ-ра қалғанда, Қиқымат: «Бәйбіше, — деді. — Бұның ке-ліспейді. Айында-жылында үйге осындай асылдың сы-нығы келіп қалады екен. Сарқыт ішетін кім деп ең оны? Әпкел, батырдың өз сыйбағасы бар...»

Заматта бәйбішесі мөлдіретіп бүтінін жеткізді. Ме-ниң көнілім босап, көзіме жас келсін...

— Сени Құрекен іздең жатыр, — деді бәйбішесі. Қи-қымат тез барып келді.

— Оның кім, ей?

— Осындағы бір... Ал, тамак ал...

Бір уақта қарасам, Қиқымат екеуміз құшақтасып

отырмыз. Оған үзак әңгіме айтып жатқаным есімде, бірақ не айтқанымды білмеймін.

— Ал, батыр, асығыс екенсің. Бір-бірімізді түсінеміз ғой. Конбайтын қонаққа жол-жоба үшін жат деп жабыса беретін жылтырың мен емес. Асықпай, әйекенді ертіп бір келсейші, аунап-қунап жататын. Сенен айрылып, аналарға барғым да келмей тұр, бірақ амал не, қонақ деген аты бар ғой. Ал, жақсы, үй-ішіңе сәлем айт.

Екеуміз сүйісіп қоштастық.

Содан үйге келдім. Әйеліме Киқыматтың сыйын айтып күмпілдедім.

— Өңкей бір мәліштер қонаққа келген екен, оларына косып құнымды кетірмей, сыбағамды жеке тартты...

Әлгінде әйелім де бірге оянды. Үн-тұңсіз кешегі киімдерімді алып келіпті. Қарап едім... Түсім қарауытып кетсе керек, әйелім кекете күлді. Өнірінде бір түйме жок, женім зорға ілініп тұр. Шалбардың халі одан да мүшкіл. Киқымат үйіне келерде екі-үш жігітпен ерегісіп қалып, шырқыратып қуып едім.

— Е, ештеңе емес, өзім аман келсем болды емес пе саған? — деп, қобалжығанымды білдірмеуге тырысып, дүрдиіп, сыртқы жұнімді қампайттым. Бірақ ас үйге өте бергенде айнаға көзім түсіп еді, жүдеп қалдым. Сақалмұртым тікірейіп тұрганын қойши, бір көз жұмық... Қөгерінкіреп кетіпти.

— Ұялсаңшы, — деді әйелім. — Кеше Киқымат өліп-өшіп сыйлады деп, мәз боласын. Сыйласа сыйлаған шығар, бірақ сенен құтылғанша асықкан. Әнеугүні бастығын қонақ қыламыз деп отырған, Қүрекен дегени сол. Мына түрінмен сені көрсетуге, жолдасым деуге намыстанды да. Тіпті, бұлдірер деп қорқып, алда-сулат шығарып салған ғой. Соған да мәзсің. Өзіңе жараса ма осы?

Мен сыр бермегенсіп, оның сөзін жүре тындадым. Бірақ жүрегім аунап түсті. «Солай екен-ау, ә?» Осы

әйелдердің де басына кейде жақсы ақыл келетін сиякты. Анда-санда солардың да сөзіне құлак асқаннан зиян жоқ па деймін...

Балконда тұрып, будақ-будақ түтінді бұрқыраттым келіп. Бірінші рет кешірім сұраудан гөрі кенірек ойланым.

...Әкем жуас, жасықтау адам, бірақ мен ес білгелі атам мен әжемнің бауырында өстім. Әке-шешемді, ағаттәте дейтінмін. Әлі күнге сөздерін құлакқа қыстыра бермейтінім де содан. Атам ауыл түгілі ауданға белгілі балуан еді. Немерелерінің ішіндегі ең кенжесі болған соң ба, әлде ешкімге есе жібермейтіндігімді танығандықтан ба, әйтеуір, мені бәрінен бөлектеп хан көтеретін. Атамның айтқан әңгімелерінен көкейімде өшпес із қалдырғаны — менің жетінші атам Қарасай жау жүрек батыр болыпты. Бір үрғанда бұқаны құлатады еken. Құлатады демекші, баяғыда жігіттермен бәстесіп, Тасқараның етке өткізgelі отырған торпағын тұмсыққа бір періп, талдырып тастағаным бар. Батырдың тұқымы еkenіме содан бері ешкімнің күмәны жоқ. Шұбәлануға хақысы да жоқ. Күмәнданып көрсінші...

Атам ертегілерді, батырлар жырын, шежірені жатка білуші еді. Ауылдың шалдарын: «Түк білмейтін дүнгәна өңкей», — деп сыйқыртып алып, маған макамдал айтып отыратын.

— Ұғып ал, құлыным. Атан Қарасай сондай болған. Әкең жасық. Бірақ тегіміз асыл еkenін сен ұмытпа, — деп, батырлық моральды санама сініретін.

Бірде Қиқыматқа осыны сыр қылып айтып едім.

— Ой, оның күні өткен. Қазір заман басқа. Ондай болсан далада каласың фой... — деді.

Ақыры, Қиқымат күлемін деп қашып құтылған.

...Бала кездегі кейбір үзік-үзік суреттер де әлі күнге көз алдыннан кетпейді.

Ауылдың шетінде кетіп бара жатқан Жаппарханды

атамың дауыстап шақырып алғаны бар. Анау көлдей ғып сәлем берді.

— Ассалаумагалейкум!

— Ұғалайкумассалам! — Сәлемін молынан алды атам. — Шырағым, бие байлағандарына да біраз болды. Ана сұжурек әкең сабасын жалғыз сарқып жатыр ма? Қымызға неге шақырмайды мына мені?

Жаппархан жалтақтап, үйме-жүйме сyltau айтты.

— Әкен әлі қақшандап, билікті берген жоқ па саған? Сәлемінді толық жеткіз. Қарасай батырдың тұкымы құлағынды... деп айтты де. Өзің үйге жүр. Қымыз ішіп кет.

— Жарықтық, дәру ғой, — деді атам сақалын сипап. — Эй, шырағым, қымыз өзімізде де жетеді. Эйтеүір өздеріндей балдар сыйласап, сәлем беріп, дәмге шақырса, бір жасап қаламыз. Ана әкеннің есіне салып кой, баяғыда... сен барсың ба, жоқсың ба ол кезде...

— Қай жылы? — деді Жаппархан жай отырмай.

— Әлгі мамырда май боран соғып, ауылдың бір копра койы қырылып қалатын жылы... Қалқоздың қара бұқасы құтырып, ауылды түгел тырқыратып кусын. Соңан, сенің әкен тірсегі дірілдеп, қаша алмай, анау үйдің бұрышына тығылады. Аузынан көбігі бұрқырап, өкірген бұқа дәл үстінен түсіпті. Мен үйде үйқатап жатыр едім, әйтпесе жаман бұқадан қашам ба, бір кезде бәйбішем жұлқылап, зорға ояты. «Өлтіріп жатыр», — дегесін, Қарасай атамнан қалған ақ қанжарымды ала жүгірдім. Жетсем, әкенді бұқа мүйізіне іліп алышты. Соңдағы шыңғырған даусы әлі құлағымда. Бұқа өкіріп, тақала бергенімде өзіме үмтүлсын. Бұлт етіп бүйіріне шықтым да, ішін жарып жібердім... Сонынан қарасақ, әкен қайбір жарып көріп еді, көн шалбары қаудырлап жүретін, бұқаның мүйізі сол көн шалбардан денесіне дарымапты. Несін айтасын, Қарасай атамыздың киелі қанжары жаман әкеннің жанын алыш қалған сөйтіп...

Мен атама сүйсініп, қызыға қарадым.

Ертесіне Жаппархан үйі бізді қымызға шақырды. Атам, әжем үшеуміз бардық. Қариялар қауқылдастып, ұзақ сонар әңгімеге кетті. Қымыз келді. Әуелі атама, әжеме ұсынды. Әжем маган өз ыдысынан ішкізбек бола бергенде, атам:

— Эйелдің сарқытын ішпейді менің ботам, — деп зекіді. Маган шай кесеге құйып беріп еді, атам тағы жақтырмады.

— Менің құлынымның жолы үлкен. Атамыздың сыйбағасын құй оған. Сарқыты сендерге қалсын...

... Тағы бірде ауылда той болды. Атаммен бірге бардым. Шалдар төр үйде, ағамның катарлары ортаңы үйде отырған. Мен ағаларым бардым. Табак тартылсымен қызып алған Жаппархан бүйректі тұтасымен аузына атып ұрды. Менен басқа бала жок, өзіме тиеді ғой деп тұрғам. Шыдай алмай:

— Бүйректі бер, — деп жабыса кеттім. Жаппархан итеріп қалғанда, ұшып тұстім. Жасық ағам үн-түнсіз отыр. Қолыма іліккен кесемен періп жібердім. Шекесі қанаған Жаппархан:

— Қайтеді-ей! — деп тұра бергенде, атамның күркіреген даусы естілді.

— Уай, менің балама тиіп жатқан қайсың?

Анау жым болды.

— Бүйрекімді жеп қойды. Мен басын жардым, — дедім атама.

Шалдар ду күлді.

— Эй, балан шермәш болады.

— Жайына отыр, — деп кесіп тастады атам. — Шермәш деп қаныпезерді айтады. Менің балам асылдың сынығы, Қарасай атасы сияқты батыр болады. Ақыл көп өзінде, жолды білуін көрмейсіндер ме? Баламдікі жөн, бүйректі неге жейді ол ит? Эй, — деді Жаппарханның әкесіне — баланды тый, әйтпесе аттың бауы-

рынан өткіземін. Жол-жоба үйретпей, жастарды бұзатын осы сендерсіндер...

Бір күні есік алдында ойнап жүр едім, атам шақырды.

— Ал, батыр, үйдің артында ана қисық ауыздың шермәші бір топ баланы бұзып, шылым тартып, карта ойнап отыр. Сен шатырға шық та төбесінен...

Мен түсініңкіремей бөгеліп қалдым.

— Шаптыр! — деді атам.

Мен күмілжідім.

— Үлкен болса да женілме. Қуса, қорқақтар құсан қашпай, қарасайлап қарсы ұмтыл. Зәресі ұшады.

Лып етіп шатырға шығып, әлгінің тақыр басын тауып алу оп-онай болды.

— Жаңбыр жауып кетті ғой,— деп әлгі басын көтерді де, маған қарап қатты да қалды. Тура мәндайдан құлдилатып мен тұрмын.

— Қап бәлем... — деп, сатымен маған қарай өрмелеп, лезде төбеге шықты. Қарасайлап тұра ұмтылып едім... ғажап... тайып отырды. Артыма бұрылсам, таяғын көтеріп атам келе жатыр екен...

Бұрын осы бір оқиғалар есіме түскен сайын мәз болып күлуші едім. Бүгін күле алмадым. «Батыр, батыр» дегенге бөсе беріппін. «Тіс қағар тентек» дегенге телпегімді аспанға атыппын. «Жеке тіршілігім — өзіміздікі, не істесем де өз еркім»,— деп жүріп, «Өлшемді өмірді өлшеусіз шашыппын-ау»,— деген ой тығырығына тірелдім. «Ұсак-түйек, күнделікті күйбен дейміз, соның өзі өмір емес пе? Тірлігім қандай, достарым кім, өзім кіммін?»— деген сауал суман етіп, алдынан аяқ астынан шыға келді. Өмірімде бірінші рет басыма келген ой жанымды жегідей жеді. Осы уақытқа дейін ішіппін, ісініппін, ісіріппін, содан шыққан қарағайдай мүйізім кәне? Кенет бүкіл тірлігіме күлдім. Өз кемшілі-

гіңе өзің күле білу де ерлік. Ал, нар тәуекел, Қиқымат екеуміздің басымыздан кешкендерімізді сіздерге айтып берейін...

ШАЙТАН ҚӨБЕЛЕК

— Эй... — деп қалдым таңертең, шай құя берген әйеліме. Ішіп жүргендегі дағдымен байқамай басып жіберілпін. Іле-шала түзелдім — ...еке.

— Эйекесі несі, тағы?

— Эйел дегеннің ерке түрі ғой. Қиқымат бәйбішесін «қатеке» дейді.

Аракты қойып, абыройлы бола бастағалы айбардан айрылып барамын ба, әйтеуір, әйекеме жалтақтап, шөлмектесімді окқа байлап жібердім.

— Сөйтіп те еркелетеді екен. Бұған да шүкір.

Өткен күндер ойна оралды ма, күрсініп қойды. Әңгімені ауырлатпай, беріден қайырғым келіп:

— Басымды... — Айтып үлгергенімше, бас, өнеш дегеннен катты шошитын әйекем тағы да арыға кетті.

— Жазғың кеп түр ма?

— Кеше арак беріп ауырткандаі, — дедім, момакан бұртиып, өкпелеген сыңаймен. — Бір идея кернеп барады. Сен, былай, қыдырып кайтсанышы. Мен есік-терезенің тесігін бітеп, катыра қояйын. Қыс болса келе жатыр.

Әйекем жайрандалап, жөнеп берді. Мен сайдамадарымды сайлап, ескі киізімді тілімдеп, іске кірісп кеттім.

— Бәсе, таңертеннен шекем шытынап еді, сенің үйде, әйеліңнің түзде болуына көрінген екен. — Үржиып Қиқымат кірді. — Сендерді тату боп қапты дегенді естік, күттүқтағалы келдім.

Қысылтаянда екі ақ, төрт қызыл сыйып кететін кіші-гірім қоймадай қойнынан «Вермутын» суырды. «Бүгін бір тойып ішейін, сосын қойдым. Аузыма алсам,

батырдын тұқымы болмай кетейін», — деп қызып отырып, кара басып қалса да, күрғыр, мөлт-мөлт етіп көзді тартып барады.

— Қанты аз, тәуірі, — дейді желіктіріп.

Бөтелкені қолыма алып, «емк 0,8 л. креп. 19°» деген жазуды көріп, көмейім бұлк ете қалды. Терлеп те кетсем керек.

— Түң, қиналып, қор болып-ақ жүр екенсің ғой. Тұнеугұні көзімді қысамын келіп, аяғынды басамын келіп, бәрібір аузыннан қағынып, бөсіп-ақ жібергенің... Үақасы жок, казір Қарасай заманы емес. Үәдеде түрмай — моды. Айтқанын емес, айтпағанын істейді ақылдылар.

Өзімді ақымақтар санатына косқым келмесе де: «Айттым-бітті», — деп төс қағып жүргесін, әлі де жібінкіремей тыртысып түрмyn. Қиқымат қиқылдан күліп, арқамнан қақты.

— Сенің ер екенінді ел біледі. Есінде ме, өткен қыста: «Балаң сәлем бермеді», — деп, Қәкенді қонақтарымен коса тырқыратып қуғанын? Сондағы сенің Қәкеннің денсаулығы үшін тост сөйлеп, жұз грамм ішіп: «Кәке, мен сізді жақсы көремін, бірақ жаңа: «Баласына маған сәлем беруді үйретпеген итті сабамасам, батырдын тұқымы болмай кетейін», — деп ант ішіп көйип едім, сөзімді жұтсам кім болғаным», — деп, періп жібергенінді ел аныз қылады. Ал, әнеугұнгі сөзің... Онда сен қызу болатынсын... Так что, адам емессін...

Менің көзім еріксіз ежірейіп, еденде жатқан жұмыр бас балғаға түсіп кетсе керек, Қиқымат қипактады.

— Тойыс, сау емессін. Сау еместі санатқа қосу кате. Бітті.

Қиқымат құысты үнгіп барады. Әлі де карысып, рай танытпадым.

— Иә, арак зиян дейді. ғой... Бірақ, анда-санда. Осындағы сағынысып көріскенде... Тұнжыр тіршіліктен

тойғанда... Кеше сен қойсан, бүгін мен қойсам, бұрсі-
гүні анау қойса, дүние не болады? Қөнілділер қатары
сиреп, ортасы ойсырап қалмай ма? — Ол осылай бір
көсіліп, қайта орағытты. — «Аракты қойсан, тәбеме
көтерермін», — деп қатекен айтпап па еді? Айтқан. Та-
лай жыл бойы айтқан. Тәбесіне көтермек түгілі, тәбе-
сін де көрсетпей кетті емес пе?

— Енді... ол... әйел фой.

— Тфу! Мейлі... Бірақ арақ қойып, адам болғанда
мүйіз шыкты ма? Тесік тығындал... Сенен ылубой ал-
қаш артық. Мына сен құсап біреудің қабағына қарап
жатпайды, қалаған жеріне қисая кетіп, дем алады.
Сенбі құні құрымын қолтықтап қамауда отырмайды.

Менін тісім шықырлады. Топсамның босап, қаусап
бара жатқанын сезе қойған Қиқымат:

— Бол, одан да, келіп қалмай түрғанда мынаны...

«Атамның аруағы кеше гөр», — деп, тартып-тартып
жібердім.

— Ал, енді сен кідіре түр, мен тез қағып тастайын.

Шеге салынған қорапшаны актара бергенімде, ішін-
де бір шайтан көбелек жүр екен. Езе салайын деп, әрі
басамын, бери басамын, қуыс-қуыска тығылып, құты-
лып кетеді. Күйгелектеніп, балғамен періп қалғаным-
да, қисық шегенің бірі шоршып келіп шекеме тиді.
Даусым қатты шықса керек, Қиқымат жетті ап-
тығып.

— Түх, катының кеп қалған екен десем... Не болды?

— Мына бір шайтан көбелекті қарашы...

Қиқымат рақаттанып күліп алды.

— Эй, шайтан көбелек деген көбелек бола ма екен?
Бұл кәдімгі күйе көбелек.

— Ондай көбелекті білмеймін, ал мынаның шайтан
көбелек екені анық.

— Түх, сен де бір қасарыссан, болмайсын. Бұны қа-
закша көбелек дейді.

— Құлетін дәнене жоқ. Көбелектің түрі аз ба?

Шайтан көбелек — көбелектің бір түрі. Ақаның да түрі көп қой. Ақ, қызыл деп бөлінетінің былай қойғанда, портвейн, вермут, рубин деп кете беретінін, олардың айырмасын менен жақсы білесін.

— Көбелекке теңеп, қызылды қорлама, — деп бір сүріндірді Қиқымат. Сөйтті де, «Вермуттың» тағы біреуін суырды. — Ішіп отырып карта ойнасан — қолын шығады, әңгімелессөн — сөзің жарасады.

Екінші бөтелкеден кейін есептен жаңылдық. Отрып әңгімелесеміз, дүкенге бара жатып әңгімелесеміз. Бәрібір әңгімеміз жараспады. Қан да қызды, дау да қызды. Қиқымат кояр емес.

— Көбелек деген бар, шайтан көбелек деген жоқ.

— Бар, — дедім мен қасарысып. — Мениң бала кезімде болған. Енді құрып қап па? Жын ұрғандай ошактағы отка құлай беретін қоңыр көбелекті біздің ауылда шайтан көбелек дейді. Біздің елді түгел өтірікші деп көрші, кәне? Бала кезімізде жүйрік боламыз деп, шайтан көбелекті езіп, табанға жағатынбыз. Баяғыдан қалған аныз бар. Атамыз Карасай ұшып бара жатқан шайтан көбелекті көздел жаттықан.

— Атаңын мергендігіне шүбәм жоқ, көбелекке тиғізе алмаса батыр бола ма?

— Көбелек емес, шайтан көбелек! Жай көбелекті атып оны жын қағып па? Жай көбелекті жай сен атаңың. «Шайтан мен көбелекті бір жебемен» деген сөз содан қалған, — деп соғып жібердім.

Өлеңге жүгінгесін, Қиқымат мылқылып қалды. Оны женіп алғасын:

— Қап, мына шаруа жайына қалды-ay! — деп өкіндім.

Жүші жығылып қалған шөлмектесім қайтадан бас көтеріп шыға келді.

— Сенің мына түріне қарап, батырдың тұқымы екенине күмәнданам. Суреті бар ма өзінің? Салыстыратын.

— Жетінші атанды ателье-люкске апарып, худо-

жественный фотограф түсірген сен ғанасың ғой. Негативін көбейтіп, жұрағатына таратпайсың ба?

— Жоға... Сурет-пуретті қойши. Асылдың сынығы екендігін көрініп тұр ғой, бірақ Қарасай шайтан көбелек атып келгеннен кейін батыршасына... бәйбішесіне абияснителный жазбаған шығар...

Ол қиқылдан күлді. Менің қаным басыма шапты.

Мен басылғанша, әйекем келді аптығып. Не тындырғанымды көруге асығып, алқынып қапты.

Есіктің сол қалпы тұрғанын көрді де:

— Әуелі балконнан бастағаның жөн болған екен, — деп, төрге озды. Қолын төсеп жіберіп:

— Үреді ғой, — деді.

— Өзің үресің!

Жалт қарады да, шатақ іздеп шатынаған көзімнен танып қойып, бұрк ете түсті.

— Үрген керек болса, мен саған үргенді көрсетейін.

— Итке ит өлімі! — деп ақыра ұмтылдым. Ол Қиқыматтың тасасына тығылды.

— Әйелді зәбірлеуге болмайды, — деп араға түсіп, Қиқыматым құтырсын.

Кеңірдегінен алдым да, есікке қарай атып жібердім.

Күып жетіп, құйрықтан қайқайтып тұрып бір тептім.

...Ал енді бас мынау... Ана бөлмеде теріс қарап жаткан әйекем анау. Өкпелеп кеткен Қиқымат тағы бар. Сарапандығы жоқ сабаз еді, татуласпау обал...

ПӨТЕПКІ

Қиқымат аппақ тессекте белуарынан мамыққа көміліп отыр екен. Үсті-басы тап-таза, шашы да, бет-аузы да орнында. Сақал-мұртының тұқылдары да тікіре-йіп тұрған жоқ. Бұрыштағы айнадан өз түрінді көріп, бір түрлі қорынып, қысылынқырап қалдым.

Әйелі анқылдап қарсы алды — кеше күйеуі арақ ішіп, кеш қелген үйге үқсамайды.

— Бас қалай, Қақа? — дедім желлініңкіреп. Бастың орнына басқа сөз түсе жаздал, абырай болғанда тіс арасында қалды. — Кеше...

Киқымат:

— Тс-с, — деді. Жорта жөткірініп, даусын көтерді.

— Уай! Кешегі шаруаны аяқсыз қалдыруға болмайды. Шеті көрінген екен, шап бер де айрылма. Эйтпесе... Пәтепкіні потносқа сап әкеп беретін заман қайда?

Мен ан-таңмын. «Пәтепкісі несі? Тұнде менімен шайтан көбелекке таласып, ақыры таяқ жеп кеткен Киқыматым ба, басқа ма?»

— Бәйбіше, менің киімдерімді әкелші, кешегі мәсемен тағы бір жолығатын кісілер бар еді...

Әйелі заматта су жана қара костюм, әк көйлек, галстукты алыш жетті.

— Элде сұр кремпленінді киесің бе? — дейді майысып.

— Пейілінен айналайын.. Бірақ қайнагамды қарсы алуға бара жатқан жоқпын ғой. — Киқымат разы болған кейіппен кенқ-кенқ күлді. Сосын сәл өзгеріп, жұмбақ кейіппен: — Мұндай киіммен ондай жерге барадуға болмайды. Қозғе бірден түсесің — раз, ішіп-жегесін байқамай былғап аласың — два. Лықия тоюға... тоғызыға лапсан да жарай береді...

Киқымат қапыда кетті-ау деп қорқып қалып едім, жэк, әйелі жайрандап, қалағанын жеткізді.

— Жолың болсын! Эйтеуір, құлап қалма! — болды бар айтқаны. Шәкіртін мәпелеп, рингке шығарып сап тұрған жаттықтыруши сняқты...

Кафеге келгесін кешегі айыбымды жуып-шаяйын деген ниетпен еллілдей бастап едім, Киқымат:

— Сен қопандама. Қалтаңың тубінде жатқан мыжмыж жыртық бес теңген қай тесігінді тығындарды.

Біздікінің қызыл қағаздарын қаужандайық, — деді.
Жонданып шыға келіпті.

— Кақа, былай...— Бастай бергенімде, ол киіп кетті:

— Эй, сен осымен нешінші рет менен кешірім сұрап отырсын?

Мен күмілжідім.

— Менің де есімде жоқ. Іздел келгенің де жетеді.
Көпірте беріп қайтесін.

— Япырмай, енді, кеңірдегіңен алғаным...

— Түк те емес. Аздал тамағым түйнеп тұр, қанша айтқанмен батырдың тұқымысың ғой, қолыңның табы қалған да.

— Құйрықтатқаным қыын болды, — деп тікесінен тарттым...

— Уақасы жоқ. Асыл тұқымның аяғынан аяғанда, ол қүйрыкты қасқырға тартқызамын ба?

— Өзімізді құйрықтан тебу көп адамның орындал-майтын арманы!

Тілімді кеш тістедім. Әдет болғасын осы. Аузыма арақ тимесе де, бөтелкеден іә рюмкадан су ішсем болды, қағынып шыға келемін. Бірақ Қиқыматым қиқаятын емес.

— Сендер тебуге, біз тебілуғе жаратылған соң со-
лай болады да, — деп кеңк-кеңк күледі.

Екеуміз де жіпсіп, кең отырдык.

— Кеше сөзімді бұзғаным бекер болды.

— Уай, сен де! Бөтелке бәтуаға келуге ғана жарай-
ды. Арақта ант журмейді, қызуда қағида болмайды.
Ішіп отырғанда айтарынды айтып қал, бәрін араққа жауып құтыласын. Ертең мақшарға барғанда...

Қиқымат мұнайып, күрсініп салды.

— «Ішкендегі істің бәріне сен емес, ақаң жауап береді», — деп еді біздің ауылдың молдасы, бас жазып отырғанымызда. Ертеректе диуанамен бірге боза ішіп-ті, содан қалған сөз дейтін. Шиша атаулы сен үшін

— Бір-екі ай созып жүріп табасын ғой бірдене ғып.

— Ой, әнеугұні хрустальдаң құлақтың құрышын жеп қоймаған соң: «Хрустальға қарық болғың келсе, бокстан абсолютті чемпионға тиіп ал», — деп айқай салғам.

— Ту, сен де. Басқа дүние құрып қалғандай... Қазір қалтаңда қырық өтірігін жүрмесе киын. Бері кара. Мен бір қызық айтайын. Кеше үйге дәл жанағыдай кірдім. Төртінші кесені орталай беріп: «Бәйбіше, не істегенімді білесің бе? Айтқызбай тапшы, күнім!» — деп күлімсіредім. Қатекем беріден қайтты. «Кілемнің ынғайы бар ма?! Өткенде бір ай ішіп... сонына түсіп дегенім ғой, айрылып қалып едін...» «Кілем деп күйдіреді ғой кісіні!» — Аздап шамданып алып, жайлап қана: «Пәтепкі!» — дедім.

— Көтегі несі? — Қатекем шошып кетті.

— Маған жетпегені көтек еді, көтекті мына сендер айтасындар. Мен пәтепкі деймін. — Өстіп бір зекіп алдым да, күрмеліп, икемге зорға келіп тұрған тілімді бұрап-бұрап, орысшасын тураладым: — Путевка!

Әйелім әуелі ақырайып, дем ала алмай қалды. Артынша көзінде нұр ойнап, бетінің, ернінің ұшына мейірім үялап, орнынан тұрып келіп, тұра баяғы қыз кезіндегісіндей сүйіп-сүйіп алғанда, мен... Арақ сасып отырғаным өмірімде бірінші рет үялыш кеттім. Содан ол орнынан тұрып, бұрала басты. «Жылы су дайын бол қалды. Элгі бір хош иісті ұнтағым бар еді, соны себе қояйын».

Мен мырс-мырс күлдім: «Бәлем, ұнтағың да, жұмсағың да әлі талай менікі болар». Бір уақта қасыма кеп, қылыш тұр: — Папасы, әлгің Алма-Арасанға ма? — Қиқымат деп қарап тұрушы еді бұрын.

— Ауылдан... тойыс, Алматыдан алты адым үзап көрмеген айналайыным-ай. Алма-Арасанға алу үшін естіп әркіммен бірге ішіп жүретін кім деп ең мені? Өзі ғой, өзі! Кисловодск!

Ол қуаныштан қып-қызыл бол кетті. Мойнынан құшақтап, былай, саусақтарымен шашымды тарамдаған, ашынамнан ары аялады. — Түсінем ғой, сені жаным. Енді көп ішпеші. Ауырып қаласың ғой. Баяғыда, жана танысқанда, шампан ғана ішіп жүргенде, қандай әдемі едін.

Менің сол кезде былай шыға бере «Рубинға» басатынмынды қайдан білсін.

— Шампан секретаршаға жұғын. Өзімен өзін ішу керек. Кілегейдегі конъяғың, арқыраған арағың болмаса, сөзің кім, өзің кім? Сосын, бері қара. Бүгінгісі бастамасы ғана. Шеті қолға ілікті, енді содан айрылмай, суарып отырып, суырып алу керек. Бергенін мөрінен, бермегенін көмейінен. Үқтың ба? Барыңды қалтама сал, тізгінімді тартып, қолымды қакпа. Өзің білесің, курортқа жіберетіндей әкетіп бара жатқан ауруымыз жоқ. Сондыктан қалта керек. Бұйырса, бір демала-йык...

Содан шомылдырып, арқамды ысып, тербетіп үйқтатты ғой, тербетіп. Енді, бұйырса, пәтепкінің сылтауы маған біразға дейін әләулай болғалы тұр.

— Әләулайың біткесін қайтпексін? Әләулаймен ішкенінді қалаулаймен құспайсың ба, әйтеуір?

— Шіркін-ай, таза шикі екенсің ғой. Ал, бері қара. Ақыреттік дос болуға, бір-біріміздің сырымызды жүртқа жаймауға ант етейік. Сосын бір сыр ашайын.

— Атамның аруағы атсын! — дедім Қиқыматтың пейіліне тебіреніп кетіп.

— Сыраның салқыны үрсын! — Ит-ай, шімірікпеді. — Былай. Пәтепкіні мен пәлен жыл mestкомның соңынан қалмай жүріп, ебін тауып, әнеугүні қолға ту-сіргем. Сол күйі сейфімде жатыр. Уақыты қелгенде әкеп беремін. Бейшара бәйбіше mestком пәтепкі әпереді дегенді түсінде де көрмейді. Үстіне қосып төледім, осынша уақыт арақ ішіп, ауру болдым деп, қоқыра-

ңылмайсын, жар сүзбейсің — бір. Екіншіден, сыр де-ген сандықтағы қазына, сатуға болады. Кілтін тапсан, қып-қызыл пайдаға шаш-етектен батасын. Кеше үнде-меген себебім — сен туралы олардың не ойлайтында-рын сарқып алу еді. Жарайды, сені қойшы, ертең тіп-ти, мықтылар туралы да «деп» қоюы мүмкін. Ондай кезде қапы қалсам, Қиқымат болмай кетейін. Керек десен, әңгімеге әуелі өзім тұрткі боламын, анда-санда қопсытып, көнірсітіп кою да керек. Қызды-қыздымен біраз жерге барып, шер тарқатысып отырған шөлмек-тестеріме ши жүгіртемін. Жоспардағы жанды көлде-нен тартып:

— Соның өзі қызық жігіт, — деп қоямын жайлап қана. Бұндайда: «Қызық емес», — деп қолқ ете қалса, шаруасын шалқайтып жіберетініме илана бер. Егер: «Қай мағынада?» — деп қармақ тастаса: «Жалпы дегенім фой», — деп жұмбактап, жылыстатағын. Ары қа-рай қалай жалғастыру жағдайға қарай. Ал: «Несі бар, қызық жігіт болғанда қандай! Оригинальный адам!» — деп есе жөнелсе, мен де құр қалмай: «Оригинальныйң не, гениалный», — деп көпіртіп, құтыла саламын. Кей-де амалдап, иіп әкелуге тұра келеді — адамның айт-қысы келмегенін айтқыза алсан, айзың қанады. Бас-талғасын бітті, өзінен-өзі бықсып, қоздай береді, тек қана бірер бөтелкенмен, бір-екі ауыз сөзben көсеп отырсаң болды.

— Бөтеннің сырына қол сұғу — ереккек жараспайды. Адамның адамға сенімі, бауырмалдығы қайда? — де-дім қызынып.

— Сандырак... Туғанда бөлек жаратылған соң бірі-гу жоқ, Әркім өз кәтелөгін қайнатсын. Сенің бауыр-малдығың, өкпе, назың кімге дәрі? Қөнілден көже қым-бат. Мәселен, біреуді шын ниетінмен жақсы көрдің де-лік — одан оған не пайда? Ал қөнілің селт етпей-ақ қойсын, бірақ қысылып тұрғанында кілем тауып бер-сен, күның артады. Қарымтасы да қомақты болмақ...

Солай бауырым, сен батырдың тұқымысың фой, бірақ батырга да жан керек деген. Тіке өзіне қатысы болмаса килігіп нен бар? Әлгі бір әнгіме құлағыңа тиген екен, енді «сендер сөйдепсіндер» деп ешкіммен шатактаспай-ақ қой. Бер жағыңды беріп, бұрынғыдаі алдай сал. Ішің білсін. Біліп ал, бәрін біліп ала бер... Ішкі зарядың молаяды. Атылған снаряд құсанап босап қалғаннан сақтасын, he-he-he...

Бірнеше күннен кейін үйреншікті кафемізде бір топ жолдастар кездесіп қалдық. Әрнені айтың әзіл-қалжынымыз жарасып, дуылдан отырғанбыз. Қыза бастадық-ау деймін, бір кезде әнгіме ауырлап, бірдененің иісі шығайын деді. Біреу бастығының бюрократтығын, біреу көршісінің қырсыздығын көйтті. Әйтеуір кейіпкерлер бейтаныс болғандықтан бейтарап отырғам.

— Қиқымат барып тұрған қырт екен, — деді бір кезде біреуі. Шашалып кала жаздадым. Денемде бір пәле асыр салып өтті. Әйтеуір, жолға шыққан жұдырығымды иіскегенсіп, өз танауымнан қайырдым. «Біліп ал, біліп ал», — деп Қиқымат қақсан тұр көкейімде. Қасымыздылар «темекің дымқыл екен, сорылмайды» деген күрлы селт етпей, жайбаракат отыр.

Бақсам, Қиқымат ку екен. Оның қызметі өскенін бұл білмей қалыпты. «Алдын ала маған неге айтпайды ол», — деп кіжінеді бұл. Пысық, яғни, арам. Жұмыста абырайлы көрінеді — адал болса сөйтер ме еді? Әркімге жымия қарап жүргені — жағыну деген сол. Үнемі сыйлық алып, алғыс естиді. Қиратып жатқан түгі жок, әйтеуір кілтін табады да. Кеше бұл, рас, сәл қызулау, үйіне барып, сыраға шақырған екен: «Ертең жиналыста сөйлеуім керек, кітапханаға барамын», — деп кергіпті. Жиналыста сөйлелеп көзге түспек қой тағы да. Кітапханада несі бар онын? Бұл шақырғанда дүниенің бәрін тарс ұмытып, неге ілесе бермейді, ә? Осы текстес бірденелерді шұбыртып барады... Кейбіреулердің айзыңы қанып, қосыла соғып қояды.

— Жігіттер, тыныш отырсақ қайтеді?

Қолымның дірілдей бастағанын сезіп, тақырыпты жақсылықпен өзгертуге талап қылдым. Бірақ, жиналғандар дәмін енді ала бастаған майлы жіліктен ажырағысы келмеген сынай танытып, қоздырып қояды:

— Айтсын, айтсын. Ызасы өткен ғой әбден. Ау, осында әңгімелесіп, іш босату, шер тарқату үшін жиналдық емес пе?

— Жамандағаным емес, сұқптың-ақ сұқаным сүймейді... — деп қызына түсті әңгімеші. Содан Қиқыматтың түрі, бойы, денесі, жүрісі, құлкісі — бәрі де жек-сұрындық белгісі ретінде жан-жақты бейнеленді. Ең сонында қайран менін досым Қиқымат дүниеге келгенине, жер басып жүргеніне жазықты болғанда, шарт кеттім:

— Қиқыматта не әкеңнің құны бар, ей? Әнеугүніғана бірге сыра ішіп, інірде жылап қоштасып едің ғой. Осыныңды қөзіне неге айтпайсың?

Әуелде анау сасып қалды. Бір кезде бүкіл ұятсыз қажырын жинап: «Сенің жұмысың қанша?» — деп ба-лагаттасын келіп. Менің сырымды білінкіремейтін еді, байғұс. Қасымыздылар лан туып келе жатқанын аңғара қойып, жым-жырттына қалған. Төңіректі енді не болар екен деген әуестік жайлағанын бүкіл денеммен сезіндім де, барлығын жиып-теріп, таразының сол жақ табағына тастап жіберіп, нар тәуекелмен жалғыз қалғанды хош көрдім...

Шартпа-шұрт салысып қалдық. Екі айналуға келтіргем жок. Әп-сэтте жидек жегендей болып шыға келді. Сол кезде Қиқыматым кіріп келсін.

— Тағы да бұлдіріп жұрсің бе? — деп келе маған дүрсे қоя берді.

— Әдеті ғой бұнын, — десіп жатыр біреулер.

— Сен-ақ осы... — деп ренішін шұбыртты Қиқыматым,

— Сен туралы мынау деп қойып еді, — деп біреу хабарлады.

— Эй, қойшы соны. Босқа арамтер болып. Пікір айтқаны үшін әркіммен жауласа берсең не болмақ? Дей берсін, сенің нең бар? Шырық бұзбасаң, ішкенің бойыңа сіңбей ме?

Қиқыматым қонқылдап, жер-жебіріме жетсін. Қасымыздарылар да оны қостап, қауқылдаса жөнелді. Күйіп кеттім. «Пікір» дейді фой... «Эй, атана нәлет, ақыры абыройсыз болғасын, біржола жалаңаш қалайын», — деп, Қиқымат досымның безерген бетінен айдал кеп жібердім. Столдың астына сырғанап кеткен ол тоқтағанша, есіктен бір-ақ аттым. Ақыры бітіретін іс қалған жоқ, бір топ мәліш мен сияқты көкжалмен төбелесіп жарытпасы кәміл.

Далаға шыққанымда кешкі самал бетімнен аялай сипады. Жарықтық табиғат бәрімізге бірдей фой. Өзіммен-өзім оңаша тұрып, әлемге көз салдым, ауыр ойға шомдым. Әлгілердің мені, асыл қаның соңғы тамшысын сырттай келістіріп жатқанына ішім удай ашыды. Сондай мәліштердің де ереккілі, ерміз деп атқа мініп жүргендеріне зығырданым қайнады. Менің жүрегімді көзір тұзымен ұрып жіберген Қиқымат көзіме елестегенде, қалш-қалш еттім. Кенет, батыр атам есіме туғсіп кетті де, бейуакта еніреп тұрып жыладым.

БӘКІ

Біздің бір жолдасымыздың анқаулығы арамызда аныз болып кетті. Қалбалактап, не нәрсеге болса да аузы анқиып, көсіз сене беретін. «Қайрат» «Спартакты» жиырма бес те бір фыл қиратып салды», — десен, бәркін аспанға атып, жуып жіберетін. «Кеше түнде Қара теніз құрғап қапты», — десен: «Апымай, биыл барғалы жүр едім, сұнина шомылып, жағасында аунап-

кунап жату бізге бүйірмаған екен», — деп уайым қылышы еді.

Аңқаулығына қарай: «Ашық ауыз Аңқабай», — деп келемежедеп жүрдік те, ақыры азан шақырып қойған атын сзып, Аңқабай атап кеттік. Зілсіз қалжыңға айналдырғаным болмаса, өз басым оны жақсы көретін-мін — қалай дегенмен, аңқаулық пен арамдық үялас бола алмайды фой.

Бір күні жігіттер жиналышп отыр едік, Аңқабай жапжаңа бәкісін көрсетіп мактанды.

— Бәкін бәкім-ақ екен, — деді Қиқымат бәкіні арыбері аударып-төңкеріп. Тырнағын сзып, жүзін тексерді: — Нағыздың өзі. Сый қонақ болып отырғанда бас мұжуге лайық. Эй, осы маған жарасады.

— Жо-жок, атама, — деп бәкісіне жабыса кетті Аңқабай. — Өзім Қапқазға қыдырып барған құдамнан қолқалап зорға алсам...

Қиқымат бәкінің бүйірмасын байқаған соң, тісін шұқылап сәл отырды да:

— Жарайды, жалбандамай қоя түршы. Көлденен қек аттының шаужайына оралатын мені кім деп ен? Менде де құда бар, керек болса, Қапқазға жіберіп, мен де алдырам. Өзіне құт болсын. Бірақ мұндай бәкіні құнын кетірмей, сәнімен ұсташа керек. Бәйбішене бүліштен қын жасатып ал. Дүйім жүрттың ортасында отырғанда, қалтаннан алып... былай... бабымен қынан суырсан, даражан артады.

Аңқабай елп ете қалды. Елдің бәріне тәлкек болып, төменшіктең жүруші еді, енді солардың бірінде жоқ бәкісі арқылы теңесіп қалатынына қуанышп кеткен сыйылды.

Екі күннен кейін біздің үйде тағы кездестік.

— Қиярыңды турамай әкелші, — деді менің әйекеме Аңқабай. Коқиланышп отыр.

Кияр да келді. Аңқабай жан қалтасынан қан қызыл бүлішін шығарды. Әдемілеп-ақ тіктірген екен. Бел-

бейі бар. Қиқымат тәсілмен, созып-жазып, баптануға тырысса да, асығып-аптығып, қолы дірілдеп кетті. Ақыры шық еткізіп ашып, женін түріп, «бісміллә» деп қијар турауға кіріскенде, Қиқыматтың көзі лайланып барайп орнына келді.

— Қынабың тәуір-ак екен,— деп күңк етті ақыры.— Бірак қияр турап бәкіні де қорламау керек кой. Осы сендерде қасиет қалмаған ба деп қорқамын.

Өзіне ғана тән машиғымен бәрімізге мат беріп алды да:

— Ал, енді, бәкінді бұдан да құлпыртамын десен, сабын ойып, алты жерден тас қондыр. Содан кейін шалқасынан түспегенді маған жібер.

Бір жұма өткен соң Аңқабай аңқытып келіп бізді тапты.

— Қалай? — дейді бәкісін жылтындағып. Баданадай тастары жарқ-жүрк етеді. Таң қалысып, жабыла мақтап жатыр едік, Қиқымат тағы бірденені қонырсытты.

— Эй, саған сенім жоқ. Жаңғалақтау едін, осы бәкін өзіне бүйірса жақсы болар еді.

Әжептәуір уайым қылып тұр. Аңқабай аузын ашты да қалды.

— Ойбай, Қака, енді... былай... байқаймыз ғой...

— Байқаймызың бәкі болмайды. Баяғыда дүкеннің бір басына бүмәжнегінді қалдырып, екінші басын арапап кететін анқаум сен емес пе едің? Тілімді алсан, былай ет. Мына шығыршығына күміс шынжыр тағып ал. Баяғының қалта сағатын білесің ғой, сол құсатып бір жеріне байлап алсан... үры алмайды, ішкен жерінде қалмайды. Шынжырын жарқыратып, түймене іліп койсан, дүшпан көз болады.

Аңқабай бәкі салған қалтасын сипай-сипай кеткен.

— Мынауым күшті болып кетті ғой,— деп бір күні жетіп келіп желпінді. Сала құлаш күміс шынжыр омырауында жалт-жұлт етеді.

— Мұндай дүниені жақсылап жумау обал. Қәне, шығарындар, — деп Қиқымат үш сом суырды.

Гүлдеп кеттік. Қаранғы түсіп, шам жанды.

— Экел, — деді Қиқымат. — Шам жарығында жылтырақ атаулының құтырып... тойыс, құлпырып кететіні бар.

Шынында да, бәкісі құбылып, ойнап тұр.

— Так, — деді Қиқымат көзін жұмып-ашып. — Мұндай бәкіні адам баласы ұстап көрмеген... — Мадан ханың гауһарын салмақтаپ тұрған Аяз биден бетер толқып, түсін мың құбылтты. — Бірақ дерті бар, бәкің ұзаққа бармайды.

— Неге? — деп шу ете қалдық. Анқабай ұшып кете жаздады.

— Сәбәбі... — Қиқыматтың көзі жарқ-жүрк етіп, жүгіріп жүр. — Сабы нашар. Бұл күні жүрт зергерліктің қадірін кетірген ғой. Зауытта зергерлікке орын жоқ. Эйтпесе, мынадай бәкіге осындей да сап жасай маекен?

— Несі бар, әп-әдемі сап қой.

— Әдемілік әл болмайды. Пласмассының жайы белгілі. Ұзамай қосып, темірінен ажырайды да қалады.

— Енді қайттім... Қақа-ау?

— Саспа, бала. Алдын алсаң түк те етпейді. Бұны тесіп алтын сыммен зерлеп, өріп тастауға да болар еді. Бірақ ол қыны.

— Е, мейлі. Бәкім үшін бәріне дайынмын. — Анқабай қызынды.

— Тоқта-тоқта. Тағы бір төте жолы бар. Май шыжырып, малып алсаң қатып кетеді.

— Еріп кетпей ме екен?

— Қиыстырасын-ау, Қака...

— Сендер білесіндер ме, мен білем бе? Осы талағын менің ақылымның арқасында айықтырғыштан аман құтылып едің, білгіш боп қапсындар ғой бүгін.

Бұнысы рас болғасын үнсіз қалдық.

— Анау-мынау емес, кәдімгі қазакы қойдың таза қүйрығын шыжғырғып, әбден күйген кезінде мала кою керек. Сонда пласмассысы тас болып қатып қалады. Қүйрық майдың қасиетін білмейсіндер фой, өңшең есірік.

— Құдалыққа барғанда бауырға қосып асағанға не жетсін!

Мұны айтқан жігіт күрсініп қойды. Қиқымат оған түқырта бір қарап, сөзін сабактады.

— Қарыннан басқаның қамын ойлаушы ма ең сен? Қүйрық дегенің әрі шипа, әрі зергерлер үшін таптырмайтын нәрсе, — деп, оның қасиеттерін шұбыртқанда, бәріміз де қүйрыкты жегенге мәз болып жүргенімізге үялып, үйге қайттық.

Ертеңіне түрі әлем-тапырық болып, алқынып Аңқабай жетті.

— Оу, не болды?

— Бәкім, бәкім... — дейді міңгірлеп.

— Жоғалтып тындың ба ақыры, — деп Қиқымат шүйлікті.

— Сенің айтканынды істеймін деп... Онбаған екенсін.

— Эй, әуелі сыра ішіп, салқындал ал. Соғын, тісіңін қанын жақпай, жөніне көш.

— Танертең тұра сала базарға тарттым. Таласып жүріп бір шалдан тұтас қүйрықты әрең алдым. Бағасы удай екен. Үйге әкелген соң түгел турап, шыжғырдым да, күие бергеніндегі бәкімді ішіне салып жібердім. Біраздан соң суырып алсам... Міне...

Кешегі көз тартатын сиқы жоқ, жалаң темір қалыпты. Жігіттер не күлерін, не күлмесін білмей булықты да қалды.

— Эй, — деді Қиқымат беті бұлк етпей. — Осы сенің бәкіне жаны ашыған мен емей кім? Өзіннен көр. Ит-ау, мен айтты екен деп далбақтай бересін бе? Берекесіздеу екенінді баяғыда білгем. Басында айттым

ғой, бұл бәкі саған емес, маған жарасады деп... Енді екеумізге де жоқ.

Жігіттер алқынған Аңқабайға басу айтып, аяғын күлкіге ұластырып, тәлкек қылды. Неге екенін білмеймін, мен күле алмадым.

ПОЭЗИЯНЫҢ ПАЙДАСЫ

— Откен жолы бажамның аулына бардым.

Киқымат бұл хикаясын бабымен бастады.

— Тегіннен-тегін қыдыратындаған бажам мен балдызымында қай бір сағынып, еметайым езілді дейсін, соғымның қамы да баяғы. Бажам бас бұғалтыр еді, колынан біраз нәрсе келетін. Бірақ бұл жолы: «Тексеріс көп, кәнтірөл күшті», — деп жасқаншақтарап отыр. Сендердің сыбағаларың дәп желкілдеткен бір жәшік чех сырасы мен бес бөтелке «Пшенишиңнімнен» де қайран болмай ішім удай ашыды. Деректірмен бұрын дәмдес болғанмын, бірақ қанша жұқалатсам да, жақауратып, жолатпады. Анысын андиын, ұңғыл-шұңғылын қазайын деген ниетпен бажамның үйінде бұк түсіп жатып алдым.

Ертесіне бажам әбігер болып жүр. Бақсам, ауданнан хабарлапты, астанадан бір беделді ақын келген екен, осы ауылға сокпақшы. Бастық түсте өз үйінде күттіп, кеш салығын.. салмағын бажама салған көрінеді. Бажам балдызыма камдануға бүйірып, құрметті коңакпен қыдыруға кетерінде маған жаутандап қарап еді, осы кеште тағы бір нар тәуекел жасауға бел буған мен: «Қорықпа, масыл болмаймын. Ауылдың ақымақтары... анқылдақтары ақынмен сейлесіп жарытушы ма едіндер. Мен мәдениетті астаналықпрын ғой, сендерге жөн-жоба үйретейін», — деп шалқайдым..

Кешкілік тобымен сау ете қалды. Мұнтаздай болып отырған мен манғаздау қарсы алдым. Ауылдың атка-

мінерлері домаланған біреудін асты-үстіне түсіп, өліп-өшіп барады. Ақын деген жарықтықтарды талай көріп жүрген өзім былқ еткен жоқпын...

Бірде тобымызбен сыраға барғанымыз есімде. Таңдай жібітіп, құрт тістеуге енді жараган кезімізде, Анқабай: «Ой, мына ақындар кайдан жүр?»— деп лып етіп ұша жөнелді. «Далада жатқан не қылған тегін ақын бұл». Қарасам... Дәретхана жакта шашы алба-жұлба, дударбас екеу тенселіп тұрған. Соларды ертіп келді. Бізге бәрібір, жапырласып таныса қалдық. Қоздері домбығып, еріндері жарылынқырап кеткен екен. «Әй, сірә, өленнен гөрі бастарынды қебірек жазасындар-ау», — деп ойладым ішімнен.

Біраз жерге барып қалсақ керек, жігіттер дуылдап, футбол жайын ары қазды, бері қазды, сөйтіп, «Кайраттың» жетпіс жетінші атасына жетіп қалған кезде үндеңей тұрған ақындардың біреуі түйеден түскендей дүңк етті:

— Осы мен ақынмын ба, жок па?

«Ақын емес те ақын болады екен-ау, ә?» Танданып, бетіне қарасам, көзі кілегейленіп кетіпті. «Жок» деген-нің жағасынан ала кеткелі тұр. Бәтшагар, бәле туып кетпесе не қылсын... айбар болатын қасымда сен де жоксын... Эжептәуір қауіптендім.

— Сен гениальный ақынсын!

Анау пошташының пәселкенін күйрығына мөр басқанындағы ғып сарт еткізді. Бірінші дударбас көзінә жас алып, бірер мүйнөт мөлип тұрды-тұрды да, бір кезде бас салып, бәрімізді жағалай сүйіп шыкты. Ерні көнектей неме екен, жарты бетімді алып кеткендей болды. Мол жаратылған тегін дүние еркіне... тоғыс, ерніне тиғесін аясын ба, армансыз сілекейлеп, айғызы-айғызымды шығарды. Сөйтті де: «Аға, сіз мені білесіз бе?» — деді. Өмірімде бірінші рет қөріп, атын жана естіп тұрсам да, пәлесіне қалып нем бар?

— Ыә, айналайын, көптен білемін. Тіпті өлендерің-

ді де жаттап жүремін. Сені білмейтін адам бар ма қа-
зір? — деп көпірте салдым. Дударбасым дұрдиіп: «Аға,
сен де мені сүйші», — деді қызылып. Топ алдында еру-
ліге-қарулы қылмасан үят... Ай, атаңа нәллеттің ұста-
ған жерін қараши.. амал жоқ, мен де ернімді тақай
бердім. Ырымын жасап, құтылмақ болғанмын, қайда-а!

Мойнынан тас қып құшактап, қатты да қалды.
«Аға, мені жақсы көресіз бе, жоқ па?» — деді қада-
лып. Өмірі біреуге: «Сені жек көремін», — деп ашып
айткан пенде емеспін ғой, өзің білесін. Өйтіп жау кө-
бейтетін жаңғалағың мен емес. «Иә». Тұншыға сыйыр-
ладым. Онысы аздай-ақ: «Міне, қарандар, ағам мені
қалай жақсы көреді», — деп жар салсын. Ақыры алты
рет «шолп» еткізіп, зорға құтылдым.

— Қазір мен өлең оқимын.

Жұлқынып, қынғыр-қынғыр етіп бірденелерді шұ-
балта жөнелді. Біз дабырлап, қолпаштаған болдык.

— Энеки — деді әлгі әлдекімге кіжініп.— Қөрер ме
еді, естір ме еді осыны! Тоқта-тоқта, менің ұлы ақын
екенімді дәл таныған сен де ұлы ақын боласың! — деп,
қасындағысына жабыса кетті. Содан екі дударбас құ-
шактасып алып ал жыласын. Жабыла жұбытып, зорға
айрып алдық. Есі кірді-ау деймін, екінші дударбас
тілге келді.

— Сіздер түсінесіздер ғой, ақын болғасын қын.
Ақын деген нәзік, ерекше ерке халық. Еркелете біл-
мейді ақындарды жұрт. Мойындармайды бізді. Талант-
ты көре алмайды, қызғанады. Ау, айтсандаршы аға-
йын аналарға!

«Аналары» кім екенін білмесем де, өзіме қарап ба-
қырайып тұрып алғасын, сыйылып кетуге тұра келді.

— Жарайды, айтайын.

— Міне дұрыс. Айтыңыздар. — Бірінші дударбас ра-
зы боп қалды. — Қүйдірді әйтпесе. Осы, соларға ере-
гіскенде, тап қазір кол ұстасып өле қалайық па, бә-
лем?

«Өрем қап!»— дедім мен ішімнен.

— Ойбай, тоқтандар! Сендер әлі елге, поэзияға көрексіндер. Тоқтандар. — Аңқабай аңқылдап арадан киілкіті.

— Жоқ, ерегіскенде... жібер... тұра машинаның астына түсеміз.

— Жігіттер, жігіттер, қойындаршы, өлмендерші! — Бейшара Аңқабай, ақ көңіл ғой байғұс, еңіреп жылап жіберді. — Ау, Кақа, қой денізші мыналарға.

Амал жоқ тағы араластым.

— Эй, бауырларым, бір ашуларыңды беріндер, біреулер қол шапалақтамағанға бола асыл өмірлерінді қиясындар ма? Қарапайым оқырман, мына біз мойындасақ болды емес пе? Сендердің бізге сырбаздықтарың қымбат.

— Міне, ел таныды, мойындады деген осы. — Бірінші дударбас қайта елірді. — Бұғін біздің күніміз, бұндаиды жумауға болмайды.

Қалталарын ары-бері актармалап, тыңдарын құрастыруға айналды. Маған жаутандап қарап қояды.

— Қөпке әуре болмай-ақ қойындар, сыра жетеді, — дейді көз жасы құрғап, енді адам болған Аңқабайым. «Атанның басы, — ішімнен күліп алдым, — саған сыра жеткемен, бұлардың тыны сыраға жетпейді». Екеүінің де көкейін қапысыз танып: «Ай, атана нәлет, тұғім кетпес, ақырына дейін сынап бағайын», — деген қорытындыға келдім.

— Ау, бұларың болмайды. Жумак бізден. Сендердегі керемет талантты ақын інілермен бірге болу құрметін әркімге жазбаған.

Қалтама қол салып, Аңқабайды «Вермутқа» жүгірттім.

— Аға, сіз ғажайып адамсыз. Нағыз ақынжанды, жомарт, серісіз. Егер өленді, ақынның жанын сіздей түсінсе ғой, анау пәленшеев, түгеншеев деген сыншы-

лар. Сіз құсап еркелетсе ғой бізді. Сіз... сіз-з-з, — деп, ышқына ұлып-ұлып алды.

Содан не керек, өз басымнан бұрын-соңды байқа-маған талай қасиеттер табылды. Осы күні не оңай, жомарт, сері атану оңай. Қатекеннен қымқырып қалған, пәтепкінің жолына қіған тенгелерден жұртқа көрсетіп тұрып, аямай шашып жіберіп едім, «бір тойған шала байлық» дейтін қызбастар қауқылдал, барлық иғі қасиетті маған үйіп-төгіп, «Қақалап» құлдық ұрды. Қөрдің бе, сен болсан «бетімнен сүйші» дегенде сүйкеп жіберіп, қүйрыктата қуар едін. Ал мен «Верму-тыммен» көл-көсір жаксы, ат жинап алдым. Ол екеуі ертең төртеуге айтады, сөйтіп, ақындардың арасында «сауатты кісі» деген дакпыртымыз, аздаған абыройымыз болады. Пікір таратада білу керек, бауырым.

Анқабайдан үйге келе жатып, жөн сұрасам, олармен өткенде сыраханада танысыпты — газетке суретімен шықкан өлендерін жуып, әркімге бір көрсетіп, діңгірлеп жүр екен. Сөздері түгілі, суреті де тасқа басылған тірі ақынды тұнғыш көрген Аңқабайым, әрине, аузын ашқан да қалған. Баксам, біреуі бірнеше кітабы бар, шатак... шатпақ шығарғыштың өзі де, екіншісі соның журфакта жеті жыл оқып, үшінші курсты жана тамамдаған пікірлес жолдасы әрі шәкірті екен. Солай, бұл ақын деген берекесіздерді бұрыннан суқаным сүймеуші еді, ішім сезеді екен сөйтсем. Ел аман, жұрт тоқтағы сиықтары анау, қайтіп оңсын. Солардың ұлылықтарынан, шатпақтарынан маған не пайда? Соңша несіне міндесіп, несіне жетісіп, ұлылыққа таласып та-науларын көтереді екен бейшараалар.

— Ондай-ондай басқаларда да болады, — дедім Қи-қыматты тыйып тастағым келіп. — Бір рет көзіне түс-кен екен, неге теріс қарайсын? Қөнілдері шалқып, лепіріп кеткен шығар...

— Койши соларды. — Қиқымат қолын бір сілтеп. сөзін соза берді. — Шетінен мәжнүн, дүңгәнә, данғой

бұлар. Бәрі де бір адырдың аны ғой, бажам үйінде қонақта болған ақынныма да солай қарадым. Бақсам, бұнысы әжептәуір адам екен. Беделі де біраз бар сиякты. Елірмей, сімірмей, сыздықтатып қана сызылып отыр. Сөздің майын тамызып, әдемілеп-ақ сөйлейді. Ал қасымыздағылар... Тонмойындау, доғал біреулер болады ғой. Мына ауылдың атқамінерлері тап сондай екен. Сызу мен қызудан қайтып, мықтағандары бір-екі мақалмен тынып, мыңқып отыр. Өзің білесің ғой, мен аздал бірденелерді шолып жүремін. Солардың айтқанына ілесейін, дүниені түсінейін деп миымды ауыртаймын, әрине. Аздаған ақылым да жетеді. Бірақ, біреулермен араласа қалғанда, мәслихатқа жарамаған жаман. Интеллигент атымыз бар, «сауатсыз екен» деп ешкімнің кемсітпегені абзал. Сондықтан, жазғыштардың кең тараған терміндерін біліп алғанға не жетсін. Мысалы, «уақыт тынысы», «замандастарымыздың күрделі жан-дүниесі», «терен ойлы, кең қарымды», «дәүірге лайық», «жоғары деңгей», «бейнелі, күрделі шығарма», тағы басқа пәлен-пәштүген кезекші сөздер кәдеге жарай береді. Эбден жалаңса да, өзіне арнап айтсан, еріп жүре бермейтін есер жоқ. Қысқасы, соларымды тұздықтап, дәмдеп көсіліп-көсіліп алып едім, бәрінің беті бері қарады. Шөпшектің мен жақ шеті кеуіп тұрганын андай койып, енді жақсылап тұрып бір от тастап жіберуді ойластыра бастадым.

Байқасам, ақын болған да жаман емес сиякты. Қетелөгі істейтін кісіге, — Қиқымат сүқ қолымен кенірдегін киды, — былай жүріп-тұруға, ішіп-жеуге болады екен. Өйткені, жүрттyn көбі елліпдей, бірге суретке туспіп, «тарихта қаламыз» деп гуілдейді. Миымды қажаған мәселенің кілтін лезде таптым. Қалайда дәл қазір ақынның он қолы бола қалуым керек, сосын бітіп жатыр.

Содан, мактаған кезімде мас ақындарымның қалай қуанғаны есіме түсті де, басыма гениальный ой келді.

«Осылар шетінен мақтан сүйгіш, есер еді ғой. Мен сеңі бір мақтап көрейін». Бағанадан бергі сөйлегендер: «Атақтысыз, өләндеріңіз көпке мәлім», — дегеннен аса алмай, жеңілден қайткан. Ақыным алғыс айтқанмен, қыбы қанбай, місе тұтпай отырғанын, әрине, ол тоңмойындар қайдан білсін.

Бір реті келгенде бажамды оңашалап жіберіп, өтініш жасадым.

— Эй, мына кісінің кітабы бар ма сенде?

— Бұрын жоқ еді. Жана кітабына қолтаңба жазып берген. Міне, карашы, қалай?

Бажам бөсе жөнелді. «Бауырым бәленшеке!» Осылай бастапты да, бажамды бала күнінен білетіндей-ак, ой бір есіпті. Керек адам ғой, бажамның көңілін қалдырығым келмей: «Дұрыс, бауырың құтты болсын», — деп құттықтап құтылдым. Оңаша қалғасын, кітапты ашып жіберіп, ең субелісі-ау деген екі шумак өленді сегіз қайтара оқып, жаттап алдым да, отыра қалдым.

Күткенімдей-ак, маған да сөз берілді. Ақынымы Алатаяға бір теңеп алып, соны айналып-айналып келіп:

— Аға, біз қарапайым еңбек адамымыз, көп нәрсені біле бермейміз, әрине. Көп оқуға қолымыз да тимейді. Бірақ мен сияқты еңбекші інілеріңіз сіздің поэзияңызды, сізді сүйетініне мен кепіл, — деп бір қол шапалақтаттым. Керек жерінде менің қалай мақамдайтынымды өзің білесін. Сосын толқыған болып, саусақтарымды дірілдеттім, бірақ табиғи дауыспен: — Ал, ағайын, өлеңнен күдіретті, одан үлкен өнер жоқ. Сол өлең үшін алайық! Мен сөзімді біздің бір ел мойындаған ұлы ақынымыздың, аты ойыма түсіңкіремей тұр, өмір мен өлең жайлы жазылған мына бір жырымен аяқтамы келеді! — деп жаңағы жаттағанымды періп кеп жібердім. Ел ду ете қалғанда, ақыным орнынан ұшып кете жаздады.

— Сол... — Даусы дірілдеп, еріндері құрғап кетті. — Сол... ақын мен ғой!

«Ұлы» деген сөз көмейінде тұншыққанын анғару үшін, әрине, мен болу керек.

— Айналайын, Қиқыматжан, мың да бір рақмет!

Мені мақтап, біраз жерге апарып салды. Қоярда-қоймай қасына шақырып, төрге отырғызды. Қиқымат болып босағада қағажу көріп отыр едім, әп-сэтте «Қа-қан» болып, қақ төрде қасқайдым. Бастықтардан бас-тап, бажама дейін бәйек болып жатыр.

Ақыным мен үшін және мендей адаммен бажа болған бас бұғалтыр үшін бір тос көтерді.

— Қиқыматжан секілді көкірек көзі ашық жандарды, ел басқарып жүрген азаматсындар гой, қолдау көрек, — деді бастықтарға қарап. Бұл сөзімен қолыма көзір тұзын ұстатқанын шалқыш отырып, өзі де байқаған жоқ. Бүйірса, Алматыға келгенінде деректірді мына ақынмен бірге үйге шақырып жіберсем, бірталай жыл соғым қамымен жүгірмейтін болармын. Бажам да бүгежектеп, бұрынғыдан бетер асты-устіме түседі. Бұл ауылдың тізгіні енді біздін қолда...»

Әлгі тосымнан кейінгі әнтрәктіде ақынны мені қол-тықтап, әрлі-берлі жүрді. Мен де қапы қалмай, бағып тұрмын — ауылдың атка мінуге жарагандары бізге қарап қапты. «Дәл қазір бәрің де Қиқымат болмағандарыңа өкініп тұрсындар-ау», — деп күлдім ішімнен.

— Айналайын, Қиқымат, сен сауатты азамат екен-сің гой. Өздеріндей жігіттердің көп болғаны абзал. Иә, айтпақшы, біздің бір ақын ініміз — атын айтты — сен туралы: «Поэзияның білгірі, ақындарды хан көтеретін серінің нақ өзі», — деп жақсы пікір айтқаны енді есіме түсті. Бәсе, атың таныс көрініп еді.

Мениң көз алдыма тәлтіректеген дударбастар елестеді, салтақ беттің дәмі келді аузыма. Тыжырынғанымды байқатпай түкіріп таstadtым да, ілтипат білдірдім.

— А-а, кім бе, ой, ол ағып тұрған ақын гой. Өзі бір ибалы, мәдениетті жігіт.

— Дұрыс, айналайын, ақындарды сыйлаған адам нағыз азамат, — деп арқамнан қақты. — Өзінде жақсы жігіттерді ұмытпаймыз, жақсы жерлерде, топ ішінде айта жүреміз....

...Темірді қызған кезінде соқпасам, Қиқымат боламын ба, қонақтар тарқарда деректірді шығарып салып тұрып, тағы бір дөңгелетіп көріп едім, домаланып түсті. Жасының үлкендігіне қарамай, кішірейе қалыпты. «Қайран, Қақа, отырыстың шырайын кіргіздіңіз ғой. Сіздің бұндай екенінізді, кім білген?! Ертең әмір қыламыз, бір жылқыны қимай не қара басыпты? Қазына нарқы су тегінмен бір», — деп қарқ-қарқ құлді...

Есік алдында бажам буына пісіп тұр екен.

— Біздің үйдің, менің беделімді бір өсіріп тастадын. Сендей бажам барда ауылдың қай баласы маған иіліп сәлем бермес екен, бәлем. Рақмет саған. Соғым болмағанымен, сорпаңа жарап, байлаған құнан қойды сойып ала кет ертең...

Бұл сөзі құлағыма жағып кеткесін, мен де ынғайына жығылып, бажамның бетін аймалап шықтым. Со лай, бауырым, поэзияның пайдасын көрдім, сөйтіп. Бұл өлең дегенің ебін тапқан кісіге сауын сиыр екен ғой. He, he, he...

ЖАНСЫЗ

— Иә, жана бастық қалай? — деді Қиқымат хал-жағдай сұрасқаннан кейін.

— Ой, бастығы бар болсын...

— Е, не болып қалды, батыр? Тағы да жүздетіп ба-рып па едің?

— Құлқыннан қайтпасан Қиқымат боласың ба сен? Адам күйіп тұрса...

Қиқымат қалтасынан қымбат темекісін шығарды.

— Жай айтқаным ғой. Кел, асықпай шылым тар-тып ал, пербінді басады.

Бұрқыраттық келіп. Бұлығып мен отырмын, құмығып Қиқымат түр.

— Дәу де болса, батырлығың ұстап кетіп, бағына қоймағансың ғой, — деді бір кезде.

— Бағынбағаным рас. — Мен серпілдім. — Бастық-пыны деп басынбай, жөнімен жұмсау керек қой адамды.

— Бастықтың жұмсағаны жөнсіз болмайды өмірі. — Қиқымат қиқылдаш күліп алды. — Айтты, бітті — заң. Неше батыр болсан да бағынбағанда қайда барасын?

— Жұмыс бабымен болса амал жоқ, әрине. Бірақ жұмсағыштың жүгіріндісі бола алман! Тында, енде-шес.. Жана бастық бір күні мені шақыртты. Арсалан-даш жетіп барсам, абажадай столда дөңкіп отыр екен, обалы керек, сәлемімді түзу алды. «Төрлет», — деп майлыш алақанын кең жайғанда, жұмсақ креслоға күмпете қалыптын. Басекен жылы-жылы сөйлеп, іші-бауырыма кіріп барады. Көнілім еріп, бұылтық-буылтық бетіне дейін бұлтиып, көзіме сүйкімді көрінді.

— Иә, естіп жатырмын, бұрынғы ағаңмен онша болмаған көрінесін. — Онымен қырбай екенімді қайдан біліп қойғанына таңданып үлгергенімше: — Эрине, оған сен кінәлі емессін, — деп түзеп қойды. — Әділет үшін айтысқандарды ұната бермейді қазір. Сенің турашылдығың, адалдығың жағады маған. Бірақ мандайды тасқа ұрып алмай, абылап, ақылмен істеу керек, батыр-екесі. Сен болсан, бұрынғыны жиналыста сойып салыпсын. Жалтару, айналып өту — қорқақтық емес, оны қазіргі тілде әдіс дейді. Міне, саған осы жетпейді.

Басекен темекі тұтатты да, қайтадан күніренді.

— Анау «досыннан» «жақсы мұра» қалған жоқ. Аядай кәлектіп алтыбақан алауыз. Пыш-пыш сөз, до-малақ арыз. Бір-бірін мұқатуға, аяғынан алуға, өсіруге емес, өшіруге даяр. Қызметті қантарып тастап, бұрыш-бұрышта екеу-екеу күнкіл. Ол аз болғандай бастықтарды, тіпті мына м-е-н-і анекdot қылады, қарсы пікір таратады, топ құрады. Бұған төзуге бола ма, ә?

— Еш болмайды, басеке. Тыйым салу керек.

— Міне, екеуміздің ойымыз бір жерден шыкты. Бері қара. Шырағым, өзің білесің, жұмыс басты адамын. Жалпы жұмыс уыста болғанмен, олардың әр қайсысының не ойлап, не деп жүргенін бағып отыра алмаймын ғой. Сондықтан екеуміз бірлессек қайтеді? Соларды сен өз қолыңа алсаң?

Басекең тершіп, бет орамалымен жүзін сипады. Семіз көздері шарасына сыймай, сыздап барады.

— Енді... Мен өзім өсек-аяң, құлық-сұмдықты жек көремін. Ондаймен айналысатындардың өз обалы өзіне. Ресми жағын реттесеніз, аузына ие бола алмай, ауа жайылғандарды мыштай ғып берейін.

Жұдырығым... менің жұдырығымның көлемін өзің жақсы білесің ғой... басекеңнің столын жаншып барайп, абырой болғанда дыбыссыз тоқтады. Көз майы тартылды ма, әлде шарасы үлкейді ме, әйтеүір оның жанары жүдеп, шүнірейді де қалды.— Өзім де сенің әділетсіздікке төзбейтініңді дәл таныған екенмін,— деді есін жиып.— Бірақ бұл әдісің жарамайды. Біздің міндетіміз тиісті қызметке жауап беру ғана емес, қарамағымыздағы адамдарды тәрбиелеу. Ол үшін әркімнің бойындағы кеселді дәл табуымыз қажет. Жамандықпен күрестің әдісі сан алуан. Оның қай түрі болса да дұрыс — өйткені әділет үшін. Сондықтан сен ешкімге соқтықпай-ақ, жиналыста ешкімді сойып салмай-ақ, көрген-білгенінді акырын ғана маған сыйырлай салсан, дерптің алдын алып, ем-дом қолданамыз ғой.— Басекең демігіп, түрі тарғылданып кетті.— Сен мені дұрыс түсін, шырағым. Бұл анау-мынау емес, әділет үшін күрестің ең мықты әдісі.

Бұндайды адам баласынан естіп-көрмеген және күтпеген мен сасып қалдым. Онымды өзінше жорыған басекең қайта күшейді.

— Алмақтың да салмағы бар, енбек ет те міндет ет деген. Елеусіз қалдырмаймыз. Осы, ана местком жігі-

тің сырдан... — деп сөз аяғын жұтып қойды. Есіктен орынбасар кіріп келе жатыр екен.

— Ал жақсы, іске сәт.

Басекен біткен шаруадай бүйіра сөйледі. Қысыл-таянда не болғанын әлі жөндеп ұға алмай, орынбасардың көзінше ештеңе дей алмай шыға жөнелдім.

Шыға сала басыма сақ ете қалды. «Менің онда алты аласы, бес бересім жок, бәрі де әділет үшін», — деп кенірдек керу арызқой атаулының желеуі екенін білетінмін. Әлгі мес қарын мені қәдімгі колжаулығы, тынышсызың маңындағы қылмақшы. Қап, бәлем!

Қалышылда, терге малшындым. Өзің білесің, өмірі ешкімге сатылып, ешкімді сатып көрген емеспін. Орынбасар шыға бере, ентелеп кіріп барғанымда, басекен шошып кетті. Танауым желп ете қалғаннан кейін шаруа қын екені саған аян.

— Шырағым! — Баса-көктеп, қаһарланып айттым.— Мені шешем өсекші болсын деп туған жок!

Басекен күп-ку болды. Айдың, күннің аманында зілденіп, креслоны ойып жіберердей боп сыздап отыратын үйме-жүйме дәу қара желпілдеп, ұшып кете жаздағанда, мұсәпір көрінеді екен.

— Ау, не болды? Сен мені дұрыс түсінбей қалыпсын фой...

Қырылда, қылғынды-ай келіп. «Қарасайлап» жібере жаздал: «Кой, құрысын, жүрегі жаман болса, ұстап қалып, пәлеге ұшырарамын», — деп зорға токтадым. Қілт бұрылып жүре бергенімде, алды-артыма шығып, шалғайыма оралды.

— Ау, айналайын... бауырым... батырым... сабыр кылшы. Түсініспей қалдык...

Бар салмақ-абыройынан айрылып, елпен қакты. Пышылда, бет-аузы суланып, жіберер емес. Тіпті, қарымнан ұстап алып, сілкілеп сөйлейді. «Әй, атана нәлт, айдал кеп жіберсем бс екен?» Бір тентек ой келе

қалсын. «Мына жерден персем, калай түсер едің?» Көзбен өлшеп алды да, баяғыда тұмсығына бір салғанымнан Тасқараның торпағы талып қалғаны есіме түсіп: «Кой, жөнеп кетіп жүрер», — деп, өзімді-өзім бастым. Жалпы, үрттамасам үстамды, көтерілі жігіттін ғой.

— Ақсақал, тыныштықпен тарқай қояйық!

Колын серпіп тастан шыға жөнелдім.

— Е, сосын? — Қиқымат сүліктей қадалды.

— Дәнене де болған жок. Мес қарынның жактырмайтының, анысын андып жүргенін жүзінен танимын, бірақ көрген жерде қол кусырмaganымен, қауқалақтап-ақ қалады, байғұс... Шаруама мыкты болсам, не істейді ол маған? Бастыққа жағынбағаны үшін жұмыстан күйлсЫн деген заң жок.

— Е-е, пәлен жыл өшіретте тұрсан да, өткенде үйінді кеніте алмай қалғаныңың себебін енді таптым. — Қиқымат көз бояу қып, күрсінген болды.

— Мейлі.. Өз үйім күт болсын. Арымды сатып алған үйде қайтіп тұрамын? Батырлығыма танба ғой.

— Батырлығың бес бөлмелі үй болмайды. Мынаған күлак сал: әлгіндей ақымақтықпен... тойыс, ақ көңілділікпен ұзакқа шаба алмайсын.

— Эй, Қиқымат, тағы да бірденені бастағалы тұрысын ба?

Қиқымат қиқылдалп күліп алды.

— Жарайды, айтайын. Ағаның ақылына әлі ден коймай келесін ғой, сауатынды ашайын, бала.

Басекемнің бағыныштыларын калай бұқтырып ұстаудың кілтін таба алмай жүргенін байқайтынмын. Анысын андып, сан түрлі жолдарын қарастырып, қайтсем қыбын қандырамын деп жүдеп жүргенімде, өзі шашырып алды. Бұрыннан сәлемі тұзу, бір-екі ауыз қалжыны да бар еді. Бұл жолы да:

— Қарағым, Қиқымет кан таратуға қалайсын? — деді ойын-шынды. Қайда соғарын тап баспасам да,

жобасын жорамалдай койдым да, әзілдеген болдым. Есінде болсын, әзілмен майлап кеп жіберсен, сөзің сырдай сініп, сынаттай сырғиды.

— Сізбен бірге қанды да, шерді де таркатуға күмармын.

Басекем өп-өтірік кенкілдеп, аркамнан қакты да, қолқа салды.

— Шырағым, өзінді тонымның ішкі бауындаі көріп жүрген сон... Былай болып тұр. Ана дашымды жәндетіп... Бітіп қалды, соның бір ұсақ-түйек жұмыстары кол байлау болып тұрғаны. Әлгі жалдаған жолы болғырларым ондай-ондайларға қарай бермейді екен. Басы-касында өзің болмаған сон сол. Соны сенбі күні женген екеуміз еттеп... соған қолғабыс етсөн, айналадын. Басқаға айтпай отырмын, айтсаң істейді ғой, бірақ іштей не ойлайтынын, ертең не дейтінін кім білсін. Сенің жәнін бөлек...

«Кан таратудан» қандай пайда табатынды қырық секөнтте есептеп шығардым да, қарсы қолқа салдым.

— Аға, — дедім үздігіп. — Өзімсініп айтқанынызға куанып отырмын. Мен келінінізді де ерте барайын.

— Жо-жоқ, келінді әуре қылма.

— Сіздей ағалардың шаруасына жараса — келінініз үшін зор бақыт. Сосын өтінішім бар. Бір жаксы демалыс болсын, тауға күнде шығып жатқан жокпыз ғой, жұмыс біткесін біздін дашыға барып көніл көтерейік. Шопырынызды да әуре қылмай-ак қойыныз — сырт көздін керегі не? Машина табамын, бәрін реттеймін. Сенбі күні сағат сегізде өзім келіп, алып кете мін.

— Ой, ештенеге әуре болмай-ак қой. Женгенмен акылдасайын, ретіне қарай көрерміз.

Күнын кетіргісі келмей, онша рай бермеді.. Бірақ ішіне жағып кеткенін жүқалан жұмысынан андай койдым...

Содан ағаң іске кіріседі ғой. Өзім жұмыска тұрғызған ауылдас бір інішек бар еді, шопыр. Соны тауып алды да, сенбі, жексенбіге «Волгасымен» шығуын өтіндім.

— Ойбай, аға, бастық босатпайды ғой, әйтпесе... — деп қопаңдастын әлгім.

Бағанадан үнсіз тындал отырған мен Қиқыматтың сөзін бөлдім:

— Эй, өзіміздің інілеріміз болса, әмірімізді екі етпес еді!

— Жарлығың жағдайдан мықты емес. Айтқанынды істей алуы үшін адамға жағдай жасау керек — бұл менің қола қағидам. — Қиқымат сөзін сабактады. — Саспа, бала. Аулыннан тілігірем алдырамын — үрейін ұшып кетпесін. «Атан қатты жатыр», — деген қағаз келіп тұрса, машинаңмен бірге қайтіп жібермес екен?!

— Менін атам былтыр қайтыс болған...

— Эй, сен де бір... Қазакта не көп, ата көп. Ауылдың кез келген қара шалы сенің атаң емес пе? Өзің не деген безбүйрек баласын?

— Аға, мен әншайін... әйтпесе, сіздің айтқаныңыз маған зан.

Занышылымды зандандырып алып, ауылдағы поштага ызбаннадым. Бастығы келген сайын қонақ үйге люкске орналастырушы едім, Қиқымат басыммен өзім хабарласқаныма бөркі қазандай болды да қалды. Тілігірәмді тас кылып, енді тағы бір ауылдағы атқамінердің бірін төсегінен тұрғызыды. Баяғыда шетел гарнитурін тауып беріп едім, содан бері мен дегенде колкасын суырып беруге бар. Үйтілген койды жұма күні жеткізуін өтірік өтіне салып едім, елпілдеп кетті. Коймаға бас сұқтым да, құстың сүтінен басқаны басып алып шықтым. Әйелім екі бастан майман қакты.

Балаларлың екі күндік азығын әзірлең, сырттарынан күлыптап кеттік. Кетерде қынқылдай бастап еді:

— Қаран калғырлар, екі күн күрғақ тамак жесең-

дер қырылмайсындар. Адам бір делабой әңгімеге бара жатса, — деп қатекем тыбып тастанды. Есікті сырттан құлыптаі бергенімде, тұңғышым тілек білдірді: «Папа, мама, бізге алаң болмай, шаруаларынызды бітіріңіздер. Жолдарыңыз болсын», «Баланы жастан деген, мәләдес, қатеке», — деп арқасынан қақтым.

Сағат сегізде қара «Волганы» басекенің үйінің алдына көлденең тартып, тап-түйнақтай дайын ағаң қойқандап түсе қалды ғой. Олар да әзір екен, зулап кеттік.

Бастықшамыз... бастықтың бәйбішесі толықша келген, ажарлы кісі екен. Тым еркін, өктемдігі бірден байқалады. Байының бағыныштыларын түгел төмен санайтын болу керек, маған жоғарыдан түйдек-түйдек сөз тастанды. Басекем де жұмыстағыдай емес, жұмсақып, екі сөз айтса, бірін бәйбішесіне бағыштап, жалтақтап отыр. «Бір қатыныңды билей алмай жүріп, ел басқарған ненди алған?» — деп күйіндім. Бірақ жек көрсөң де не қыларың бар, «күнім үшін әлди» баяғы. Женгеміздің ық жағына шығып алып, қалай жапырса, солай жығыла бердік.

Білгенімдей, дашысы дөйдің өзі болып шықты. Жұмыс деп дабырайтып жүргені бір бусанудан аспайды, ақ саусақ болып қалған немеге қарасы қою көрінген ғой. Шопыр інішегіміз екеуміз шешініп тастанап, кіріспін кеткенде, жапырып жібердік. Эке-шешемнің де жұмысын бұлай істеп көрген емеспін. Басекем әп-сэтте пысынап, барлығып, болдырды да қалды.

— Қиқымат, айналайын, абайлап істе, — деді алқынып. — Ертең денен қөтертпей қалады.

— О не дегеніңіз. Қайта тер шығып, рақаттанып қалдым, — деп қарқынды үдете түстім. Тұс болмай қатырып тастанап, ішке кірсек, женгеміз қыз кезіндегі хикаяларын аяқтап, бастықтың әйелі бола білу бақыты хакында толғап, рақаттана терлеп отыр екен. Биліктің түбі бастықта емес, бастықшада екенін басында

Байқаған мен сол кісіні қаректауға бекініп, қатекеме де қабағыммен ұқтырып қойғанмын. Сол тапсырма бойынша оның дашиның ішін жинастыра жүріп, жеңгемізге көпшікті көпірте қойып жүргенін құлағым шалып калды.

Женгей қоржының актарып, тез-тез стол жасатты.

— Шіркін, салқын сыра болар ма еді?

Бастығым бастықшасына армандай қарап еді, анау қаперіне іле қоймады.

— Өзіміздің балалар деген соң ештеңе қамдамал едім...

Екі жәшік чех сырасы бар мен маңғазданып, інішегіме иек қақтым.

Шөл басканның кейін женгей бір бөтелке шығарды. Қедімгі дүкенде толып тұрған «Экстра». Оның да сұңғақ бойлы сәндісін таба алмағандай, мыртық мойын домаланғанын әкеліпті. Баяғыда біздің бір ағайыны-мыздың әйелі: «Менің төркіндерім келгенде дұрыстап сыйламадың», — деп, күйеуімен бір жыл төбелескен. Сондағы таққан кінәсі: «Оларға неге қысқа мойын «Экстра» қоясың?» Ағайын аты бар, ақыры сол құдаларымды қайта шақыртып, бір жәшік «Пшенишниімді» апарып, татуластырып жібергенмін. Сол ойыма туғызған: «Иттің қорлығын-ай», — дедім де (әрине, ішімнен):

— Шіркін, «Экстра» бұл күнде көзден бүлбүл үшты фой, — деп тамсана салдым. Басекем көрсеткен кызметімізге жүрдім-бардымдау, жеңіл-желпі рақмет айтты.

Содан біздің дашиға тарттық. Келе сала, шопыр інішегіме шашлық әзірлеттім. Столды түрлі дәмге, конъяк пен «Пшенишниге» толтырдым. Байқап отырмын, қадірлі қонақтарым қолп етіп құлап түсті.

— Аға, жеңеше, — дедім, даусыма діріл араластырып. — Сіздерді сыйлап, дәм беру көптен бергі арманымыз еді, соның сәті бүгін түсті. Өздерінізде арқа

тұтып, сіздер бар деп мақтанамыз. Өзімсініл, бауырла-рыңызға тартқандарыңыз біз үшін зор бақыт. Сіздердің қызметтерінізге жарап жатсақ, соған қуанамыз. Рас, дашиға емес, үйге шақыратын жөніміз бар еді, бірак, үйіміз тарлау, сіздердей сый-қонақтарға лайық емес,— деп, көкейтесті сөзімді елеусіздеу ғана сіңіріп жібердім.— Сосын мына таудың таза ауасын қолайлы көрдім.

Не керек, толғай-толғай тост көтеріп, бастығым мен бастықшамның денсаулығы, бақты мен бала-шағасынан бастап, мойнындағы моншағы мен алтын тістері үшін де іштім. Біразға барып алған соң, салқындауға сыртқа шықтық. Шығып бара жатып, бір қалтарыста: «Орынбасарды әйелімен қосып жамандай берсен, жаңылмайсың», — деп үйреттім қатекеме. Қонақтарымның қабағынан, емеуріндерінен екі үйдің дүрдараз, бақталас екенін андай қойғанмын...

Оңаша шығып, ары-бері жүргесін, басекем керіліп, еркін сейледі.

— Шіркін, өмір деген өстіп рақатпен өте береді-ау. Тұра түрмайды ғой бір жерде...

Ол мұная әндettі. Қосыла күніреніп қоя бердім. Біраздан соң беті бері қарап, қыз-қырқын туралы жеппілдетіп еді, мен тау жаңғырттым.

— Тұ-у, Қиқыматжан-ай, адамның көңілін тап басып, ерітіп жібердің ғой. — Арқамнан қакты. — Еркекше әнгімелесейікші бір. Мына дашиң кей-кейде келіп, жеңген мен келіннің орнына басқа біреулермен әрине, көңіл көтеруге қолайлы екен.

— Соны өзім айтуға үялып келе жатыр едім...

— Біздің даши ылғи дөйлердің арасында. Бірін-бірі бағып отырған жұрт, көзге түсіп қаласын. Сендердің қалтарыста, әрі елеусіз. Кейде бір серілік кұрайын десен, баратын жер таппай қиналасын.

— Оған біз дайын ғой, аға. Ұйымдастырайын ол

жағын. Тіпті оңаша келсөніз, бір кілт үнемі өзім ғана білетін жерде тұрады.

Күпия қуысты көрсеткен соң:

— Жүрініз, аға, — дедім қолтықтап. — Оңашада ерлерше бірер жұз грамм...

Машинаға келіп отырдық. Інішегім қызмет қып, зырлап жүр.

— Айналайын, өзің бір ибалы бала екенсін. Тұбі, өзіме аламын сени.

Басекем оны да жарылқап тастады.

— Үйіміз тарлау дедің бе? Есте болсыншы, бірер ай күте тұр. Тәртібіце қарай көрерміз.

Сөзін сағыздай созғаннан соң-ақ, жем тастап отырғанын түсініп, қабуға ыңғайладым.

— Қиқыматжан, аға сыйлайтын, ағаға адал болатын інім екенсін. Көптен қөкейімде жүрген сыр еді. Мына қәлектіп дегенді басқару оңай емес. Оның ішінде бізге жақын да бар, жат та бар. Ниеті ақ-қарасы және бар. Жұмысқа берілгендей, меніңше, бастығына берілгендей болу керек. Ал бізде олай бола бермейді. Кімнің ішінде не жатқанын қайдам? Аラласып жүрсің ғой, әйтеуір, осы жағын былай байқап, зердене тоқи жүрсөн. Сосын реті келгенде өзіме сыр шертсөн болды. Қисық кетіп бара жатқандарды түзейік, ақ пейілдерді арқасынан қағайық. Бұны екеуімізден басқа жан баласы білмесін. Қалай?

Бұл ұсыныстың өзіме қанша күш-қуат беретінін мен әп-сәтте үқтym.

— Мінекейініз.

Қаранғы түнде сарт-сұрт қол алыстық. Содан кейін өз көніліме жақындарды жүқалап мақтап қойдым да, көлденең келіп жүргендер туралы басекемнің көніліне күмән үялаттым. Орынбасар алдымен кетті, әрине.

— Шөлмектестеріне құдай берген екен, — деп ке-кеттім Қиқыматты мен.

— Немене, біреумен бірге іштім екен деп жанашыр

бала қалатындаі соншалықты арзан ба едім? Бірге ішу бірігу емес. Олар маған бөтелке бөлісу үшін, көңілің шалқып отырғанда ойнап-күлу үшін, әркім жайлы ақпар алу үшін, бейшаралықтарына қарап отырып, өзімнің күш-куатымды сезіну үшін қажет.

— Жә, оларды қойши. Жалпы, мынауың сатқындық қой. Ар-ұят кайда?

Көріме міне бастап едім, Қиқымат қиқылдана күлді.

— Ар-ұят ақшаға айналып, калтаға түсіп жатса, абырой болып, билік әкелсе ғана ар-ұят. Аузымдағыдан айырса, ар болмай ары кетсін. Сосын, сатқындық емес, өз бойындағы қабілетті көзін тауып жұмсау. Эрине, естігенімнің бәрін айтып баратын түбі тесік емес пін. Өзіме пайдасы тиетінін ғана іске қосамын. «Қака, Қака» деп сыйлайтындардың кемшілігін жасыра саламын. Ал қажет болса, бейкүнә сөздің өзіне басқаша рен беремін. Өтірік айтсам да бәрібір, басекем бас изеуден танбайды. Бір-екі қырт бар еді, қанғып кетті. Қазір кәлектіп тыныш, бәрі де аяғының ұшынан басады. Басекем де разы, оның оң қолы екенімді білгесін, жұрт та мені хан көтереді. Өзім би, өзім кожа — жусатып өргіземін. Жылы-жұмсақ алдымен маған тиеді. Жә, оны қойши, дашиға кайта оралайық. Ішке кірсек, женгеміздін жағасы жайлауда, мәз. Кей сөздерінен орынбасарды әйелімен коса мұжіп койғандарын байқап, қатекеме разы болдым. Содан әбден сыйлап, ертесіне бас жазып, аттанғалы отырғанда, басекемнің қолына жапон сағатын, бәйбішесіне алтын сақина тақтық.

— Ой, бұларын не?

Екеуі де азарда-безер болғансып еді:

— Аға, женеше, сіздерге ат мінгізіп, шапан жабу жол еді. Аз да болса кабыл алып, біздің көзіміздей көріп, игіліктерінізге ұстаныздар. Қөнілімізді жықпаңыздаршы, — деп суланған сабындаі лыпылдан-лы-

пылдап кетіп едім, басекем кенк-кенк құліп, батасын берді. Бастықша жастықша жұмсарып жұмарланды да қалды...

— Сендердей жақсы бауырлар үшін, сендердің жана, кен үйлерінде тойлау үшін,— деп тост көтерді.

Үйге келгесін: «Бәйбіше, бес бөлмелі үйдің кілті қалтамда дей бер», — дедім. Қатекем бетімнен сүйді.

— Шәрігің істейді ғой, жаным. Бір бөлмесін женски қыламын.

— Не қылсан да мейлің. Мен бір бөлмесіне бильярд орнатамын.

— Сосын түнімен тықылдатып, үйқымды бұзбаксын ғой.

— Жоға, жаным. Сый-қонақтармен болмаса, жөпшенділермен жетіден тоғызыға дейін ғана ғой, — деп жұбаттым.

— Содан ұзамай алдың ба? — Мен Қиқымматтан қадала сұрадым.

— Жоға. Аздап күттік, әрине. Ақыры алдық кой. Солай, бауырым. Жарғақ құлағы жастықка тимей журген жансыздардын... тойыс, жандардын енбегі ескеру-сіз қалмайды. He-he-he...

Қиқымат кен сарайдай үйіне асығып кетіп барады. Мен оның сонынан карап тұрып: «Кенет, үйінін қабырғаларына тіл бітіп, қүніріне жөнелсе екен», — деп тіледім.

БІР СОМ

— Ойбай!

Анқабай баж ете қалды. Қиқымат екеуміздің даусымыз косарлана шықты.

— Не болды, эй?

— Жоғалттым...

Ол дүниеден күдер үзе күрсінді. Қиқымат қиқыл-дап құліп алды.

— Е-е, тәйірі... Автобус қағып кетті ме десем... Оның несіне қүйінесін? Жоғалту дегенді пешенене жазып қойған ғой. Баяғыда телефонмен сөйлесемін деп, бөдкенің есігінде тұтқа барын байқамай, жолда тұрған жүк машинасының бортына сөмкеці ілгенің есінде ме? Сен анқылдап болғанша, машина айдап кетіп, бар байлығыннан жүрдай болғансын. Одан «жоғалттымына» жұбайың сенбей, «жасырдынға» басып, жанжал шығарып, ажырасар жерінде жалғастырып жібергенім қайда? Иә, өстіп аузың анқылп жүргесін, азан шақырып қойған атыннан айрылып, Анқабай атандын.

— Не жоғалттың? — дедім, Қиқыматтың кекесінін кесіп тастап.

— Құрсын...

— Айлығы болды ғой, — дедім аяп кетіп.

— Ай, жарап, жетті енді. Жолдас-жорадан жылу жинасақ та жалаңаш қалдырмаспаз. Жөнінді айтшы алқынбай...

Анқабай алактап, бәсеп үнмен:

— Бір сомымды жоғалттым, — деді.

Қиқымат екеуіміз көшени басымызға көтеріп, ай бір күлдік-ау. Анқабайды айналып құлеміз, қол ұстасып құлеміз...

— Жігіттер, жігіттер, сендер былай... жөнін біліп алсандаршы. Қісінің жылағысы келіп тұрса...

Қиқымат көтерінкі үнмен көнілді сөйледі.

— Бір бокмұрын балалар болушы еді. Әке-шешесінің балмұздакқа бергенін жоғалтып алып, бұрышта сорасы ағып, соры қайнап тұратын. Сол құсап...

— Ау, сендер коя тұрындаршы. Адамның есі ауып тұрса... Ол бір сом болғанмен, менің бір күнгі байлығым ғой. Әйелімнің әбетке бергені... Күндік күнкөрісім.

— Е-е... — Қиқымат аңқау байғұсты қақпакыл ғып ойнауға кірісті. — Бір күндік күнным, жыртығымды жауып, тесігімді бітейтін жамауым десенші. Әлда, байғұс-ай, қын болған екен...

— Сонда, өзінде былай.., қалтанды жүретін бес-он тенге жоқ па? — деп сұрадым мен.

— Кайдан болсын! Айлықты санап отырып, сыпрып алады. Сосын күнде жұмысқа кетіп бара жатқанда бір сом береді.

— Ондай корлыққа кайтіп көніп жүрсің? — Караптан-қарап қаным қайнады.

— Енді не істеймін? Аузыңды ашсан бәлеге қала-сын, шаптыға жөнеледі: «Басыңды қатырма, менің ой-лайтыным семьяның қамы. Елдің әйелі құсап ақша үстай алмасам, несіне жүрмін мен? Қөнбесен, айлығын-мен қоса қаранды батыр». Сосын көнемін амалсыз... Жалғыз мен емес қой...Анау, анау, тіпті анау да... — Ол санамалап шыққанда, дүрдиіп жүрген дардай таныстарымыздың біразы сыртқы жүнін қампайтып қана катарға қосылатынын анғардым. — Тіпті, бір кес-пеге жетсе болды деп, жетпіс тынымен жүре беретін-дер де бар. Автобуста «қоян» болып қалтырайды...

— Түсінікті. — Қай-қайдағы есіме түсіп, қызбалан-дым. — Баяғыда ондай қамытты маған да кигізуді ой-лаған, бірақ Қарасай батырдың тұқымы бұзау бола алмады. «Ақша үшін арамызда сөз болмасын, батырдың бокшасына кол сұғушы болма», — деп үйленерде ескерткемін. «Айлығынды әкелмесең де мейлі, айым», — деді майысып. Бірақ қыз кезіндегі уағдасынан ке-йін айнып, алқымнан алуға айналды. Бір шыдадым, екі шыдадым... Өзім де жарылайын деп жүр едім, бір-де танертен алқа-салқа болып екі танысым жұмысқа келе калсын. «Өліп барамыз, емдеп жібер». Талай мандайымды жіпсіткен қымбат жігіттер еді, әбден қы-сылып, корландым-ау. Амал жоқ, шынымды айттым. Мәңгірген немелер, кіммен сойлесіп түрғандарын ұмы-тып кеткен болу керек, «батыр, батыр деп жүрсек, сен де әйелден аса алмайтын бейшара екенсін ғой», — деп соқтықты. Ызатанып кетіп, екеуін тыркыратта күйп, біреуінің галстуғын алып қалдым. Содан, кешке үйге

келгесін, әйекемді қолға алайын... Галстукты көрсеттім де, әңгімені арыға апардым. Қыз кезіндегі сөзін есіне салып, одан атамның баяғыда басқа түгілі әжемнің де сарқытын ішкізбей, сыбағамды жеке құйғызатының көлденен тарттым. «Бұндайынды қой, қалқам. Мінезімді білесін, бір күні тағы да нағызыма тисе, біреуді майып қылып, сottталып кететін шығармын. Сениң арқанда...»— деп ақырдым. Міне, содан кейін беті бері қарап, қазір құр алақан жүрмейміз. Қайда, қалай шаштым — шаруасы жок.

— Енді... өйтіп ақыра алмаймыз... Ақырғанмен ақылы кіре қоймайды...

— Бәрібір, тесік қалта жұруге болмайды, бала.

Киқымат Аңқабайды басынан мәпелей сипады.

— О не бәле? — Аңқабай анқия қарады.

— Еркек қоры деген болады, есебін... ебін тапсаң көп болады, тетігін таппасаң тыын теріп кетесін. Табысыңың үйдегің білмейтін бөлігі. Бірақ айлық өлшеулі, сыйлықтан болмаса, қымқыру қыын. Мен қайла қылдым. Әуелде үзіп берген үлесіне үндемей жүрдім де, сәрсенбінің сәтінде алғашқы жүрісті жасап кеп жібердім. Қөптен бері «тон» деп үйқтай алмай жүрген. Жұмыстан келген бетте кірістім.

— Ау, бағана «Цум»-да импорт тон сатылды — тура саған шап-шақ. Кезекке тұра қалып едім...

— Жетпей қалды ма? — Тынысы тарылып, демігіп кетті.

— Неге жетпесін, күнім... Сен дегенде аянамын ба, таласып, тармасып, ең соңғысына іліктім...

— Қайда? — Шыдай алмай қолымдағы партпеліме жармасты.

— Қайда болушы еді, қалтасында ақша жүретін қадірлі күйеулердің қолында-дағы. Мен жалынып, ары айттым, бері айттым, кейінге қалдыруға көнбеді.

Бәйбішемнің түсі бұзылып, жуық арада оңала қоймады. «Бәлем, сазайынды тарта түс», — деп мен де

тымпиидым. Содан, екі-үш күн бойы біздің үйде тамак істелген жок.

Көмекейін копсытып, сепкен дәннің тамырлануын асықпай күттім де, тағы бірде тұнделетіп түнеріп келіп, мылқып отырдым да алдым. «Аһылай» курсініп, шайды да жөндеп ішпей... тойыс ішкізбей, үйдің үре-йін үшырып, теріс қарап жаттым да қойдым. Содан әбден жалындырып, тұн ортасында жөндедім фой.

— Ана бөлімге, сірә, анау бастық болатын сыңайы бар. Бізге бұйырмады.

— Не бол қалды?

— Басекем бұғін қарағайдай қара тон киіп келіпті. Анау әрі байғазы берді, әрі жақсылап жуды. Енді оның жолы ашық.

— Сенің аузың 'ашық! Неге алдын орап, бұрын қи-мылдамадың?

— Эбетке атаған бір сомынды беремін бе, ей? Қалта деген бірдеңе салу үшін жасалған, ал менің қалтам аштықтан бұралып, ұлып жатыр.

Оғым дәл тиді білемін, бүк түсті. Есін жиғызбай жеделдettім келіп.

— Айтса, көнбейсің. Мен ақшаны далага шашатын-дай, жеп қоятындей көресің. Өткенде тоннан қағыл-дық. — Тұн ортасында, ой бір күнірендім келіп. — Сондай жағдайлар бблып қалғанда не істеймін? Мысалы, қайын ағам келіп қалды дейік. — Аузыма ағам түсе жаздал, абырой болғанда, дер кезінде тауып кет-тім. — Құрметіне ататын «Шампанға» шамам жетпей жатса, қай бір жақсы ат дейсің? Ауылға күйеу бала-сын, тап мына сенің Қиқыматжаныңды мадақтап емес, мазақтап бармай ма? Немесе, делабой әңгіменің ың-ғайы келіп қалса не қыламын?

Қатекем тұнімен дөнбекшіп шықты. Ертесіне бір уыс ақшаны қолыма ұстартты. «Әйтеуір, ретімен ұстар-сың», — болды бар айтқаны.

— Сұраусыз деп бересің, — дедім қитырып. — Ертең

тиын санап, есеп берер жайым жок. Эйтпесе өзінде кала берсін, шаруаның бәрін өзін жүргіз.

— Папасы, қойшы енді, ренжімеші. Шашы да, ақылы да қысқа бәйбішеннің бір қателігін кешірші...

— Жарайды, болсын, — деп, сол қалтаға сұнгіттім.— Содан, сыбағамды санап алып, сансыз сылтаумен сүдай сініріп... сылтаудың өзі салмақпен айтсаң сенімді... ысқырып жүретін болдық. Апымай, арқа етің арша, борбай етің борша болып жүріп тапқан ақшанды да алдаң алуың керек. Бұл не пәле? Ер-азаматтың үлесі, жолдас-жора алдындағы жомарттығы дегенді неге ойламайды бұлар?

Киқымат көсіліп барады. Аңқабайға карасам, тісін қайрап келеді екен... Жұдырығын тас қылып түйіп алыпты. Киқымат отқа май құя тұсті.

— Эйелінен әбетке бір сом сұраған жігіт сорлы ғой.

— Қап, бәлем, осыдан сені ме...

Аңқабай әйелінің атын бұзып айтты да, аспанға қарап кіжінді.

— Мынаның үйінде кешке концерт болады, — деп сыбырлады Киқымат. Өзі мәз, дыбыссыз күледі. — Ба-рып көрейік...

Менің танауым желл ете қалса керек, Киқымат он жамбасына аунап тұсті.

— Жетіде жетіп барсак, тура үстінен түсеміз. Айырып алмасақ, аңқаудың ашуы қатты. Эйекенді ала кел, мен де қатекемді қолтықтай баармын. Ау, Аңқаш, — деді жорта жөткірініп. — Сонша күйінетін дәнене жок, жүр, бүгінгі нәпақан бізден. — Қайтадан менің құлағыма сыбырлады. — Алдымен әлдендіріп алайық, сосын бәйбішесін тәубасына келтірерміз. Эйтпесе мына бейшараны жүнжітіп жіберіпті әбден. Түріне қарашы... Тиын санатсан, күйеуің осындағы болады деп, әйелдерге көрсетуге лайық, he-he-he...

Басы салбырап кеткен Аңқабай артымызды сөлпен-деп келе жатыр...

ЖОҒАЛУ

Жексенбі күні таң атпай Аңқабайдың әйелі жетіп келіпті. Алқа-салқа — құны кетіп, қаусап түр. Ұйқымды аша алмай, керліп-созылғанымша, әйекем екеуі сыйсындастып үлгеріпті.

— Аңқабай досың жоғалып кетіпті. — Көзі қызырып, кемсендеген қонағымыз жөнге келе қоймағасын, әйекем тілмаш болды. — Бүгін үшінші күн екен. Не істерін білмей, бір хабарын сен біле ме деп келіп тұрғаны...

— Не жоғалтыпты тағы? — Ұйқылы-ояу халде мәнжайды үғынқырамадым.

— Өзі жоғалыпты деймін...

— Ә-ә... Алда байғұс-ай. Жоғалта-жоғалта таусылып, ендігі кезек өзіне келген екен гой... Ау, Аңқабайдың аяулысы, неменеге қамығып, қапа боласың? Откенде Аңқашты «алқаш» деп сөгіп: «Сенен құтылсам көзім ашылар еді», — дегенің қайда? Соған ашуланып қара-сын батырған шығар...

— Бұндай боларын қайдан білейін? Ашу үстінде айта салып едім, әй, өзіме де обал жок. Осыдан аманесен келсінші...

Ол сыңып қоя берді.

— Біреу жылап тұрса, неменеге мәз боласың? Жолдастық парызды ұмытқанбысың? — деп әйекем жанды жерімнен үстады.

Жолдастық парыз көлденен тартылған соң дүр сілкіндім.

— Ал, жақсы, сендер ешқайда шапқыламай, шай ішіп, шер тарқата тұрындар. Мен Қиқыматқа барып келейін, бір білсе сол біледі. Ештеңе етпес, уайымда-ма. Аңқының жүріп, үйінің адресін ұмытып қалған шығар. Шалың табылады — шампаныңды дайындаі бер.—

Откенде Аңқабайдың мұң шакқаны есіме түсті. «Әйелім мені сүймейді-ау, сірә. Жүргегімді жібітер жылы сөз айтпайды. «Аңқиған ақымақ», тіпті, «Жайыршы» деп

карап отырады». — Жаңағы «жанымыңды» ұмытпа, Аңқашты бір қуантайын. «Жаным» деп жадырап отырсан, жоғалмайды.

...Қиқымат қиқылдап күліп алды.

— Аңқабай аман-есен...

— Қайда?

— Аулында... Энеугүні айлық алған екен, сырға шақырып қоймады. Сені таба алмадық. Барғасын, өткендегі бір сомның хикаясынан кейін жұбайын жеңіп санатқа қосылғанын көрсеткісі келді ме аянбады. Қысқасы, мол дүниеге кезіккесін қын болады ғой, діңгірлеп шыға келдік. Аңқабайымның тілі шығып, шешен болып кетті. Қалада қыстырып, қайфырып жүргенін қырық мүйнөт мыжыды. Аулын аңсайтынын алпыс мүйнөт айтты. Ақыры «аулымды сағындымға» басып, мені құшақтап алып анырап қоя берсін. Ары-бері басу айтып едім, жұбана қоймады. Даурығып болмаған соң: «Қап, бәлем, сағынғанды көрсетейін саған», — деп қосыла қайфырдым. Ия, сағыныш — дерт. Мауқынды басудан басқа емі жоқ. Баяғыда мен аулымды әбден сағынып кеткенде, ешкімге айтпастан түнделетіп тартып отырғанмын». Бұны естігесін Аңқабайдың құтырып кететінін білемін, әрине. «Әй, мен де бүгін, осы тап қазір аттанамын. Бәйбішем қайда баруши еді, бақырып-бақырып қояды. Жұмыс па? Оны да көріп алдым — мықтаса арыз жаздырап. Тойдым әбден. Біttі, кетемінге» басты. «Жолаяқ жаса, мен сені шығарып салайын. Екі сағаттан кейін сіздің ауылға пойыз бар». Содан, не керек, әндетең шығарып салдым. Маган да: «Бірге жур, ат мінгіземін», — деп еді, әйтеуір, аман қалдым. Кимай қол бұлғап, кete барды....

— Қызықсын-еý... Мас екенін көріп тұрып...

— Оқасы жоқ... Ет жеп, сорпа ішіп, ракаттанып қалатын болды. Ау, көзінді алартпашы, өзім де алдап-сулап акыл айтатындей халде емес едім. Содан соң біреу мас болады, ес-түсінен айрылып, қаңғып кетеді, ал

ол үшін мен жауап беруім керек пе? Жоқ, әркім өз кәтелөгін қайнатсын.

— Шаршап қалған жолдасынды далаға тастау иттік.

— Жоқ, достым. Адам шаршап калуға тиіс емес. Мына мені білесің, қанша ішіп жүрсем де аздап қызып, бөсетінім болмаса, бір рет ләйлігенімді көрдің бе? Көрмейсің де, кәнтірөл күшті. — Қиқымат сұқ колымен шекесін бұрғылады. — Сәбәбі... мас болу — айуанға айналу ғана емес, өзінді басқаларға байлап беру. Ерік, жігерден айрылып, достың да, дұшпанның да добы болу жөн емес. Өмірі ешкімге сенбеу, тізгінді бермеу — менің алтын қағидам. Өзгелер де, шаруасы тынады еken — маған сенбесін. Әркімді әлпештеп, әуеніне төңкерілер жайым жоқ. Баяғыда сен жолдасымды жауға... тойыс жолға тастамаймын деп, бетрезбетілде бірге түнеп едің ғой. Әйтеір, мен араласып, жұмысыңа хабарлатпай, артыңды жапқанмын. Солай, бауырым, өмір деген үлкен қаланың көшелері секілді — тормозы ұстамағандар бәлекетке ұшырайды, басқа мәшинәні қағып кетеді.

— Мен сияқты Краздар сен сияқты тақсилерді жалырып жібереді, әрине.

Әлгі сүріндіргеніне қитығып, соқтықкым келді.

— Бірақ, кейін қалай өкінеді десенші! Бәрінен бұрын ертең айығамын-ау, сонда елге қалай қараймын деп ойлау керек. Оны ұмытып, бас-аяғы қайда шашылғанын білмей қалатын жалғыз Аңқабай емес. Біздің үйге келген бір конағым есік алдындағы терекке қарап, қазыктай қақып тұр. Байқасам: «Убалнениядан кеш келдім, кәмәндір, кешірші», — дейді. Не істер еken деп: «Марыш на гаубактыу», — деп ақырып едім... колын артына ұстап алып, подвалға қойды да кетті. Артынан барсам, бетон еденде қорылдан жатыр. Сол күйі қалдырыдым. Таңертең жерге кіріп кете жаздады. Ал тағы бір тайғанағыма пелмен беріп едік, адам құсал

жеуге шамасы келмей, столға басын қойып, астынғы ернін тәрелкенін ернеуіне төсеп, көпір етті де, қолымен бір-бірлеп аузына сырғытып, құлата берді. Сол күйі қатып қалды. Сосын мен пелменнің үш-төртеуін құлағына бұрап тықтым да, бала-шағама тамашалаттым. Баяғыда Грецияда құлдарды әбден мас қылып, ес-тусінен айрылғанда, «ішсөң осындай боласын» деп жастарға көрсетеді еken. Мен әлгіні көрнекі құрал ретінде пайдаландым. Таңертең құлағын шұқылайды. «Бұл пәле қайдан келген?» Мен де қатырдым. «Тұнде тықпалап жатқансың, сірә, аузым еken деп қалсан қерек. Бәрінен бұрын балаларыма тегін кино болды. Сені тамашалап мәз». Масқара болғанын сонда бір-ақ түсініп, тәмен қарады. Есінде болсын, алдында абыройы айрандай төгілген адам өз-өзінен ит болып, жетегінде жүреді.

— Жә, қойши соларды. Одан да жөніце көш, не істейміз?

— Не істеуші едік? Мауқы басылғасын өзі келеді.

— Эй, сен... Ертең жұмыстан күйлса, бала-шағасын асырайсың ба?

Танауым желп ете калса қерек, Қиқымат қорыққанын білдірмеуге тырысканымен, қопандап кетті.

— Жарайды, сен араласқасын амал жоқ. — Мені жібітіп алды. — Эйтпесе, сазайын тартсын... сабак болсын бәлемге, — деп кіріспеуге бекініп едім. Енді... Қажет қағазын тауып беремін, саспа. Жүр, одан да сүйіншіні сылтау қылып, Аңқабайдың сарапын теспей сорайық. Iie-he-he...

БОПСА

— Ay, ағайындар, анау бар ғой... нағыз онбаған еken, — деп бір күні шала бүлінді Аңқабай. — Менен мың сом алғанына үшінші жыл. Әлі беретін түрі жоқ.

Сұрасам, сиыр құйымшақтатып, ол менен емес, мен одан алғандай: «Ақша үшін араздасамыз ба, Аңқаш? Адамгершілікті ақшаға айырбастамайық?» — деп кергитінін қайтерсің? Байқаймын, сініріп кетпек ойы бар. Не істеймін?

— Элгі анау... кім бе? Ол неге сонша басынады сени? Өзі мені көрсе, жапырақша қалтырайды. Мың сомга қоса мойның бұрап әкеліп берейін.

Аңқауға жаңым ашып, қаһарға міндім. Қиқымат тісін шұқылап шырт түкірді.

— Ала алмайсың, ол өсал емес... — Менің танауым желп ете қалса керек, Қиқымат түзелді. — Құшін айтпаймын, саған төтеп бере алмайды. Бірақ, алаяқ ку ол. Сотқа беруден тайынбайды.

Мен көнбедім. «Ондайларың бір ақырганнан қалмайды. Қара да түр», — деп тартып отырдым...

Келген бетте «батырекелеп» сәлем берді. Жаңы қалмағансып, бала-шагамның амандығын бәлен уақыт сұрап, аузын ауыртты.

— Қалай, кішкентайлардың мұрындарынан су ақпай ма? — деген кезде теріме сыймай зорға отырған мен тіке тарттым.

— Мұрыншыл болсан, алдымен өз мұрныңың амандығын ойла. — Ертегіде өзін құмырадан шығарған балықшыны маңдайынан аялай сипап отырып: «Алдыңа үш түрлі өлім саламын: басынды алмадай үзіп ала-мын, не екі аяғынан ұстап қақ айырамын, әйтпесе бүлттың ар жағына шығып, жерге қарай зулатамын. Таңдай ғой», — дейтін «мейірбан» дио бар еді ғой, сол құсап мен де екі жол ұсындым. — Ана Аңқабайды осынша әуре қылғаның жетер. Не ақшасын қайтарасың, не...

Сөз аяғын ыммен ұқтырдым. Есі шығып кетті. Менің батпан жұдырығымнан көзін ала алмай қатты да қалды. Біраздан соң ғана адам қалпына келді.

— Бар болса, бермейін деп жүрген мен жок. Қайтемін, қол қысқа...

— Сен ондайынды қой. Уәдеде неге түрмайсың? Қол алысып кескен уақытыңнан бері екі жыл өтіпті...

— Кайдан табамын? Қазір кімнін шекесі қызып жүр? Ретіне карай көрерміз...

— Әй... Алдап-сулап шығарып салатын аңқауыц мен емес. Жерден қазсан да тауып бер, әйтпесе...

Көзі бозарып отыр еді, жұдырығымды тұмсығына тақай бергенімде, аяқ астынан өршеленіп шыға келсін.

— Ал, үр... не қылсаң о қыл. Осыдан қолын тисін... Ел-жүрт бар... заң бар... аямаймын. Тура сотқа беремін! Ал, мә, үр!

Айқайлап, азан-қазан қылды. Топырлап, кісілер қаптап кетті.

— Мынау мені үрғалы жатыр! — деп жар салсын әлгі.

— Милиция шақырып, ұстатып жіберейік, — деп бір кызбастар құтырды.

Ақыры жігерім құм болып, құр қол қайтты...

— Айттым ғой мен саған, — деп Қиқымат ойға шомды. — Дымын білдірмейтіннің өзі ол. Ал, Анқаш, қолхат берген жок па едің?

— Жоға... Қазақпаз ғой, қайтіп сұрайысың?

— Онда бітті. Ол ақша саған жок. Мына батырға да бой бермеген адамға не істерсін? Иә, қолхатты біз де сұрамаймыз — қараптан қарап елге жексүрүн боласың ба? Қағаздан қалтырап, ат-тонын ала қашу жөнсіздік. Тәртіп дегенге жоқпаз ғой. Сосын, амал не, айла қыласын. Біреу-міреуге карыз берерде ебін тауып, үш-төрт кісіні еріксіз күэ қылу керек. Мәселен, өткенде біреу менен бес жұз сом сұрады. Ораулы күйі алыш келдім де, ұстата салып: «Санап ал», — дедім. «О не дегенініз, Қақа, сізге сенбей...» «Есепті дос айырылыс-пакқа жақсы, санап ал», — деп қадалдым. Санап еді,

он сом кем шықты. Эрине, әдейі істегенмін. «Ойпымай, бұл ақша итіңе сенім жок екен ғой, — деп даурықтым. — Уш рет санап едім, қарашы, сенің алдында үятқа қала жаздағаным... Жаңа санамай кете берсек ғой, бір-бірімізге күмәнданып, құдік құртына жем боламыз, ә!» — деп он сомын бердім. Екеуміз бірге шығып, біраз дабырластық. Эрине, қызметтес жігіттердің көзінше болған оқиғаны әлгінің өзі-ақ жыр қылды. Ондай оқиға болмаса, өздерін білесіндер, ақша онашаны сүйеді, кімге көрсетіп жүресін? Егер куән жок болса, шаруан қын...

— Ойпымай, Қақа... енді... Сол ақшаны алып берсен, жүз сомын өзіңе берейін.

Қиқымат қиқылдап күліп алды.

— Дұрыс-ақ. Бірақ, уәдеге сенбейтінімді білесін ғой. Ол үшін осы сезінді әйелін екеуін·косарланып айтсан, мықты мөр сол. Және біз түк білмеген болып отырамыз — абырайдан айырылар жайымыз жок. Сен әйелінің көзінше мән-жайды кайтадан баяндап, әлгі уәденді бер. Егер ол коштай жөнелсе, мен кірісейін.

— Ойбай, сол құрғырдан есе алып берсөніз, сөз жок, жүз сомын өзінің алышыз, — деп Аңқабайдың аяулысы бірден құлап түсті. — Мың сомға қарап отырған біз жоқ. Ұзасы өтті әбден.

— Жарайды, көрерміз. Мен кіріскеңін-ақ бітті дей бер. Семьямызбен жиналып, бір тойлауға дайындаларсың, уш күннен кейін ақшанды алып келемін.

Аңқабайдың тағы да біраз шығындалатынын мен де түсіндім...

...Уш күннен кейін жұбымызбен жинала қалдық. Қиқымат бір буда ақшаны Аңқабайдың әйеліне үста-та салды.

— Тұтас біреу. Менің табан... тойыс, тіл акымды са-нап берерсін. Өз қолынан бергенің сінімді...

Куанып кетсе де, жүзді қимай·қимай берді. Қиқы-мат сол қалтаға сұнгітті.

— Ойпирмай, Қака, әңгіме болсын, не істедің оған? — деп Анқабай қылқылдады. Оны біз қоштадық.

— Коймадындар ғой, айтайын.

Киқымат желпініп алып, әңгімесін бастады.

— Ол онбағанды мен де онша білмеймін ғой. Сыртқа сыр шығармайтын зымиянның нақ өзі. Соған қарап: «Әй, сау сиырдан болсаң жарап еді», — деп ойлайтынмын. Содан ұстауға бекіндім. Бірінші кездескенде амандық-саулықтан соң, тіке шабуылға шықпай, орағытып, ұзын арқан, кен түсau салдым.

— Иә, қалай, сені мәшинә алғалы жүр деп еді, орағы келетін бе? — дедім жорамалмен. Жаңылмайтыныма көзім жетіп жүр. Алда-жалда мойында маса: «Е-е, есек болды ғой», — деп басқа жағына аунап түсіп, тағы бір тәсілді іске қосуға дайынмын ғой.

— Ойпирмай, Қака, тірі жанға тіс жармаған құпиям еді, қайдан біліп қалдың?

Өзінен-өзі қуыстанып, қармағымды қалай қапқанын сезбей де қалды. Арқанды тарылтып қойдым.

— Ел құлағы елу. Қазір жүрттың аузында сенсің. Ол түгіл ақшанды кассаға салып тастағанында да білемін.

Қалай сасқанын суреттеудің қажеті жоқ болар.

— «Астыңдағы атыңа, қойныңдағы қатыныңа сенбебе» деуші еді, қап, иттің баласы, оттап қойған екен ғой...

— Қайдан шыққанын қайдам. Жалпы, менен, қорықпай-ақ кой. Керек жерінде сырға берікпін. Эйтпесе... — Үрейлендіріп алдым да, тағы да пәлені таяп қойдым. — Жана көріп жүрген жоқсың ғой. Маған бәрі белгілі. Ал сенің кім екенін, қайтіп күнелтіп жүргенің, әмпей-жәмпей сыйбайластарың — бәрі де алаканымда.

— Нені білесің?

Үні өлеусіреп шықты.

— Қайсысын айтайын? Бәрін білемін дедім ғой... —
Өстіп, тығырыққа тіреп, тұсауды тарылттым да, тұрып
жүре бердім... — Ал жақсы, асығыс шаруаларым бар.

Ертеңіне бес-алты рет мені іздең, ызбандапты. Қа-
сымдағыларға тапсырғанмын: «Мені анау сұраса, жок
дендер».

Кешкілік өзі жетіп келді. Бір шөлмек конъяғы бар.

— Әнгіме бар еді, Қақа, — деп басын сипайды.

Түріне қарасам, бастығынан сөгіс алған адам сияқ-
ты. «Ұйқын шала болған баласың ғой, сірә». Аздап
мандай жіпсігеннен кейін сыр тартуға көшті. Сылқ ете
калатын ақымақты, тойыс, аңқылдакты тапқан екен!

— Қақа, мен туралы не білесін?

— Бәрін білемін.

Ол ойланды. «Анауымды білмейді, ананы анау екеу-
міз ғана білеміз», — деп қиналып отырғанын анғардым.

— Саспа, бала, қара түнде де құлақ бар, тас қа-
быргаға да тіл бітетін кез болады.

Құп-ку болып кетті.

— Апырай... Қақа... анықтап айтшы.

— Мәселен... Бес-алты жылдың ішінде мәшинелік
қалай жиналғаны маған аян. Қалада тұрасың... кесім-
ді айлықпен он мыңға шырқа... Эй, қайдам.

Басымды шайқадым. Ол жанталаса жалтарды.

— Әке-шешемнің көмегі ғой.

— Әке-шеше әншайін сұлтау. Пенсиядағы адамдар
емес пе? Олар не, баяғының байлары ма еді? Ертеде
тықкан қазынасы болды ғой.

Арыға сілтеп едім, сасқанынан терлеп кетті.

— Ойбай, атай көрме. Мал бар дегендейін.

— Біреудің малын малдану мықтылық емес. Әке-
шеше бәрімізде де бар. Әркімнің баласы өзіне қым-
бат — бізден де аянайын деп отырған жок. Бірақ, «мә-
шинә аламынға» басып, «бар малынан айырыл» деп
салмақ салатын онбаған емеспіз. Өзің ата-ананды ая-
май шабатын тас бауыр ма едін?

— Жоға, Қақа... Ол былай... Жай айтқаным...

— Сылтау екенін өзім де сезгенмін. Дұрыс... Айлық анау... ендеше, мәшинән... Айтпакшы, жазда дәсенттердің сонынан жүгіріп жүруші едің. Бала түсірдің ғой... рас па?

— Енді... ағайын болғасын.

— Ағайын туралы: «Жоқ болсан бере алмайды, бар болсаң көре алмайды» деген ақылды мақалы бар атalaryмыздың. Ақшасы жоқ ағайын үшін әуре болған адамды көрген жокпын.

Нені мегзеп отырғанымды дәл түсінді де, менен темекі сұрады. Аңдысып отырған адамың темекіге жармасса, халі мүшкіл болғаны. Ес жиудың бір түрі ол. Қолы дірілдегенін көрдім де, саудасы біткенін біле койдым.

— Білдей қызметкерсін... Сондай былықка бара-сын... Бұныңды менен басқалар білсе...

— Қақа, өзі... тіршілік болғасын... арамызда қалсынышы...

— Ол сенің қолында. Тәртібіне қарай көрерміз. Білетінім бұл ғана емес...

Тұсауды тас қылып, әңгімені тамамдадым. Таксімен үйге дейін әкеліп, қолтықтап түсірді. Алды-артымды орап көріп еді, түсімді сұбытып: «Ертенге дейін...» — деп қол ұшымды бердім. «Жаксы, Қақа, жақсы», — деп жайылды да қалды.

— Ертеніне... тойыс, бүгін әбетке шақырды. Сылтау-ратып, жұмыстан біржола сұранып шықтық. Тұнімен үйктамай, әйелімен әй бір тәбелескен болу керек, көзі кіртиіп отыр. Әлденіп, қызара бөрткеннен кейін, тағы мазалады... мазаланды.

— Қақа... былай... тағы не білесін, соны айтшы?

Темірдің қызғанын білдім де, соктый дейсін.

— Эй, бері қара. Қопандай берме. Бәрін білемін, бірақ айтпаймын. Тіпті, Аңқабайдан мың сом алып,

бермей жүргенің де, сіңіріп кетпек ойың бар екені де маған аян. Айтпақшы, бала-шағасы бар, қайтар.

— Енді... былай, реті келмей жүргені.

— Ақша болса ретін не қыласын? — Ақшам жоқ дей алмайтыны, әрине, белгілі. — Менен беріп жібер, кешке үйіне барамын.

— Оған... енді, өзің айтқандай, ақша кассада. Мерзімі келмей ала алмаймын. Жұмсап қоямыз ба деп салып едік.

— Эй, сен өзің аңқаудың... тойыс, ақ көңілдің адал еңбекпен тапқан ақшасын қайтарғың келмейтін не қылған адамсың? Мен аламын дегесін аламын. Құрығым болмағанымен, қолым ұзын. Өзім білетін талай сұмдығынды таныстарымның біреуіне сыйыр етіп, соңына сала қойсам, қын болып жүрмесін.

— Ойпырмай, Қақа... жоқ болғасын...

— Кассада мәшинелігі бардың сервантта соғымдығы санаулы тұратының білмейтін кіммін сонша? Ақымақтын ба, ә?

Көзі бақырайып, талып қала жаздады.

— Оны қайдан біліп қойдың?

— Айттым ғой, бәрін білемін. Жарайды, қоянды ашпай-ақ қояйын. Қазір Анқабайдың ақшасын санап берсөң, мен тас керемін. Эйтпесе..,

Тырп еткізбей тұсап алдым.

Ақыры үйіне бардық. Сервантының бір қалтарысына қол жүгіртіп, мынды санап берді. Дәл кетерде тағы жабысып:

— Қақа... күпті қылмай айтши, мен туралы тағы не білесің?

— Қорықпа, бауырым. Бәрі де менің ішімде қалады. Тіршілікте талай кездесетін жақсы таныстармыз ғой, ескере жүрерсің. Бәрі де өзіңің тәртібіне байланысты, — деп болашақта ұшынан сүйрейтін қыл арқанды мойнына салып кеттім...

Бәріміз ду күлдік.

— Қатырған екенсін, Кақа! Соның бәрін қайдан біліп алғансын?

Анқабай әдетінше істің мән-жайын түсінбей, шынымен сұрап түр.

— Бірін білсем бүйірмасын. Менікі әншейін бопсағой. He-he-he...

ИТЖЫГЫС

Сенбі күні сәскеде Қиқымат келе қалсын. Алғашқыда оның сұыт жүрісін неге жорырын білмей, қауіптеніп қалған әйекем қасында зайыбы бар екенін көргесін жадырап сала берді.

— Асығыс шаруа бар, — деді Қиқымат. — Тез киініндер, дереу Анқабайдікіне жетуіміз керек. Такси күтіп түр.

— Е, не болды сонша?

— Элгінде баласы телефон соқты. «Папам мен мамам керісп қалды», — дейді күмілжіп. «Керіссе ештеңе етпес, келісер», — деп едім, балақайдын даусы дірілдеп кетті. «Ойбай, аға, одан да жаман. Сіз келіп өткен жолғыдай достастырып жіберіңізші». Анқабайдың аяулысымен тағы да жекпе-жекке шыққаны түсінкті болды. Анқаудың ашуы қатты, кім біледі... Бәріміз жиналышп барғанымыз жөн. Екеуміз Анқашты үстармыз, әйелдер ана өз текстестеріне басу айтар... Сонын былай, түк білмеген, қыдырып жүрген адам құсан барайык...

Әп-сәтте төртеуміз сау ете түстік. Қонақ күтіп отырмаган үй, әдетте, айра-жайра болып жатады ғой. Ал қонақ түгілі, қанғыбастар да келмесе екен деп, есікті тас бекітіп, тығылуға тура келетін жағдайлар да кездесе береді өмірде. Терезеден Қиқыматты қарауылдан

түрған баласы есікті дыбыссыз ашқаннан соң, ішке кіргенімізде Аңқабайдың үйі дәл сондай дағдарыстың үстінде екені көзге бірден тұсті.

Біздің келгенімізді байқамады. Дүние-мұлікті ортаға екі тәбе ғып үйіп тастапты. Екеуі де соның тасасында жантайып жатыр. Бұрыш-бұрышта кесенің кесек-кесек жарықшақтары жарқырауына қарағанда, атыспақ аяқталғанға үқсайды. Аңқабайдың алдында басталған бөтелке, сірә, батылдық үшін тартып жіберген болу керек. Жалпақ белдігі мен орындықтың екі сирағы қасында. Эйелінің де бес қаруы сай екен: орындықтың арқалығын құс төсектің үстіне қойып қалқан жасапты. Бұнда да екі сирақ бар. Жез тарап, үйме-жүйме қылпық жүлғыш, тырнақ еегіш, қайши сияқты бір дорба темір-терсегін де онтайладап, «келсен кел» деп отыр.

— Белбеумен буындыра салайын ба, иттің баласы!

Аңқабайдың көзі ақып, ышқына кіжінді. «Бір эйелге әлі еркін жететін еркек еді ғой, белсенді кимылға көшпей, құр қүйініп, қорғаныста қалғаны несі?», — деп ойладым. Сөйтсем... Эйелінің қайқы кірпіктері Македонский әскерлерінің найзаларапындағы ызғар төгеді. Егеулерінін істіктеу біреуін қолына алды да көзі шатынап, карсы шаптықты.

— Тура бір аттап көр. Өз, көзімді өзім шұқи саламын!

Амалы құрыған Аңқабай жүзді тартып жіберді. Аяулысы айылын жимай, жастықтың тасасынан конъяк суырып, жұз елуді дем алмастан қағып салды. Екеуі де ештепе тістеген жок. Көзben атысады. Көрінбейтін беймәлім шынжыр байырғы ғашықтарды табжылтпай ұстал түр, әйтпесе, бір-бірін жеп жіберуден тайынатын емес.

Біз есіктен сығалап, ауыз үйде түрғанбыз. Бір кезде Аңқабайдың екі кішкентайының біреуі:

— Дабай, мен папа болайын, сен мама бол! — деді де, екіншісіне қапелімде тарпа бас салды. «Тырнасаншы, мама күсап шыңғырып, неге гырнамайсың?» Папасы мен мамасын достастыруды өтінген ересегі оларды айрып алды. Инсценировкаға қарағанда, тұтқылдан шабуыл жасап, жанжалды бастаған Аңқабайдың өзі болу керек. Аяулысы алғашқы қарқынға төтеп беріп, тойтарып тастаған соң, алыспақ бітіп, соғыс позициялық сипат алып, ұзакқа созылған секілді. Айтыспақ басталыпты. Екі жақтың да өліспей беріспеуге бекінген сыңайы бар.

«Не істейміз?» — дегендей, бір-бірімізге қарадық. Қиқымат алға шықты.

— Махабbat құрудын жаугер... тойыс, жана түрі ме бұл? — деп, еркін сейледі ол. — Сүйіспеншіліктеріне кедергі жасаған жоқпыз ба?

Екеуі де жалт қарады. Эйелі сасқалактап қалып еді, бізді арқаланды ма, әлде еркек екенін білдіріп, коқан-лоқы жасауды міндettі санады ма, білмеймін, Аңқабай аруақтанып шыға келді.

— Екі бүктең, аузыма тығып жіберейін бе осы?!

Ол жан-жарына жекіре жөнелгенде, ауыз үйде тұрған ханымдар сахнаға шықты. Сырластарын көргенде Аңқаштың аяулысы сынсып қоя берді. Эйелдер аяқ астынан ашуға мініп, келгендегі мақсатымызды ұмытып, өз жоқтарын жоктауға көшті.

— Өлә, мынаны қара-еї! Аюдай ақырады ғой өзі.

— Әбден басынып алған. Еркектерді еркіне жібересец осы — есіріп кетеді.

— Көздеріне көк шыбын үймелету керек бұлардың!

Қарсы жақ тосыннан күшейіп кеткесін, Аңқабайдың арыны басылып, жуасыды. Оның жүні жығылғаны мен ушін иісі ер-азаматтың туы қисайғандай әсер етсін. Эйелдер көпше тұрде бәрімізге тиісіп өткенде-ак денем дүр ете қалған-ды. «Бұл қалай? Аңқабайды сыл-

тау қылып, бізді де жүндеп алмақ па? Қап, бәлем!»
Ара ағайындықтан лезде айнып, Аңқабайға аудым.
Қарсылас қамалға бұзып кіруге оқталғанымды байқап
қалған Қиқымат кимелеп, диванға отырғызбағанда, сөз
жок, қазандарын қайнаттыратын едім.

— Жә, — деп, жорта жөткірінді Қиқымат. — Жина-
лып қалған екенбіз, жөніне көшейік. Сендерді сағы-
нып, келіп қаппызы. Ештеңе етпес, үй болғасын ыдыс-
аяқ сылдырамай тұrmайды. — Кесенің жарықшақтары-
на қарап, күлімсірей күрсінді. — Сынғаны жаксы
болған. Біз кеткесін, бөтен әмессіндер, түсінісіп, тіл та-
быса жатарсындар... Қазір уақытша бітімге қол қойып,
адам құсан отырайық.

Бірақ, жұбайлар ымыраға келетін емес.

— Бітім дегенше біттім десенші. Болмайды! Талақ!
Тастадым дедім, тастадым...

Алқынған Аңқабайға әйелі де есесін жібермеді.

— Сен емес, мен сені тастадым, шірік!

Әйел қауымының қырсыққанына төзбейтін мен қы-
зындым.

— Қүйеуінің бетінен неге аласын-ей?

— Ойбай, сенің нен бар? Алдымен өз әйеліңе, мына
маған ие болып алшы, — деп әйекем есірді. Бұған шы-
дауға бола ма, қорғаның Аңқабай жағына жантая
кеттім. Ортада төбе би — Қиқымат қалды. Келіншек-
тер шүйіркелесіп, қаупті кимылға бел буып жатыр.
Конъяктан тартып та алды.

— Қой, болмас, — деп Аңқабай екеуміз де сіміріп
салдық. Төбе би төмен қарап тамсанды.

— Қақа, алып қой, ақыры күйдік қой, атана нә-
лет! — деп Аңқабай стақанын ұсынды.

— Тура биде туған жок, туғанды биде иман жок.
Соны алсан — бітті! — Қиқыматтың қымбаттысы қаба-
ғын шытып, шытынады, Қиқымат сәл толқып, еркек
шешімге келді.

— Бөріктінің намысы бір. Сенен келген керді көріп алды.

Біздің бекініс те нығайып, бір қауым елге айналдық. Қыр көрсетіп келіншектер кіржиеді, біз де түнере түсеміз.

— Эй, тұра баса-көктеп, бекіністерінді быт-шыт қылайық па? — деді бір кездे біреуі.

Мен Қобыландының сөзімен жауап бердім.

— Ер бұзбаған камалды, катын бұзған бар ма екен!

— Елірмей отыр! Қөзінді ағызып жіберемін тұра? — деп, әйекем егеуін жаландатты. Жіберіп қалатын бірдеңе іздеп, қармана бастап едім, Қиқымат ақ жалау көтерді.

— Ау, бәйбішелер, былай... түсінісейік те!

Баяғыда бір дәңгесе тышқанға арак беріпті. Мас қылып, құлағанын қызықтағысы келген ғой. Қайда-а! Тышқанның көзі шырадай жаңып, «Мысық қайда?» — деп, білегін сыбаныпты. Сол құсап, қызып алған келіншектер біздің бейбіт ұсынысымызға қөнбеді.

— Жоқ! Сөйлеспейміз сендермен!

Қиқыматтың тауы шағылып, жер шұқыған шығар деп, мен жігіттерді батыл әрекетке үндедім.

— Осы, шабуылға шығып, үшеуін де жөн-жобаға үйретіп алсақ кайтеді?

— Дабай! Мен дайынмын.

— Ол онай ғой.— Қиқымат қопаңдай бастаған Аңқабайды жеңінен тартты.— Бірақ ушықтырып аламыз. Құш көрсетуге болмайды. Қайла керек.— Сөйтті де киқылдан күліп алды.— Мейілдерін білсін. Сөйлеспесендер койындар. Біздің ішімізге күйік-шер толып кетті. Үшеуміз сыраханаға барып, алқаштармен сырласамыз.

Әйелдер сыр бермегенсігенімен, қылп ете қалды. Сырахана дегеннен запыс болған байғұстардың босап кеткенін аңғара қоймаса Қиқымат бола ма, пәлені үйіп-төкті,

— Сендерге ерегіскенде, сілейіп тұрып тойып ала-
мыз. Тойып аламыз да, төбелес шығарамыз. Солай
ма? — Ол маған қарады, мен білегімді сыбанып, кө-
зімді аларттым. — Міне, көрдіндер ғой, жігіттер қазір-
ден дайын. Сосын сottалып кете барамыз. Біздің ор-
нымызға егін егіндер.

— Сендерді соттаушы ма еді? Тағы да: «Айлығым-
ның жартысын ыштрапқа төледім, бәрінен бұрын қисы-
нын тауып құтылғанымды айтсаншы», — деп, таңертең
көйқандап келіп тұрарсын, — деді Қиқыматтың қым-
баттысы.

— Қакаң түспеуші еді ғой.

Аузын ашса ар жағындағысын актара салатын Аң-
қабай Қиқыматты байлап берді. «Әшкере болды-ау,
қайран дос!»

— Әшкереледің-ау, бәйбіше. Ешкімге бұлінгенімді
білдірмеуші едім. Иә, күйеуінің жаманын жасыратын
есті әйелдер аз ғой қазір. Айналайын, Аңқаш, неге түс-
пейін, пендемін ғой. Бірак, сендер құсан, өзге жерде
тұнегенін мактаныш қылатын мақау емеспін! — Қын-
нан жол тауып, сыйылып шықты да, қарсыластарға
кайтадан каяїп тәндірді. — Соттай қоймас. Сендер де
отырмассындар. Бірак, айып та онша ұнамайды ғой
сендерге. Бақандай бір көйлектің күны онай ма?

Әйелдер бір-біріне қарады.

— Ал, жарайды, келіссөзге дайынбыз. Не айтпақ-
сындар?

— Аяғым үйип қалды, — деп Қиқымат қайтадан ди-
ванға көшті. — Осылардан қорқатын дәнене жок. Эй,
батыр, андағы үйіндіні ары қарай сырып тастап, бері
келіндер.

Үшеуміз диванға отырып, жұздетіп жібердік.

— Бағы ашылмаған еркектердің жолы болуы үшін!

— Күйеулеріне қадірі кеткен әйелдердің сыйлы бо-
луы үшін! — деп қарсыластар да қалысады.

Кенет Қиқымат керемет ақылды сөз айтты.

— Ау, бәйбішелер, бері қарандаршы. Сендердің дендерің сау ма? Осы үйге өзара жауласу үшін келген жоқ сиякты едік қой? Не болды сонша қағынып? Не үшін арбасып отырмыз?

Бекіністін ар жағы ойланып қалды. Бірліктерін бұзғысы келмесе де, қобалжығандары байқалды. Қиқымат арандатып, іріткі салуын тоқтатпады.

— Шындығына келсек, төсектен бірге тұрып, үйден тату-тәтті шығып едік қой. Жанжалдастан мына екеуі. Қосақ арасында кетпей, дабай, екеуінің мәселесін қарайық. Сендерден біреу, бізден біреу.— Сосын Анқабайға сыйырлады.— Сені құрбан қылғалы отырған жоқпаз, саспа. Жем тастамасақ болмайды. Түбі сөзінді сөйлейміз фой.

Толық бәтуаға келмесек те, тоң жібіді. Жігіт басымызben Анқабайды талауға тастап жатқасын, олар қайтіп шыдасын. Қызды-қыздымен әйел қауымының намысын жыртамыз деп, қисық кеткендерін өздері де сезген болу керек. Бұл үйде не болғанын білуге деген құмарлықтары жеңіп, әлгі одактары ыдырап жүре берді. Жолдастық сот басталды.

— Иә, айтпакшы, сендерге не болды-ей?

Жауапқа тартылғандар жаутандап, бір-біріне қарады. Қаша дегенмен ерекк аты бар фой. Анқабай алдымен жалаңаштанды.

— Түнде онға он екі мүйнөт қалғанда келді үйге. Тергеуге алуым занды фой. «Қайда жүрсін қанғырып?» Жүрегімді күрт жеп бара жатқанымен шаруасы жок, мен білмейтін бір келіншектің үйінде болдым дейді. «Жақсылықпен жөнінді айт, ей!» Эрі сұраймын, бері сұраймын. Бұл айнаға қарап, қасын кере ме-ау, ыңылдалп ән сала ма-ау, әйтеуір, әбден жүйкеме тиді. Өзінен-өзі мәз — бір пәлесі бар-дағы. Бәсе, бет-аузын баттастыра бояғанынан секемденуші едім. Сосын: «Басты ауыртпай, бір жағына шығайық», — дедім. Мұрнын шүйіріп: «Мейлің», — деді. Ал енді өздерің айтындаршы, бұған

қайтіп шыдайсын? Міне, жағдай осы. Мені алдап, бет алды тентіреп жүретін кезбе келіншектің керегі жок. Ажырасамын, бітті!

Бәріміз де кешігуді сан-саққа жүгіртіп, ойға шомдық. Әуестік женген әйелдердің үшқалақ киялдары талай суретті көздеріне елестесе керек, әуелі жымып күлді. Артынша біздің көзіміздің аларып бара жатқанын байқап, қыдырымпаздан безуге айналды.

— Үй-бай, белім, — деп, екеуі бірінің артынан бірі бекіністі тастап шығып, диванға көшті. Үнсіздікті Қиқымат бұзды.

— Дүрдиісп қалса, дүниені бөлісе бастайтын баянының қаранғылары емессіндер. Бүйтіп балалардың берекесін алғанша, ың-жыңсыз, мәдениетті түрде заскебарып шешпедіндер ме?

— Ол құрғыр сенбі, жексенбі іstemейді. Дүйсенбіге дейін ашым тарап кетеді. Ал мен мынамен бір мүйнөт бірге тұра алмаймын. Күн бата үйде отырғысы келмеген әйелдің керегі жок, боянып алсын да, бара берсін.

Аңқабай ашу үстінде еністе әрен тұрған арбаны итеріп алды.

— Үй, шіркін-ай! Қабактарыңа қарап, қамалып отыратындарды тапқан екенсіндер, қараң қалғырлар!

Келіншектер қайтадан топ құрды. Менің де танаум желпілдеп, ызасы өтіп жүрген бәлемдерді акылға келтіруге көштім.

— Құдайға шүкір, етігі шонқиған, еті тыртиған тәуелді тоқал емессіндер. Байсалды бәйбіше бастарына бейсаут босып жүру жараспайды.

— Немене? Өздерің түнделетіп жортқанда сондайсындар. Біз ше? Сендерден кембіз бе? Әлде, әйел мен ерекк тен деген занды мойындармайсындар ма?

— Жоға. Біз сендермен тен болғанымызға сондай куаныштымыз, — деп Қиқымат кыстырыды.—Тіпті, сендер бізден артықсындар ма деп ойлаймын кейде. Бұрын ері отырғанда, зайыбы аяғының үшімен түрушы

еді, қазір, автобуста жұмсақ орнынды ішің удаі ашыса да қиуың керек. Тіпті, жымиып: «Отыра гөріңіз», — деп жалынуға тиіссің.

— Ah, онбаған! Қыздарға қылмындал жүр екенсің фой! Менен басқаға орнынды неге бересің?

Қиқымат жұбайын оп-оңай тойтарды.

— Мені білесің фой, жаным. Бір емес, жиырма қыз тұрса да былқ етпеймін. Тұнімен үйктамаған адам құсан, қалғи саламын. «Мына кісі әбден шаршаған екен», — деп талайлар аяныш білдірген. Жалпы, сендердің астамшылық, тойыс, артықшылықтарынды дәлелдеу үшін айтып жатырмын. Ал, енді, істің түйініне келсек, еркектің түзде, әйелдің үйде көбірек болғаны жөн.

— Рас-аяу, ерек тे бір жолаушы. Жолаушиның кешіккенінен сүйін деген...

— Эй, қайдам, әйтеуір сен кешіккен сайын ине-жібімізді, оймағымызды түгендереп, жамауға дайындала бастаймыз.

Қиқыматқа қосыла кетіп едім, әйелім андып тұрғандай ондырмай сүріндірді. Жұрт дүрдараздықтарын бір сәтке ұмытып, ду күлді.

— Нешауа, біздің батыр кешіккен күні тұнделетіп іс тігетін жалғыз сен емес. Батыр-екенмен қашқандардың үйінде таң атқанша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Қиқымат мені марапаттап, төменшіктең қалған мәртебемді өсіріп қойды. Әңгіме бейбіт арнаға бет бұра бастап еді, бағанадан бері үнсіз отырған бас күнәкар — Аңқабайдың кербезі отқа май құйды. Ушеумізге де үнсіз, кекесінмен бір қарады да, мұрнын шүйірді.

— Өздерінің кешігіп келетіндерін айтсақ, мәз болып күледі. Әзілге айналдырып, құтыруларын қараши. Ұятсыз өңшен, — деп, бытырап кеткен жасағын қайта жинаады. Әйелдер әзілден айығып, кайраттанған бастады. Одақтастарымен ортақ тіл табысқаннан кейін күнәкарымыз белсенді әрекетке көшті,

— Бағанадан бері қайтер екен деп үндемей отырмын. «Бұның кешігүіне не себеп болды», — деп біреуі ойланатын емес. Құрбымның үйіне көйлек піштіруге барғанмын. Соңғы үлгідегі бір жақсы көйлек киетін болғасын, сондай қуаныш келсем, мынау арс-арс етеді. Жыныма тиді, өзі кешіккенде сондай. Және бір түзу келсе ғой. Не бірденесін жоғалтып, не алданып, жолдастарына тәлкек болып, не ләйліп жүргені. Тамак та ішпей, екі көзіміз төрт болып, сарылып отырғанымыз-бен ісі жоқ. Жөнін сұрасаң, жекіретінін қайтерсін. Сонын, өз табағын өзіне тартайын деп, кеше қағына қалып едім... Қалай екен, бәлем! Біз де сендер сияқты адамбыз. Неге ойламайсындар?

— Енді... Жігіт болғасын... Жолдас-жора бар дегендей... Әр нәрсенің өз қызығы болады. Думанды топ дұылының ләззатын ұкпайсындар сендер. Мәселен, бір шайнек шайды ертеден кешке дейін сораптап, күбір-күбір отыра бересіндер ғой. Онда не ракат барын біз білмейміз. Сол сияқты біздін де өз қызығымыз бар екенін түсіну керек...

— Бізben бірге неге қызықтамайсындар? — деп, Қиқыматтың сөзін бөлді әйекем. — Жаз болса футбол, қыста — хоккей деп үйден безіп кетесіндер.

— Ондай жерге аяқ баспайтын өздерін ғой. Біздін қызық сендерге бұзық көрінсе не шара? — деп, мен де әлсіз жағынан тиістім.

— Барлық жерге бірге бара беруге болмайды. Мысалы, сыраханаға қайтіп ертіп апарамыз сендерді? Сендердің өсектеріне араласпаймыз ғой осы.

Анқабайдың бұл жолғы дәлелі дәйекті еді. Келіншектер күмілжігесін, Қиқымат ілгері тартты.

— Ортак қуаныш, бірге тойлау дегендерін көкейге конады. Бірак бір-бірімізге байланып қалған жокпыз ғой.

— Сонда да семьяны ұмытып, бет алды сандалуға

болмайды ғой. Не көрсек те бірге көрейік. Уақытымен кетіш, уақытымен келгенге не жетсін!

— Иә, бұларға салсан өгіз құсап, сегіз сағаттық соқанды сүйреп болғаннан кейін, оттыққа бас қойып қүй-сеп тұруын керек.

— Еріктеріне жіберсен — бітті, жегіп алып, божыны башайымен тартпақшы ғой, — деп, Аңқабайды қолдадым.

— «Алтыда жұмыстан шығасын, алты жарымда үйде бол», — деп күйдіреді кісіні. Дайындал қойған мәшинесі бардай... «Автобус күтеді-ау, кісі көп болса сыймай қалады-ау», — деп ойламайды. Жетіде келсен, желкене мініп, ықсырынатының қайтерсін. Кейде ішіп қоятының да содан. Ал енді сыраханадан денен қызынып, рақаттанып шыққанда, үйге қарай басқын келмейді. Өйткені: «Қайда болдың? Кіммен болдың? Ол не деді? Сен не дедін?» — деген бір тергеу. Қөрген-білгеннің бәрін актарып, өсекші болуым қалғандай, түн жарымға дейін дапрос жасаймын деп, ақыры жанжалдасып, бөлек жатамыз. Еркектердің өзара жолдастық сыры, қупиясы болады-ау, соған қол сұқпай-ақ қояйыншы демейді.

Аңқабайдың арыны зорға басылды.

Әуесқой әйелдерге ғибрат болсын деп, мен әнгімені әріден қозғадым.

— Элгі аң-құстың тілін билетін аңшы туралы ертегі естерінде ме?

Бәрі маған қарады.

— Білеміз... Бірак мыналар да естісін, айта бер, — деді Қиқымат.

Оның білмейтінін, әрине, сол сәтте мен байқаған жоқпын.

— Аң-құстың тілін түсінетін аңшы бұл сырын біреуге айтса, бітті — өледі екен. Бір күні екі көгершіннің махаббат туралы пәлсапасын естіп, ішек-сілесі қатқанша күледі. Қасындағы әйелі қадала кетеді.

— Жайдан-жай неге күлдің? Айт, бірге күлейік.

Айтуға болмайды. Эйелі тақымдай түседі. Ақыры ұрысқа айналады. «Сен ашынаңды еске алып күлдің фой, ә?» — деп пәле салады эйелі.

— Айтсам — өлемін, — дейді аңшы.

— Өрем қап. Бұның әншайін сylтау, — дейді. Эйелдерді білесіндер фой... «Аш құлактан тыш құлак», өлгенді артық көрген аңшы, амал жок, айтуға бел байлайды. Содан өлуге дайындалып, өситетін айтып, дәрет алуға сыртқа шығады. Шықса, қораз тауықты қуалап жүр екен. Күйп жеткенде, тауық сөгеді: «Өзің үятсыз екенсің фой, қожайынымыз өлейін деп жатса»... Аңшы қызық көріп, тыңдай қалады. Қораз айтады: «Өрем қапсын, ерек болмай қеткір. Бір эйелге ие бола алмаса, өмір сүрмей-ақ қойсын. Менің қырық әйелім бар, бәрін де жусатып өргіземін. Оның орнында болсам, анау шөженің жүнін жұлып, адамдарша айтқанда шөпжелкенің жонынан таспа тіліп, тәубесіне келтірер едім». Бұны естіген аңшы: «Кой қараптан-қарап қатынның қоқан-лоқысынан өлгенім болмас. Тіпті қораздан үят екен», — деп үйге кіреді. Кірсе, эйелі екіленіп, аптығады: «Кәне, айтасың ба, жоқ па?» Аңшы үн-түнсіз қамшысын алып, жоса-жоса қылып сабайды. «Ойбай, қойдым, ағатай, айтпай-ақ қой», — деп жалбарынып құтылады сыркұмар әйелі. Сол құсан...

Менің не айтпағымды бәрі де түсінді. Анқабай енсесін көтеріп, қораздана бастады. Эйелдер мені ала көздерімен атты.

— Бұның біздің заманға сай келмейтін кертартпа идея, — деді Қиқымат. — Жұбайларымыз да баяғы аңшының ақымағы емес қой. Өзіміз бағалай бермейміз, әйтпесе ақыл көп қой бұларда. Тергеп, жүйкеге тимейді, әншайін еркеліктері де.

Қиқыматтың осы жолғы көвшігі келіншектерге тым жағып кетсе керек, үшеуі де кенейіп жүре берді,

— Мен ас қамдайын,,,

Бас күнәкар қыздай сыйылып, ас үйге тартты. Оған ілесе біздің бәйбішелер де бұрандап еді, лезде дастар-қан жасалып, шай келді. Арқамыз кеніп, бас катырған мәселені ұмытып, сіз-бізге ден қоя бастағанымызда, аңқауымыз өзі отырған бұтақты балталасын келіп. Жарастық үшін соғыстырганнан кейін, тұздалған ки-яды асап жіберді де:

— Қанша мактасаң да қатынның аты қатын, — деп қойып қалды.

Әйелдердің боялған еріндері бозарып кетуіне қарағанда, ішкі жауынгерлік әзірлік басталса керек. Аң-қабай еш нәрсені байқар емес.

— Сөздерінде тұрмай, ертең-ақ ызындан шыға келді. Білеміз ғой бәрін де. Баяғыда аталарымыз айлап ел аралағанда, әжелеріміз қыңқ етпеген. Содан жаман болған жок. Ал осы күнгілер тума талант тергеуші.

— Иә, немене, сен сұраусыз серілік құрып, селтен-деп жүрсөң ғой, ә? Тексереміз. Тексергенде қандай! Немене, «күл болмасан бұл бол» деп, назар аудармайтын бейтарап бөтенбіз бе? Сұрасақ, дұрыстап толық жауап бер. «Анда кеттім судыр, мында кеттім судыр» деп сыпылдан құтыласың ылғи. Сенбеймін, бәрі өті-рік, — деп Анқабайдың кербезі күдік таратты.

— «Жігіттермен отырып қалым, карта ойнадым, әнебір мәліштерді мыштай қылып, үйіне дейін күдым», — деп түн ортасында келіп тұрасың. Эй, білмей-мін, — деп әйекем күмәнданды.

— Сенің-ақ, «түсіп қалуын», «делабой әнгімен» таусылмайды. Бір пәлең бар-ау, — деп, Қиқыматқа қатер төндірді бәйбішесі.

— Уай, мәледес! — Қиқымат кеңк-кеңк күлді. — Сол делабой әнгімелерден зиян шегіп жүргендей сөйлейсің ғой. Менің кешігулерімнің аркасында Кисловодскіні де көріп қайтканынды ұмытпа. Ал, батыр бойын буған жынын.. күшін біреулерді қуып таратпай, өзінді қуаласа қайтер өдін? Шүкіршілік қылыштар, құрметті ха-

нымдар! Күйеулерін тұздегіні түгендеп жағпаса, сендер олардың өсекші емес, ер мінез екендігін мактаныш тұтуға тиіссіндер. Содан соң, қай кездे келсек те, бір айтқан әдрісімізді канша қинасандар да өзгертпейміз гой — өзімізді өзіміз өтірікші қылып не көрініпті? Ең бастысы өзара ынтымақ сенім ғой. Сондыктан, күр күдікtenіл, күпті болып, керісе бергенше, бір-бірімізге сенейік те, айналайындар...

«Айналайын» дегенге алданбайтын әйел бар ма, көздеріне жас алмағанмен, күлімсіреді. Жүрттың бәрінің мандайы жіпсіп, жадыраған сәтінде Қиқымат төтесінен тартты.

— Ал сен екеуінің тірліктерің дұрыс емес. Түсінісу керек. Баяғыда.. қыз бен жігіт болып қалындық ойнап жүрген көздерінді айтамын... Аңқаш лекцияға қызыңқырап келіп, профессорға: «Ага, ауырып тұмын, бас жазып келуге бола ма? Сөйтіп бір жақсылық қылсаныз, еруліге қарулы, сіз үшін лекция оқып берейін. Сіз картайдыңыз ғой, дем алыныз», — деп, мейірі түскені есінде. Содан бұны оқудан шығармак болғанда, бүкіл курс «тәрбиелейміз» деп, кепілге алып, әйтеуір, стипендиясын садақа қылып, құтылып еді ғой. Сонда сен Аңқашты жер-көкке сыйғызбай мактап, жиналыста жылағаның қайда? Ал сен, Аңқаш, мына бәйбішене СХИ-дың бір сүмсігі көз сүзіп, қайта-қайта гүл әкеліп, терезесін торуылдағанда қандай халде болдын? Бір рет бұл шайтан азғырды ма, әлде сені сынағысы келді ме, әлгімен бірге киноға кеткенде, төрт бөтелке «Рубинды» аузынан ішіп, ішің жидіп кете жаздамап па еді? «Онсыз маған күн жок, өлемін», — деп маңырап, балконнан секіргелі жатқанында, ұстап қалғанымызды үмиттың ба? Енді бүгін буындыра салғың келеді...

Кимас күндері естеріне түскенде екеуі де үялды.

— Енді... Ол кезге не жетсін! Онда бұл жақсы болатын, — деп мінгіртеді Аңқабай.

— Ибай, бетім-ай! Немене, енді жаман болып қа-

лып па? — деп Қиқыматтың әйелі дүрсө қоя берді. — Қара мынаны... Бұл бәрімізге айтқаны ғой. Өліп-өшіп, артымыздан жүгіріп едіндер. Қап, сонда бүндай боларын білгенде... Талай жігіт көздері жәудіреп қалды-ау!

— Үй, бұларға дауа бар ма? Былтыр мынау, — әйекем мені менсінбей иұсқады. Жүрттың көзінше жауынгер болып шыға келу, күйеуін бір уыс қып ұстайтын айбарлы ханым көріну жаулықтылардың әдеті ғой. — Қараптан-қарап маган тиіскен. «Қыстығуні жатақханаңа іздел келгенде неге тез шықпай қойдын? Сені күтемін деп, туплиден бас бармағымды үсітіп алғанмын», — деп соқтықты. Былтыр күйгеннің иісі биыл шықса, ештеңе емес екен. Он жыл бүрынғы башайын даулағанды да көрдік. Қөрдік те көндік, амалсыз. Шіркін, қыз күнім қайтып келсе...

Тағы да ушығып кете ме деп едім, тәтті күндер еске түскесін, әңгіме әзілге ойысты. Қиқымат қалжынды жандандыра түсті.

— Батырдікі дұрыс. Қыз кезінде көп қинағаныңың есесін қайтарайын деген ғой. Азаматты сұықта сүмі-рейтпей, неге тез шықладын?

— Сау болса бір сәрі. Қөзі шырадай жанып, танауы желпілдеп, тал-теректерді соққылап, қағынып тұрса қайтіп шығасың? Онда қыз кезім ғой, қорықтым айналайын.

— «Қыз кезіміз, қыз кезіміз» деп қоймайды ғой. Біздің жігіт кезіміз қайтып келсе, шіркін... — дедім мен.

— Немене, қайда барсаң да мейлі дейтін, тексер-мейтін жақсы әйел тауып алар ма едін?

— Ал сендер ше? Кешікпейтін колбадағы... тойыс, колбала күйеуге тиер ме едіндер? — деп Қиқымат ки-лікті.

Бәріміз дуылдастып, зілсіз әзілмен қағыстық.

— Тамақ пісіп қалды, қамыр илейік.

Келіншектер: «Айым-ау», — деп ыңылдалап, ас үйге

жөнелді. Балконға шыққасын Қиқымат қиқылдан күліп алды.

— Ау, жігіттер, енді сендер үндеңдер, бұлдіресіңдер. Бәрібір, қалай түсініссен, олай түсініс, біз кешігүді, бұлар тергеуді қоймайды. Эр нәрсені кезінде көрерміз. Әлі талаң талқылаулар болады. Маған салсандар, әйелді алдан ұстағандарың жөн. Қазір тізгінді маған беріндер.

Табақ тартылысымен, Қиқымат сөз алды.

— Ал, ағайын, біраз нәрсе айттық, ойланып-толған-дық. Рас, тым жиілетуге болмас, бірақ анда-санда норманы бұзу жігітке жарасады. — Эйтпесе роботтан несі артық. — Әйелдер тағы да тіксініп, тікірейе бастап еді, Қиқымат иін жұмсағтып алды. — Сендердің беймазалықтарың да үнайды маған. «Бәрібір» деп қол сілтесендер қайтер едік? Ол сүйгеннің емес, сұығанның белгісі. Шындығына келгенде, бір-бірімізден қашып қутыла алмаймыз — бала-шаға, дағдылы тұрмыс бар. «Үрылдарсын, қаппассын, менен жақсы таппассың» деген. Сондықтан, түсінісп тірлік кешкенге не жетсін!

Қиқымат жалпы бағытты айқындан алды да, нақты мәселеге көшті.

— Әп-әдемі тұрмыстарың, бұлдіршіндерің бола тұра, айдың-күннің аманында айқайласып жатуларың үят, — деп үй иелеріне қарады. — Эңгіме белгілі — әншайін кикілжің, еріккендік. Бізге салсандар, бір-біріннен кешірім сұрап, татуласқандарыңды тілейміз. Дабай, Анқаш, сен баста.

Екеуі бір-біріне жақынгады.

— Қешір! — деп күбір етті Анқабай.

— Қешікпе! — деді әйелі әзілдеген болып.

Бәріміз ду күліп, қол шапалактадык. Қөнілдері көтерілген келіншектер: «Кәне, сүйісіндер», — деп қиғылық салды. Эрі-бері қашқалақтағанына қоймадык. Ақыры Анқабай бәйбішесін құшактай берді, «Ашы, ашы!» — деп, ашы айқайға бастық біз.

— Ура, папам мен мамам тағы да үйленіп жатыр! — деп, кішкентайлары қуанып, жүгіріп жүр. Ересегі тұнжырай қарады да, күрсініп салды.

Содан, ырду-дырдумен тұн ортасына дейін отырып-пыш. Үйге келе жатқанымызда Қиқымат құлағыма сыйбырлады.

— Тағы да итжығыс түстік қой. Енді алдағы айқастарға, тоғыс, айтыстарға қазірден бастап тыңғылықты дайындала бер. He, he, he...

ОРТАҚ ТАҚЫРЫП

— Ана қарандар, — деп Қиқымат Аңқабай екеумізге сыйыр етті. — Үшеуінің жаны кіріп, жасап отыр.

Автобустың бел ортасына молынан жайғасқан бәйбішелеріміз бір-біріне мейірлене қарап, қызу әңгімеге кірісіпті. Сүйрәндеген еріндері сүйірленіп, сүйкімді көрінеді. Әлгінде Аңқабайдың аяулысы: «Тісім», — деп қақсан, апшымызды қуырып еді, қазір жанары жайнап, ракаттанып қалыпты. Үшеуінің осы бір достық сәті ыдырамас ынтымактың бұлтартпас белгісіндей.

— Жүріндер, қызығына батайық.

Қиқымат қоярда-қоймай екеумізді сүйрелеуге айналды.

— Ойбай, Қақа, бұлдіріп аламыз. Мен жақындағасам болды: «Тісім», — деп зарлап қоя береді, — деді әйелінің құбылма мінезінен зәрезап болған Аңқабай.

— Саспа, бала. Қазір құлағының түбінен мылтық атсан да селт етпейді.

Үшеуміздің қастарына таяп келгенімізді келіншектер байқаған жоқ. Әңгімелері қызып, ішпей-жемей көйіп болып отыр. Өзіміз туған күнімен құттықтағалы ба-ра жатқан жолдасымыздың жолдасын, яғни, әйелін майшелпек қылышты.

— Үй, қойшы соны, баяғыда аштан қатырып еді рой

бәрімізді. Он адамға ақсак балапан қуырып, жарты килі макарон қайнатқан...

— Бетім-ай десенші... — Аңқабайдың әйелі әлгінде ғана қос алақанымен басып, әлпештеп келе жатқан аяулы бетін аямай шымшып алды. — Тамағы жетпей қалып, бәріміз аш қасқырдай алақтап отырғанда, үялмай-қызармай: «Жігіттерге арақ болса болды, басқа ештеңенің керегі жоқ деуші еді... Тамақта дейін мас болып, үйқтап қалады ғой деп ойлағанмын», — деп қарап тұр...

— Белгілі көкешім емес пе, осы жолы да қайбір қарық қылар дейсін.— Менің әйелім де ана екеуінен қалысадар емес.— Мықтаса, колбаса қосып, салат жасар. Онысының тұзы удай болады — көр де тұр.

— Тамағы тапшы болғасын әнебір жылтыраған ыдыс-аяғынан не пайдада!

— Ўй, ол да өзінікі емес. Конак келерде көз күрт қылу үшін көршілерінен жалынып-жалпайып сұрап алады екен.

— Бәсе! Бәсеке десенші.. Онымен кімді қиратпак.

— Оны айтасың, шетел гарнитурын алғалы жатырмын деп, ішімізді удай ашытқанына пәлен жыл. Эншешійін далбаса бәрі де. Бізге оқырайып, қыр көрсеткен түрі.

— Онысын қайдан білейін, біз одан кембіз бе? — деп, Аңқаштың миын жеп журмін мен, ендеше.

— Әйда, осы жолы өзін бір катырайық. Алдымызға не койса да, так-түк еткізіп, тып-типыл қылып отырайық. Еркектердің өздері де есесін жібермес, біз де қалыспай арағына ауыз салсақ, үш-төрт тостан кейін-ақ таусылады да қалады. Тақырга отырғызайық, бәлемді...

Мен Қиқыматқа қарадым. Ол мәз болып, дыбыссыз құлді. Ол үйдің ондай Қарабайлығын байқамап едім, мына сайтандардың сандырағына жол болсын! Е-е, баяғыда қол қысқа, студент кезде тобымызбен сол үй-

ге қонып, кара нанды бөліп жегеніміз бар. Оның өзі бір қызық дәурен еді. Соны бетке салық қылып...

Келіншектер үдең барады. Тындаған сайын адам адамнан да, өмірден де түңіліп кетеді екен. Қаным қайнасын...

— Ау, біреудің үйіне ақ ниетпен барып, ақ ниетпен қайтуға болмай ма? Сендерге қарап тұрып, қатын болып тумағаным қуанамын!

Бәйбішелер әуелде сасып қалса да, іле-шала өзіме дүрсө қоя берді.

— Назыз көкайылдың өзі болар едің ғой...

— Эйелдердің әңгімесінде шаруаң болмасын, батыр!

Абырой болғанда, аялдамаға жеткен екенбіз, түсे қалдық. Үш әйел күбір-күбірмен баяу жүрген соң, үш ерек озынқырап кеттік.

— Уай, оларда нең бар? — деп қиқылдан күлді Қиқымат. — Эйел болған соң басқа не айтады? Өзің айтшы, басқа не қызық бар оларда? Еректер үшін өзінің керемет қасиеттерін тамашалап, жыр қылудан артық мастық жоқ болса, әйелдер үшін құрбысының кемшилігін шенеуден өткен ләzzат табылмайды. Қазір біреуі кетіп, екеуі қалсыншы, қалған екеуі кеткенін жеріне жеткізіп салады. Ол байғұстарға не қыл дейсің енді?

— Білмеймін... Эйтеуір, ерек болсын, әйел болсын біреудің сыртынан сыпсындаі бастаса, қаным тасиды. Эйекем бәлен дей бергеннен-ақ ақырып, тыйып тастаймын.

— Ай, ерім-ай, үйінде ынтымақ бола бермейтіні де содан. Есінде ме, өткенде бәріміз адам құсап сырласқанда, әйелің саған кінә тақты ғой. «Екеуміз шешіліп сөйлеспейміз. Сырласып, шер тарқатпау — сұғаның белгісі», — деп көзін сығып алып еді...

— Е, немене, сырласу деген сыпылдан өсек айту ма?

Қиқымат қиқылдан күліп алды.

— Ал, айта қойшы, ерлі-зайыптыларды сүттей үйи-

тып, екеуінің де мандайын жіпсітетін басқа қандай ортақ тақырып бар? Таба алмайсың, әуре болма. Анекдот айтпасаң, басқа шара жоқ. Сосын өмір деген қызық нәрсе фой. Адам баласы әу бастан бір-бірін мінеп туған. Сондықтан, мүмкіндігінше өзгелерге жемтік... тоғыс, желеу бермеуге тырысу керек. Бірақ, бәрібір елге жақпайсын. Миллиграм мінің болса жетіп жатыр, өздері-ак тонналап алады. Жаңын тыныш болсын десен, өзгенікін өсіріп айт. Біз, қатекем екеуміз, кешкі шай үстінде әжептәуір сырласып, тату-тәтті дем ала-мыз. Бері қара, қызық айтайын. Әйелдердің әлсіз жағынан келіп, билеп-төстеуді білмей жүр екенсін, өнеге болсын. Кештеу келеміз, кәйіп боп келеміз, әйтеуір қатекем кейде қабағын түйіп қарсы алады. Жағы жабылып, тілін тістеп, көңілсіз үйді құңғірттеп қоятын жыны бар. Сен болсан айқайлап, өршітіп жіберер едін. Ал мен ондайға қынсам Киқымат боламын ба? Бірінші кесені орталай беріп: «Бүгін ана кімді көрдім», — деп күнк етемін. Селт етпегенімен, құлағы түрік отырғаны өзіме аян. «Байғұс, тағы да ішіп жүрсе керек, басымды жазып берші деп келіпті». Қатекем қозғалақтай бастайды. «Е, ішсе несі бар екен? Далада ішіп, кештетіп жүрмейді сен құсап. Тойға, туған күнге барғанда кол үстасып». «Жоқ, — деймін жыныш. — Кол үстаспай қалыпты бүл жолы. Сақал-мұрты тікірейіп, көзі-басы қызарып, жүдеп жүр екен. Кімі де мыжмыж, өтек көрмегеніне біраз болған. Екеуміз әжептәуір әңгімелестік...» Сөзімің аяғын еki үштылау үземін. Қатекем араздықты да, арбасуды да ұмытып: «Иә, жайшылық па екен?» — дейді емініп. «Қайдағы жайшылық. Тағы да ана ақымағымен керісіп қалыпты». «Е, не бопты?» — дейді ол бойын әйелге тән әуестік билеп. «Оу, асығып, аptyкпай, бабымен әңгімелесейікші. Жақшы мынауынды, көр соқыр қылмай». Жарықты реттеп, көзімді ашып алған сон ақырындал шаруаға кірісемін. «Өзің білесің фой, жаным, оның ана көкайылы үсак-

түйекке бола үйінің үрейін ұшырып, байбалам салып шыға келеді емес пе? Жұмыстан шаршап келген екен, тыныштықпен шайын ішкізбепті. Ақылы аз болса, әйел дегенің жоқтан өзгеге бола еркектің жанын жеп қояды ғой, — деп жалпы әйел баласына тән кемшіліктердің бір-екеуін армансыз сынап аламын. Есінде болсын, басқа біреудің әйелін кейіпкер қылыш, өз әйеліннің кемшілігін соған тели сынасан, өзіндікі біразға дейін әлгі кемшілігінен арылып, кәдімгідей адам болып қалады. Таяқтың екінші басы дегенді білмейді ғой бұлар. «Сосын бұл морт сындып, ішкен де кеткен. Үйіне қонбағалы үшінші күн», — дегенімде, қатекем қаһарына мінди. «Білеміз ғой ол көк бетті. Қүйеуі байғұс ақылды жігіт. Аяғын аттап бастырмайды, аузынан қағып, сөйлетпейді. Әйел атаулы сонын қүйеуіне қарап қалғандай-ак, біреу қалжындағап бірдене десе, бәле», — деп, кайраттана шұбыртады. «Шіркін-ай, десенші! Сенің сондай болмағаныңа куанамын. Сорым болар едін ғой. Жалпы, анда-санда ренжігенің... тойыс, ренжігенім болмаса, сені ешкімнің әйеліне теңгермеймін ғой, жаңым». Көрікті басамын дейсің. «Түү, құрғыр, өстіп бір рақаттанып келе жатқанда, ағарып кетеді», — деп, жаңадан шай демдейді. «Қонаққа сактағаным еді», — деп құпия қоймасын ақтарып, барын аузыма тосады. Содан, сораптап, рақаттанып шай ішеміз. «Үй, ол ма, ол...» — деп қатекем көсліліп-көсліліп, арыны басыла бергенде: «Өткен жолғысы есінде ме», — деп, қамшылап қоямын... Эне, солай! Тұннің бір уағына дейін сырласып, әндептіп үйқтайдыз сөйтіп.

— Өсек айтқан күнің құрсын! — деп зекідім Қиқыматқа.

— Өсек емес, оның атын өмір дейді, батырекесі. He-he-he...

АЛАСТАУ

— Өткен жолы жазушымен табақтас болдым, — де-
ді Қиқымат. — Бір танысымның үйі қонаққа шакырган.
Әлгі жазушы да соларда ілік-шатыс екен. Жас
жігіт, байқауымша, жаңадан жаза бастаса керек. «Сіз-
бізден» ұзамай, оп-онды отырдық. Біраздан соң жігіттер:
«Не жаздыңыз?» — деп мазалай бастады. Обалы не
керек, біртүрлі ыңғайсызданып, сыпайы жауап берді.
Бір-екі повесть, әңгімелері бар екен. Даракыланбай,
кеуде қақпай сөйлегеніне разы болып қалдым. Сөйткен-
ше, үй иесі тон мойын, өр көкірктеу жігіт болатын бүл-
дірді. Сірә, өзінен жасы кіші ағайынының ел аузына
ілігіп, атағы шыққанын, қазір де ағынан жарылып,
аталы сөз айтып отырғанын көре алмай қалса керек.

— Осы, сол көз майларыңды тауысып жазғандары-
на қанша аласындар? — деп бастады шабуылды.

Әрине, не айтар екен деп елең еттік. Әрі жазушы
дегендерің шіріген бай болады екен, қанша сөз жазса,
сонша сом алады екен деген лақап құлакқа ұялап,
ішімізді жандырып жүргендіктен, бойымызды әuestік
биледі.

— Ой, қырып алатын шығар! — деп, ақша туралы
сөз бола қалса, қолы қалтырай бастайтын екінші таны-
сым киіп кетті. — Мысалы, бір кітап елу мың бол шық-
са, әрқайсысы екі сомнан болса, жүз мың сом гой.
Он шакты кітап шығарсан бітті — көйлек көк, уайым
жоқ. Деміміз бітіп қалды. Әсіреле әлгі танысым тер-
шіген жүзін сұрткіштеп:

— Атасына нәлет, бәрін қойып, баяғыда кітап жа-
зуды үйреніп алғанымда гой, — деп әбігерленсін.

Жазушым жымып күлді.

— Қалам акы олай есептелмейді, — деді жайлап. —
Кітаптың көлеміне байланысты. Мәселен, он баспа та-
бақ кітапқа, егер баспа табағына екі жүз елуден қой-

са, екі жарым мың сом төленеді. Массовый тираж беріп, ставкасын өсірсе, көбірек болады.

— Сонда қанша?

Қадалып қоймағасын жазушым бір соманы айтып еді, оған біздін қарнымыз ашып қалды.

— Келіннің көрөртіне де жетпейді екен ғой, — деді, ақша айтылса қалтырай бастайтын танысым сабасына түсіп. Сөйтті де, жазушының келіншегіне мұсіркей қарап қойды.

— Одан да он емес, елу, жұз құрішке... тәрелке кітап неге шығармайсың? — дедім мен шынымен жаңым ашып.

Жазушым күлді.

— Баспа табақ деңіз... Ол оңай емес қой.

— Е, несі бар? Жазғанға бәрібір ғой. Мысалы, әлгі айтқан табағыңа қанша бет сыйады?

— Машинкаға басылған жиырма бес бет...

Бір бетті бір ай қиналып зорға толтыратын біз үндермей қалдық. Іле-шала үй иесі іліп әкетті.

— Ой, онда несіне жандарынды жеп әуре боласындар? Одан да табысы мол, пайдалы шаруамен шұғылданбайсындар ма? Шүкір, мың кітабыңнан мебілни магазинім артық.

— Әңгіме ақшада емес қой, — деді жазушы. Қанша сабырлы болуға тырысқанымен, жақтырмай қалғаны жарқ еткен жанарынан танылды.

— Енді неде?

Қалтырауығым шақ ете түсті. Бәріміз де бойымызды жия қойдық. Арадағы жік айқындалып, екіге бөлінгенімізді байқаған соң, бағанадан бері бейтараптау отырған мен де өз үйіріме қосылып жүре бердім. Өйткені, мына жас жігіт өмірлік прінсібіме балта шапты. Осы отырғандарды түгелдей тізімнен сызып тастаған сынайы бар. Өзімізге үқсамайтын адам жүрекке қадалған тікен сиякты ғой. Аластау керек деп үйғардым.

— Адам баласы дүниеге өзін-өзі асырау үшін кел-

ген,— деді қалтырауығым.— Бәрі де қу құлқынның қамы. Сауда қыласың ба, кітап жазасың ба — бәрібір.

Жазушым жөнді жауап бермегі. Бізге қарны ашып, сөзін шығын қылғысы келмегені жыныма тиді. Ақиқат туралы айтысып жеңе алмасам өзіме белгілі — білім де, күш те сонда. Айламен алдын орап, абыройдан айыруға бел будым да, қай жағынан тиісіді мұқият ойластыра бастадым. Мен іске кіріскеңше, дастарқан үстін үнсіздік жайлады. Бір кезде үй иесінің шыдамы таусылды.

— Осы, шынымды айтсам, мен де анау-мынау жазушыннан артық жазар едім, бірақ қол тимейді. Қәсіп қылмағасын құлық жок, әйтлесе сендер құсан өтірікті келістірудің несі қын? — деп, өз туысканын доғал шашышқысымен түйремек болды.

«Атаңның басы, — деп ойладым ішімнен. — Домалак арызынды жөндеп жаза алмай жүріп...»

— Мысал үшін, былай ғой... — деп соға берді әлгім. — Сендер бір шөптің өзін сансыз бетке созып, мағын тамызып суреттейсіндер. Ал біз болсақ, айтарымызды тез айтуға асығып, тақ ете қаламыз. Қөрдің бе, біздікі жай сөз болып қалады да, сендердің суреттемелерің кітап болып шығады. Міңе, бар пәле осында...

Жазушым мысқылдай құлді де, дәнене деген жок. Топаспен дауласып, құнын кетірмегеніне қарағанда, ақылсыз болмады. Ал қасымыңдағылар әлгі қыртты қолпаштап, даурығып кетті. Бұларға салсаң, өздері шетінен керемет, бірақ жазушылық сияқты пайдасы аз шаруамен айналысуға зауықтары жок.

Әріптестерімнің әлжуаз екендігін байқасам да, амал жок, арқа сүйеуге тұра келді. Қампиган қарыннан басқа ештеңелері болмаса да, мейлі, әйтеуір сөзінді қоштап, «азшылық көпшілікке бағынады» деп бедірейіп отырса болғаны. Енді кідірсем, қирай женіліп, келіншектерге құлқі болатынымызды анғарә қойдым да, тұтқыылдан бас салдым.

— Эңгіме — қалай жазуда, жазғанынды елдің қалай қабылдауында. Сен жақсы жазып жүрген жігітсің, бірақ әлі де көп оқып, ізденуің керек, — деп мәймәнке-леп едім, бүгінгі кеш бойы ақылды сөзді бірінші рет естіген жазушым маған жылы жүзбен қарады. Өстіп, бірдененің паркын билетінімді байқатып алдым да, тіке төбесінен тұстім. — Мәселен, сенің анау повесің маған ұнаған жоқ. Ойдан құрау салқыны бар, тын образ жоқ. Ойға азық болмайды, сезімге қозғау салмайды. Жалпы, ондай арзан, жеңіл нәрселерден аулақ болғаның жән. Менікі шын тілектестік қой, көптің көзінше қатты айтты деп ренжіме.

Өмірі оқымаған нәрсем туралы жобалап соққан сынам... тойыс сынам жазушымды қақ жарды. Оның жүзі жидіп жүре бергенін көргесін бағанадан бері құр жаңқалаумен әуре болған әріптестерім қауқылдасып, жымындастып, масайрап кетті.

— Оқасы жоқ, әдебиет көшпіліктікі. Елдің бәріне ұнау шарт емес. Біреуге ұнамаған біреуге ұнайды. Менікі жеке өз пікірім ғой, — деп, жүнжіген жазушым жан кіргіздім.— Ал, енді, ана бір шығарман... әлгі маҳабbat мұны туралы... маған қатты әсер етті...

«Қыздар қарамай кетсе, етектері толғанша еніреп жүруші еді ғой осылар», — деген жорамалмен соғып едім, дөп тиді. Жазушым адам катарына косылып, тілге келді. Әлгінде өзін тәлкек етпек болған топтың алдында мақтанып қоймақ сыңайы бар.

— А-а, менің анау әңгімемді айтасыз ғой. Әлгі семьялы жігіттің сұлу қызға гашық болу тарихы жайлыш...

— Иә, иә, дәл соның өзі. Түү, бір айызым қанып, сүйсініп оқыдым...

— Рақмет, рақмет, Қақа, — деп иілді ол. Әйелінің де бетіне қан жүгіріп, ерні қайқия қалыпты.

— Нагыз шындық. Аумаған өмірдің өзі. — Өстіп көпіртіп-көпіртіп келіп, кенірдектен ала қеттім. — Эй, сірә, өз басынан өткен болу керек.

Келініміздің тәрелкесі сылдыр ете калды. Жазушым ышқына жанталасты.

— Кақа, ол енді... Жазушы өз басынан өткенді ғана жазбайды. Қиял, елестету...

— Жә-жә, акталма... Ақ болсаң несіне сасасың? Егежей-тегежайлі, ұнғыл-шұнғылына дейін ашып көрсектекінде қарағанда, біраз зерттеген болуың керек. — Кезекші сөздердің бірі тағы да кәдеге асты. — Басынан өтпесе, ашынаның әйелінен ыстық болатынын қайдан білесін?

Өп-өтірік анқаусып, қадала сұрап едім, жазушым жалпасынан түсті. Келін, көзі шатынап, күйеуіне кіжіне бір қарады да, тұрып жүре берді. Жазушыны аяпта кеттім — байғұсқа абыройын төкпейтін ақылды әйел де бүйірмапты.

Содан, не керек, мазасы болмай, сәні кеткен жазушы «жолаяқ» деп екі жұзді тартып салды да, салқын коштасып шығып кетті. Өншең өзіміз қалған соң, жігіттер маған алғыстарын жаудырды. Ішек-сілеміз қатканша құліп, ішіп-жеп, бағанағы салқындықтан құтылып, қыз-қызы қайнап отырдык. He-he-he.

АБЫРОЙ

— Уай, батыр, екеуміз де демалыстамыз ғой. Ақыры Қырымға қыдыратын түрің-жоқ, әйда, ауылды бір аралап қайтайық, — деді Қиқымат. — Осы жұрт анданында шапқылап, шашылып бітеді. Пәтепкі алғанша-ақ арықтаң, ауруға шалдығады. Мен құсап, былтырғыны айтамыш, ретін табу қайда! Сосын бір қызық айтайдын сол көрөртіннің де ракаты шамалы. Әлде қасымда қатекем жүргесін маған солай көрінді ме, әйтеуір ішім пысты. Адам құсап ішे алмайсын, қыз-қырқынға туғінде ғана қырындайсын. Одан да осы ауыл, жайлau де-генін жөн. Жарықтық, сау... сауын сиыр ғой. Бәйбішлерді үйде калдырып, екеуміз тартып кетсек...

— Қай ауылға барамыз? — Делебем қозып, бірден келістім.

— Эрине, өз аулымызды емес. Менің бір жаксы таныстарым бар, шақыра-шақыра зықымды шығарды. Соларға тартамыз. Ауылдың беделді жігіттері, қолдарынан түсірмейді. Эрі бөгде жұрт іші — анау-мынау қылтың-сылтыңға да мүмкіндік бар.

Айтқасын — бітті, ертесіне тартып отырдық. Ретін тапқыш Киқымат ақ сүр «Волганы» ерттеп алыпты. «Бір жұма біздің еркімізде, саспа батыр», — дейді күліп.

— Мынауың күшті болып кетті ғой, рақат, — деп мақтап қойдым. — Ал енді жөнінді айта отыр. Біз кімге бара жатырмыз? Хан көтеріп қарсы алатындаі олар сенің кімің?

— Қайбір екі туып, бір қалғаным дейсін. Олар менің бөлемнің жақсы таныстары екен. Былтыр Алматыға келгендерінде танысып, жолдас болып кеттік. Окуға бала түсіруге келіпті. Мені білесің ғой, танысым көп. Сол баласына қол ұшын бергенмін. Құр босқа киналып, арам тер болмаймын ғой, әрине. Баланың окуы тәуір екен, бөлем қолқалаған соң кірістім. Пәлендей әуре болғаным жоқ, бір сабактан бес алуына септігім тиді. Баласы окуға түскен соң, абыройдың бәрі маған ауды. Жалпы, ағайын-туыс, жолдас-жораға қол ұшын бере жүрсөн, беделің артады.

— «Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар» болды ғой сенікі.

— Сен олай кекетпе. Адам әуелі өз туыстарына, жора-жолдасына сыйлы болса, соларды сыйласа ғана жақсы адам, ешкімге қайыры жоқтан без деген алтын қафіда, өмірде сыналған принсіп бар ғой? Бар. Мен ғана емес, елдің бәрі соны ұстанады. Ау, бөтеннің бөтегесіне барғаннан гөрі, жақынның жұтқыншағынан неге өтпейді?

— Байқауымша, бөгденің аузындағысын жақының тартып әперуден тайынбайсын-ау!

— Енді ше! Өзің айтшы, ол табиғи сезім емес пе? Адам әуелі өзін ойлайды. Сосын бала-шағасын, сосын бауырларын, ары қарай нағашы-жиендерін жарылқауға тырысады. Солай бауырым, жақындық деген жалпақ ұғымың өзі жіктеп жіберсөн сан сатыға бөлінеді. Жақындық дәрежесіне қарай қол үшын бересің. Інімді... тойыс, күнімді көре алмай жүрсем құйрығыма қалжауыр байлап нем бар? Қолдан келген соң жақынжұрағатты қойып, тамыр-тәңіска да көмектесесің... Кейде, тіпті ағайыннан ғөрі таныс қымбат. Қазір танысың болмаса күнің қаран. Жоғарыда тұрған жолдастыма арқан тастатпай, жар қабакқа өрмелеп нем бар? Сосын есінде болсын, ақылдылар біреуге қол үшын берсе, «еруліге қарулы» деп өмірі ашып айтпайды, жолдастық ілтипат, достық пейіл ретінде ұсынады. Кейін, ретіне қарай, есептесе жатады ғой. Жеті жейтініме, құрығанда алты алатыныма көзім жетсе, бес беруден тайынбау — менің күміс қағидам.

— Сонда, әділдік қайда қалады? Ел алдындағы парызында қайда қоясың?

— Ол мен үшін алыс, бұлдыр ұғым. Ел дейсін... Менің адалдығымнан оған не пайда? Оны ешкім біліп, бағалап жатпайды. Былай ғой. Мен ортан қолдай маманмын, жұмысымды беске болмағанымен, семіз төртке атқарып жүрмін. Басқада шаруам не? Ал жұмыстан артылған күш-куатты қайда, қалай жұмсау — менің еркім. Қарапайым, қатардағы адаммын. Асқан талантты азаматтар адал бола берсін — қарсылығым жок. Мен болсам өзімнің қоңырқай тірлігімде қолымнан келгенше шайқап жүргім келеді. Атақ-данқым, билігім жоқ. Сонда да өз ортамда беделді болуға тырысмын. Алматыда алма жеу үшін қалды деп пе едің? Басымды қатерге тікпей-ак, қолдың үшымен жақынжекжатқа, тамыр-тәңіска жақсылық жасап, оны есе-

ләп қайырып және айтқаныма көндіріп; айдауыма журғісем жетіп жатыр. Өзің көріп жүрсің, жағдай-жаман емес. Таныстық-жымысылық дейсін. Ау, мына «Волганы» мініп, кейіп болып келе жатқаның да соның арқасы. Қазір ғой, автобуста тоңқылдан бара жатар едік. Біз мінбесек — басқа біреу мінеді. Адам баласы мұмкіндігінше алуға тырысады, есінде болсын. Дүниенің бәрі өзгеге бермей өзім алсан деген таласқа тірелген. Кімнің көзірі ойнаса — сонықі. Таныстық жаман деп, осы машинадан түсіп қалуға онша құлқым жоқ...

— Шынымды айтсам, мен де құштар емеспін.

— Эне, көрдің бе!

— Дегенмен, адам дүниеге жаланаш келеді, жалаңаш кетеді. Соныра кебініңнің ақ болуын неге ойламайсың?

— Онда тұрган не бар? Ертең адалды да, арамды да аққа орайды, ал оның шын түсі қандай екендігінде ешкімнің шаруасы жок. Сосын, неге ораса да бәрібір емес пе? Мен өлген соң топан су қаптап, түнекке неге батпайды дүние, ә? Тірлігімді жайнатып өткізсем жетеді маған...

Қиқымат бүкіл әлемге қыр көрсете қисайып, темекісін құшырлана сорды. Қолында үш тұзы бар адамдай, тістеніп, нығыз отыр.

— Сен елді керек қылмасаң, ел сені қайтсін! — дедім мен кәріме мініп. — Қарғыстан басқа ештеңе қалмайды саған...

— Жә, батырекесі, жетер! — Сөзімді бөлуіне қарашанда, (бұндай сәт сирек болатын) жанды жеріне тисе керек. — Жалантес жүрген сенің де сиқың белгілі.. «Ешкімге жағынып, жылтырай алмаймын», — деумен, ағайын-туысқа қол үшін бермейсін. Жұдырығыннан басқа жақының жок. Баяғыда аулыңа барғанда қаншалықты қымбат екенінді көрдік қой. Пайдасы жоқты кім керек қылады қазір? Жарайды, қойдым, танауынды желпілдетпеші. Құрысын, бас ауырып кетті, осын-

дай қыныр... қысыр сөзді неғыламыз? Эне, қайнар көрінді. Салқындал, дем алайық. Сүп-сұзық болып, сымпиып барғанша, қызара бөртіп жүргеніміз жөн емес пе? — деп, сөз аяғын жуып-шайып жіберді.

Бірақ машинадан екеуміз де дүрдіңкіреп түстік. Бір шөлмек конъякты бөліп ішкеннен кейін ғана тоң жібіп, бусанып шыға келдік. Былай шыға құшақтасып әнге бастық.

Желкіл, желкіл,
Желіп журген
Жалғанда біз бір тұлкі-ай, —

деп, Қиқымат әнге өзгеше мән бере сокканда, мен де қалыспадым.

Желбір, желбір,
Желіп журген
Жалғанда біз бір бөрі-ай, —

деп, даусыма ырыл араластырдым.

— Екеуміз қандай үйлесеміз, ә?! Прәмі, әнсамбіл. he-he-he!

БӘСЕКЕ

Әндетіп жүргенге жер алыс па, әне-міне дегенше аңқытып келіп қалдық. Біздің қарамызды алыстан көрді ме, әлде келетінімізді біліп отыр ма, әйтеуір, ауыл шетіндегі көк дуал қақ жарылып, айқара ашыла берді.

Ат шаптырым аула абыр-сабыр — бір үлкен жиынға тап болған сияқтымыз. Дегеленген домалақтар да, екі беті қып-қызыл толықшалар да, жағына пышақ жанығандай тырықтар да осында екен. Бәрі жабылып, жап-жана «Жигулиді» тамашалап жатыр.

Қалың топтан бөлініп, емпендей жүгірген үш-төрт адам бізді машинадан көтеріп түсірді. Қиқымат досым әп-сэтте өзінен де жуан, жұмсақ денелерге сұнгіп ке-

тіп, жуық арада көріне қоймады. Аяусыз сүйістен кейін бет-аузы су-су болып, өзі де оларды сілекейіне шомылдырып, ыржаландады да қалды. Сол ырсыған күйі, бет орамалымен терін сұрткенсіп, аузы-басын құрғатып жатқанында, әлгілер маған жабыссын. Былқылдаған майлы денені итеріп тастауға ыңғайсызданып, амалсыз төс қағыстырдым. Эйтпесе көлденен көк аттыны құшактай беретін анау-мынау емеспін фой. Қарасам, әлгім оны азынғандай, қақпақтай аузын ашып, ернімді қапқалы жатыр. Еркекті еркек ернінен сүйді деген сүмдыққа төзбеуші едім, мына пәлекет намазымды бұзуға бекем бел буган тәрізді, қоятын емес. Эйелден басқаға сүйгізбеген есіл ернімді қор қылайын ба, иегімнің көк тұқылын төсей қойдым. Біздің сақал-мұрт қалай қырсан да шатақ іздел, шегедей тікірейіп тұрады — қанша айтқанмен батырдың қылтанағы фой. Жаяйылған келіп жабыла қалған жұмсақ ерін шоршып кетті. Алғашқысының мені суюден онша ләzzат ала қоймағанын байқаса керек, қалғандары алыстау тұрып, кол ұшын беріп құтылды.

Көш құлаш амандық-саулықтан кейін үйге кірдік. Қақ төрге Қиқымат екеуміз қонжиганнан кейін ғана басқалар тізе бүкті. Үй иесі өктем сөйлеуіне қарағанда, бәрінен дөй болу керек, жиналғандарға Қиқыматты таныстырды. Ой бір кетті дейсің. Колынан келмейтіні жоқ Қакан анау да болды, мынау да болды. Қиқыматтың: «Кандидаттық қорғаймыны», — деп көйітіп жүргеніне пәлен жыл болып еді, ол қауесеттің үй иесінің құлағына қайдан тигенін қайдам, әйтеүір, Қиқыматымғылым академиясының ірге тасын қаласпағанымен (оны да істейді екен, өкінішке орай, кеш туып, үлгере алмапты), сыртын сыласып жүр екен. Қысқасы, Қиқыматпен қырбай болсандар, күндерін қаран, жақсы болсандар ғана жандарын қалады дегенді нығыздал ұқтырды «шешен». Әлгінің сөзінен кейін өз Қиқыматымды өзім танымай қалайын. Осындай ардакты азаматты

талай рет кеңірдегінен алғаныма аздал ұялып та кеттім. Ол болса үйдегілерге: «Бәрінді де жарылқаймын, жандарым», — дегендей, мейірлене қарап отыр.

Кенет жыным келді. Ау, Қиқымат анау да болады, мынау да болады, сонда мен кіммін? Танауымның жеп ете қалғанын байқаса керек, Қиқымат сөз алыш, суырылып шықты. Үй иесінің жылы лебізіне рақмет, бірақ ол сәл қателесіп кетті. Атап айтқанда, нағыз дәй бүл емес. Бүл бар болғаны нағыз дәйдің жақсы жолдастыған. Ал нағыз дәй мына отырған қадірлі қонақ (яғни, мен). Әйтеуір, Қиқыматтан мықты болсам жетеді деп жүрген мен оның бүйтіп кішірейе сөйлегеніне разы болып, бусанып қоя бердім. Ал ол тоқтар емес: дәй болғанда бүл анау-мынауға жатпайды. Атақты Қарасай батырды бәрініз де білетін шығарсыздар (білмейтіндер табылса сауатын аша қояйын деп, жан-жағыма қарап едім, қалың бастар изендең кетті), соның тікелей үрпағы. Қалың топты қаусатып жібереді. Өткен жылы: «Балам түшкіргенде неге жәрәкімалла демейсіндер», — деп, жеті жігітті жалғыз қуалап, ақыры аналар кешірім сұрап, зорға құтылған. (Ақыры айтқасын, айызымызды қандырып, Тасқараңың торпағын тұмсығына бір періп, талдырып тастағанымды да жыр қылса еken деп едім, Қиқыматтығына басып, ондай мактауды маған қимады ит). Содан не керек. Алматының аспанын тіреп тұрған мен болып шықтым. Қаһарлансан, тәбелеріне наизағай ойнатып, бүршақ жаудыра алады екемін. Қиқыматтың өтірігіне әбден сеніп, билігімді көрсеткім келді. Ішімнен: «Осы жөн-жобаға үйретіп алайын ба? Тәбелеріннен тастап жіберейін бе?» — деп, алара қарап едім, бәрі тәмен қарап жер шұқыды. «Ойнаймын, қорықландар», — дегенді жанарыммен ұқтырып, жымып, жандарын кіргізіп алдым. «Міне, менің таныстарым қандай!» — дегенді үй иесі қабағымен білдірді, Әлгінде қоқырайынқырап отырған

бір-екі атқамінерлердің қалпағы қайырылып, қоғадай жапырылды.

Әп-сэтте абыройлы болайын да қалайын. Жеті стакан ішкенше, жеті үй шақырды.

Бұл жиынның мәнісі — үй иесі «Жигулиін» жуып жатыр екен. Құттықтау сөздің басы астанадан келген құтты қонақтардан басталып, аяғы «машина үшін», «машинаның донғалағы үшін», «запчасты үшінгे» айналды. Бір кезде жыным келіп:

— Машинаны күзететін ит үшін! — деп едім, Қиқымат:

— ... Иесі үшін! — деп, сөзіне екі үшты мағына сыйрызды.

Біраз жерге барып, дуылдақсаннан кейін, Қиқымат ымдал, мені онашалап алды.

— Батырекесі, қазір мына жиналғандар анау досымыздың мәшинесіне көрімдік дей ме, байгазы дей ме, айналып келгенде, әйтеуір бірдене береді екен. Бағанағандаң бері тамырларын басып көрсем, бұл жақта бір табакты жағалай жүгіртіп, шаршы топтың алдында әркім теңге тастайтын әдет ойлап шығарыпты. Байқауымша, бірінші қолдың мәні зор сияқты. Мына досты бір жарылқап тастайық, өзіміз әлі біраз боламыз ғой, сыйымыз артады. Өзің ішегін шөлмектің толы болғаны жақсы. Табақ әкелісімен, жүздік тастаймын. Сол кезде сен де қарап қалмай... менен мықты деген атың бар ғой... мыналарды жүртқа жайып көрсетіп, жалп еткізерсін, — деп жүздіктің екеуін қалтама сұнгітті. — Саспа, қалғаның өзім реттеймін...

Айтқанындай, жалаңдаған бір жігіг дәу сары табакты алақанына қондырыи, ортаға шыққанда, екіншісі қағаз-қаламын онтайлад, бір шеттен тізе бүкті...

— Ал ағайын, өзіміздің дәстүріміз бойынша әркім көнілі соққан сомасын тастай берсін. Сен кім қанша салғанын тізіп отыр.

Жұрт қопандасып, бірін-бірі қағытқанымен, ешкім.

суырылып шықпады. Сірә, молырак тастап қойса, бас-
калар аз беріп, өкініп қалудан, немесе жүрттың бәрі-
нен кем соғып, жер шұқудан қашып отыр. Әрі астана-
лық дөйлер — мына біздің мысымыз басқаны анық.

Кенет Қиқымат қойқандады.

— Уа, ағайын, алыстан ат терлетіп келгенде, үлкен
куаныштың үстінен түскен екенбіз, құтты болсын! Сіз-
дер секілді алдын ала естіп, қамдана алмадық. Бай-
қаймын, сақадай сай отырсыздар. «Орамал тон бол-
майды, жол болады» дегендей...

Сөйтті де, жап-жалпақ жүздікті жалп еткізді.

— Уай, ерін!

— Дос болсаң, осындай бол, несін айтасың!

Әдеп үшін айтыла салған бұл марапат көтерінкі
емес, көмексі шыкты. Бақсам, бәрі де табактағы та-
бақтай жүздіктен жасқанғандай жаси қалыпты. Қи-
қымат көзімен ымдал отыр екен, лепіріп шыға келдім.
Қос қанатын кере жайған құс сияқты екі жүздік бір-
азға дейін ауада қалықтап тұрып, жарбия қонды. Бұл
жолы жиналғандардың үн шығаруға шамасы келме-
ді — нокаут.

Бір уақытта сипақтап, қозғала бастады. Табакқа
ақша жауды. Талайдың көкірегін маздатып, алақанын
куйдірген, талайдың түсіне кіріп, миын жеген көк, жа-
сыл, қызыл қағаздар үйме-жүйме болып жатыр...

— Ау, бұның қалай? — деп сұрадым кейін Қиқы-
маттан...

— Не қалайы бар? Бақсам, бақас екен бұлар. Бірі-
нен бірі кем түспеуге, асып кетуге тырысып, тырашта-
натын көрінеді. Сосын қатырайын дедім. Мен, әрине,
бұл үйдің мәшине алғанын білгемін. Беретінімді, әри-
не, осал емес, беріп те қойғанмын. Оның қарымтасы
болады, бала. Ал бағана доспен келісіп алғанмын...
Әлгі үш жүз сомды өзіме қайтарып берді. Ол әншнейін
дүшпан көз, коздыруғана. Бұрын алды жиырма бес-

тен аспайды екен, біздің жүздіктерден кейін ең саралы «ұялғанынан» елуден кем түспепті. He, he, he...

СЫРҒАЛЫ ҚОЙ

Осылайша, ырду-дырдумен бес күн аунап-кунап жаттық. Бірнеше үй қонаққа шакырды, жайлау араладық, суға шомылдық, анға шықтық. Өмірімде осы жолғыдан көп арақ ішіп, осы жолғыдай сайран салмаған шығармын. Ағыл-тегіл мол дүние, дайын машина, таза ауа. Қиқымат екеуміздің көңіліміз неге соққанын қабағымыздан біле кояды. Ауыл иелерінің жомарттығына, қонақжай көңіліне разы болып, оларды бір түрлі жақын тартып, жайсаң жандар екен деген пікірге мықтап үйядым.

Бүгін қатпа қараның үйіндеміз. Бұнда да сол баяғы деңгейден тәмен түспей, аспан арапал кеттік, Сыртқа шыққанымда, дүние шіркін көзіме мәп-мәлдір болып көрінді. Қайран ауыл! Адамдары да, ауасы да қандай таза еді.

— Батырекесі, ойға кеттіңіз ғой. — Қатпа қара арсаландаш келіп, құшақтай алды. Бір түрлі бауыр базып қалғандықі ме, әйтеуір, мен де құшағымды жайып, арқасынан қактым.

— Өздерінізді жақынырақ біліп, бауыр санап кеттік, — деді ол тебіреніп. — Бұдан былай, ұмытып кетпей, келіп тұрыңыздар. Сіздердің әр келістеріңіз біз үшін үлкен құрмет, ойын-той. Үй-жай осы, тұрмыс жаман емес — ешкімнен кем қалып жатқан жокпыз.

Бір жағы қоқыланып коюды да ұмыткан жок. Сонына қарамай, шын ниетіммен рақмет айттым. «Алматыға келіп, үйге соқпай кетсен көресін», — дедім. Ол да елпілдеп, көпке дейін өзіне-өзі келе алмады. «Биылғы соғымыныз менен болсын, батырдың сыбағасы, — деді.

— Ал, енді, бір щауаны әнеугүннен бері айтудың ретін таба алмай жүр едім. Талай адамға айтып көрдім, бірі қол ұшын беруге жарамады. «Ер мойнында қыл арқан шірімейді» дегендей тәуекел қылса, сіз қылар деп ойлаймын.

Біреудің басын жазып беруден басқа шаруаны өмірі реттеп көрмеген қайран басым, жаман қысылдым. Ондай шаруаны айтпайтыны белгілі — жәшік-жәшік арағы үолі түр. Меселін қайтаруға тағы қимадым — қанша дегенмен, сыйлағаның құлымын ғой. Амал жоқ.

— Қысылмай айта бер, — дедім. «Суга кеткен тал қармайдының» кері келіп, ең болмаса қарызға ақша сұраса еken, Қиқыматты қыссам да тауып беретін деген үміт жылт етіп, өшті. Қазір-ақ ломбард ашуға шамасы келетін адам қарыз сұраушы ма еді?

— Ана жаман ініңіз — өз інісін маған жақынданып қойды, — мектеп бітіргелі екі жылдан асты. Әскерге барып келді, әлі ештеңенің құлағын ұстаған жоқ. Маған арқа сүйейді, күшік. Оқыт дейді. Өзіңіз білесіз, қазір оку деген... Содан, соны был жіберсем бе деймін өзінізге. Еті сіздікі, сүйегі менікі, қай оку қолайлы десеніз, соған ана балуан шоқпарыңызбен қағып жіберсеніз, киіз болса да темірдей сіңбей ме?

Қолымды «балуан шоқпар» дегені тіпті ұнап кетті. Бұрын да көнілім майдай еріп тұрған. Апырай, енді қайттім? Өзіме-өзім келе алмай, «жоқ» деп кеудесінен итергім келмей, «жарайды» деуге арым бармай, қысылғанынан терлеп кеттім. Амал жоқ, ақыры шынымды айттым.

— Ойбай, бауырым-ау, қолымнан келгенін сенен аяマイын. Ол құрғырың қолдан келмейді ғой. Қап, енді қайттім? Өмірі ондай шаруамен айналысып көрген емеспін, туған жиенім де пәлен жыл жүріп, окуға өзі тускен. Менің тұрған бойым осы, басқа түгім жоқ.

Қатпа қарамның түсі қарауытып кетсе де, қатпары қалың еken, сыр бермеді.

— Менікі әншейін базына ғой, батырекесі. Бір реті болып кала ма деймін-дағы. Әйтпесе, жағдай белгілі, «жүйрікке жок жетпейді», — деп, сыпайылық үшін сәл бөгелді де, қораға қарай кетті. Бағанағы бауырмалдықтың нышаны да қалған жок.

Мәтелді бұзып айтқанынан-ақ мені есептен шығарып тастағанын ұқтым. Қөнілім құлазып кетті. Қолымнан бірдене келмейтініне, оның інісін окуға түсіруге жарамағаныма үялғандай болдым. Әрі-сәрі күйде үйге беттеп келе жатыр едім, қорадан естілген дауыстар елең еткізді. Сөз аңдитын қасиетім болмаса да, осы жолы бөгелуге тура келді.

— Тұрган бойым осы дейді.. Оның салдырлаған ақ көнілдігінен не пайда? Қолынан түк келмейді... Әнеугіден бері иіліп төсек, жайылып жастық болған еңбекім-ай!

Бұл — қатпа қараның айтқаны. Оған жалпақ сары үн қосты.

— Еліріп отырғанынан-ақ шошығам. Барымтаның заманы емес, оның күшін неғылайын? Дәукеңе ілесіп, Қақанды торыдым сосын.

— Сонша шығындалдық-ау бұл иттерге. Он бірінші қойдың басы мынау. Тым болмаса, неге сыйлап отыр деп ойланбайды-ау қасқа. Тегін жатқан тамак бардай... Ерегіскенде, айдап шығайын ба?

Колыма түкіре бастап едім, қатпа қараны Дәукең басты.

— Қызынба, бауырым. Ана жындысы сенің куғаныңа кете қойса жақсы...

— Эрине, Дәуке, сіздердің пайдаларының түгел, Қақаның аты — Қақан, айтқаның іstemей қоймайды. Мен ғой күр қалған.

— Жә, саспа. Ештен кеш жақсы. Екеуді арқалаған Қақан үшіншісін де қолтықтайты. Тек ана кәнбертінді калыннат.

— Ол оңай ғой, бірак толы бөшкеге су құйғандай болып жүрмесе...

— Одан қам жеме, Қақаң адал жігіт. Айтқанын істейді.

— Қайдам, әйтеір тым жалпылдаپ, асыра сыйлап жібердік пе деймін...

— Есінде болсын, соғымды да семіртіп сояды ғой. Соканды күйлі өгіздің сүйрекені жөн.

— Болсын онда. Ал мына жындысын көргім келмейді.

— Тс-с, ойбай, естісе булдіреді. Иесін сыйлағаның итіне сүйек сал деген... Токта, лактырма. Қап, ертен керек еді ғой.

Аяғымның астына бірдене шылдыр ете түсті. Қарасам, қойдың сырғасы.

— Жарайды, табылар. Ашу үстінде байқамай қалдым. Актіге қол қоятын өзіміз ғой.

Сырғаны қалтама салдым да, ары қарай тыңдауға шыдай алмай үйге тарттым. «Біліп ал», — деп Қиқымат бекер қақсамайды екен ғой. Дүние аунап түскендей болды. Ұры көнілдер анау, ұрланған кой мынау. Бәрінен түнілдім.

Үйге кірсем, Қиқымат қақ төрде қисайып жатыр. Келе алқымнан алайын. «Осылай да осылай, мына иттерінді казір қынсылатып қуамын. Қайдағылармен таныстырып жүрген сенін де мойнынды бұрап алайын ба?» — дедім,

— Бауырымсып, құшактағанына еріп кетсем, бір ені ішінде екен ғой, — деп кіжіндім.

Қиқымат қиқылдаپ құліп алды.

— Оған несіне күйінесін, бізден қалған тәсіл ғой ол. Өзіміз біреуді торуылдасақ, түбін түсіреміз. Көздеген адамымның көзіне қарап: «Осы екеуміз доспыш ғой, ә?» — деймін жайлап кана. Аузы анкияды да калады. «Айтшы өзін, доспыш ба, жоқ па?» Үндеуге шамасы келмей, басын шүлғиды. Бұл заманда сенімен дос емес-

жұмбактай саларсың. Сенің менен де мықты екеніне бұлардың күмәні жоқ қазір. Сондықтан, қадірінді кетірмей, не айтса да: «Көрерміз», — деп, керги берсөнші. Сөйтіп қатырайық бұларды. He, he, he.

Осы кезде Дәукеңдер кіріп келді. Бұларды Қиқыматша қатыруға көңілім соқпады. Не істерімді де жөн-деп ойластырған жоқпын, жалғыз-ақ жанағы сөздері құлағымда ызындалап, бедірейіп отырып алдым. Ал бұлар болса түк көрмегенсіп, баяғы қалыптарынан жазар емес. Қиқымат та өзгермеген. Жалғыз-ақ, қатпа қара соған көбірек иіліп, қызмет қыла бастапты.

Тағы да тостар көтерілді. Енді бірінші болып Қақаң алынды ауызға. Өзі қызбабас адам, арақ ішкен соң белгілі ғой, таңаудың желлілдеп, қағынуға айналдым. Лепіріп отырғандардың көңілін су сепкендей ба-сып:

— Қөлгірсімей, шын сыйлайтындар үшін алайық, — деп, түйеден түскендей қойып қалдым. Дымын білдірмей, бәрі де дуылдағансыды, бірақ қолдары дірілден кетті.

— «Семіз өгізден арық бұқа артық», — дедім тағы да, жарты пиязды аузыма бір-ақ тығып. Мен қаршылдатып пияз шайнағанда үшеуі бір-біріне қарады. Жалпақ сары қызарапада. Дәукең қуарды, қатпа қара канын ішіне тартып алды.

Пиязды асықпай шайнап, толғап жұттым да, колымды сұртіп, айқасқа біржола шықтым.

— Осы біз келгелі бір отар қойды тауыстық білем. Бұл ауыл осынша шабылып, бізді неге сыйлап отыр, немен сыйлап отыр деген ой қыландалап, маза бермейді.

Ауыл иелері жаман састы. Дәукең күлген болды.

— Несін айтасыз, батырекесі. Шүкір, қазір елдін тұрмысы жақсы ғой. Сыйлы қонақтан аянбайды ешкім.

— Оған дау бар ма? Бірақ осы жолы көңілде бір күмән болып тұр. Біз мына жерде ақ майды жей ал-

тап-түйнақтай қылып жинап қойыпты. Қиқыматтың көзі көгерінкіреп кетіпті. Ішім қылп ете қалса да:

— Қақа, көзге не болған? — дедім жөткірініп.

— Тірлігің бар болсын сенін. Тұнде үшеуін де тере- зеден лактырып жіберген соң: «Сенің итің мен бе, ей?» «Қасқырды қанша асырасаң да орманға қарап үлиды», «бөрінің бөлтірігі көжек болмайды», — дегенсін. Содан қалған белгі ғой. Жә, құрысын, өзі де ауырып тұрған басқа күш түсіріп қайтеміз. Қазір аналар да тұрады, үғып ал. Түсінді бермей, біразға дейін тұксіп отыр. Жібіген күнде де жалбандақ кетпей, сыпайы қошта- сарсын. Қөнілдерінде күмән қалсын...

Дымын түсінбесем де, ішім қыпылдан, кіріптар болған басым еріксіз изелді...

Айтқандай-ақ үшеуі жетіп келсін. Түрлеріне қара- ғаннан-ақ аяп кеттім. Дәукең мен жалпақ сарынықі ештеңе емес — бір-бір көзді жұмып құтылыпты. Қат- па қараның ерні қөнектей, мұрны қолағаштай.

— Апырай, кеше артық кетіп қалыптыз, — деді қат- па қара, тілін шайнай сөйлеп.

— Өзімізді көптен ешкім сабамап еді, сауап болды.

— Сый қонақтың бір еркелігін көтермесек, елдігі- міз қайсы, — деп Дәукең жалпақ сарыны қоштады. — Ал сіздер ренжи көрменіздер, бізден бір қателік өтті. Сізді түсінбей қалыпты жігіттер. Артынан Қақаң тү- сіндірді бәрін.

— Мен де тым қатты кеттім ғой деймін, — деп, іл- типат білдірдім.

— Мейлі, құрысын, бұл да бір қызық. Эйтеуір, қөніл- де ештеңе сақталмайды деп сенеміз. Ал жарастық үшін!

Дәукең дөнгелетіп әкетті. Жалпақ сары үйіне ша- қырды. Кеше үріккен қатпа қара қайтадан тіземді басты. «Жапқан шапанымыз», — деп, екі-уш конвертті қоярда-қоймай алғызды.

Содан, не керек, тағы бір қонып, ертеңіне құшақтасып коштастык.

Былай шыға Қиқымат қиқылдан күліп алды.

— Кім кімге соғым болды, ә!

— Эй, жөнінді айтшы, тағы қандай жүріс жасадың?

— Қатырдым бәлемдерді. Түнде сен бәрін қырып тастаған соң, бұлар әбден көтерілді. «Жан керек болса, қойындар», — дедім. «Батыр рас айтады және ол осылай айтпаса несі батыр? Өздерін сыртынан өсектейсіңдер де, өкпелейсіңдер. Сен қызықсың, — дедім тағы қатпа қарага. — Сөйтіп те кісі бүйымтай айта ма екен? Ондай кісілер саған: «Көмектесемін», — деп қолқ ете қалатын ақымақ емес қой. Ауылға аунап-кунап, демалуға келсе, сендер қамыттарынды ала жүгіресіңдер. Маған сыбырлай салсандар, өзім жеткізетін едім ғой. Сендер туралы жақсы пікірде аттанса, сөз жок, орындаиды. Басын істемейді, бәрін бүлдірдін. Ал енді ерегіссендер, қоныз теріп кетесіңдер. Сендердің мойындарынды бүрап алу қолынан келеді, керек болса, дәй ағасын іске қосады. Ана сырға жетіп жатыр бәріне. Сондықтан жандарынды күтіңдер, ертең жайылып жастық, иіліп төсек болындар. Эйтпесе сендерге мен де бүйирмаймын. Онсыз аяғымды кия баса алмаймын, сендер үшін ондай сүйеуімнен айрылар жайым жок», — деп зілдендім. Лезде естерін жиып алды. Қалғанын өзін де көрдің ғой. Түндеғін ғажап болды. Әрі арам кандарын ағыздын, әрі идеям іске асты.

— Ал енді олардың артқан жүгін не істейсін?

— Қиқымат атым бар емес пе, бірдене қыламын да. Бұдан былай ішіп-жеуге, киүге, кәнберт алуға дағдылан, бала. Аярлардың айламен тапкан акшаларын айысын ба? Далаға кеткенше, бізде кетсін. He, he, he...

САҚ БОЛҒАЙСЫҢ, АҒАЙЫН!

Бар әңгіме осы, бауырлар. Күн шығып келеді, қазір мен азырақ үйқтап алуға тиіспін. Өйткені, ертең жұмыс бар фой. Үсті-басымды, бет-аузымды тәртіпке келтіріп, түк бүлдірмеген бала құсап монтишып отыруым керек. Бүкіл тірлігімді алдарыңа жайып салдым. Өзімде обал жоқ. Қызу мен бұзудан басқаны ойламаппын. Онда кандай мағына бар, не мұратыма жеттім — ол жағын сіздер болмасаңыздар, мен білмеймін. Айналыңқырап тұрган басыма қанша күш түсірсем де, өрем жетпей-ак қойды. Бәлкім, күлерсіз де қоярсыз. Бәлкім, күлмей-ак қоярсыз, бірақ мен өзім өзім күлдім, ал сіздің колыңыздан ондай батырлық келе ме, жоқ па? Жалғыз-ак айтарым, менен қорқып, үрікпей-ак қойыныздар. Қаһарланып келе жатқанымда, «батыр» деп алдай салсаңыздар болды, бусанып қоя беріп, беттеріңізден сүйіп шығарып саламын. Көп ішінде бір тентек жүре береді фой. Тек қана Қиқыматтан сақ болғайсыздар, іштен шалып кетіп жүрмесін! Ал, жақсы, мен дем-алуға кеттім. Ертең де тіршілік бар, көрерміз...

МАЗМУНЫ

Өзіме өзім күлейін	3
Шайтап көбелек	11
Нәтепкі	15
Біліп ал!	22
Бакі	27
Нөзгияның пайдасы	32
Жанесым	40
Бір сом	52
Жогалу	58
Болса	61
Итжигыс	69
Ортак тақырып	85
Аластаяу	90
Абырай	94
Басеке	98
Сыргалы кой	103
Сак болгайсың, ағайшы	112

БАЯНГАЛИ АЛИМЖАНОВ

ТАК СЛУЧИЛОСЬ...

(Сатирические рассказы)

(На казахском языке)

Редакторы *К. Токмурзин, Г. Кулакхметов*. Рецензент *У. Үайлдин*. Художник *С. Майоров*. Худ. редактор *А. Тленышев*. Техн. редакторы *Ж. Момынов, И. Насырова*. Корректор *Р. Кошкунова*.

ИБ № 2236

Сдано в набор 04.11.81. Подписано в печать 23.04.82. УГ12074. Формат 70×108^{1/32}. Бумага тип. № 1. Гарнитура литературная. Печать высокая. П. л. 3,5. Усл. п. л. 4,9. Уч.-изд. л. 5,1. Тираж 30 000 экз. Заказ № 1306. Цена 35 коп. Издательство «Жалын» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143. Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап». Государственный комитет Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.



Баянғали Әлімжанов — 1954
жылы туған. ҚазГУ-дің тіл-
әдебиет факультетін бітірген.
Қолдарыныңдағы жинақ — жас
жазушының сықақ-сатира жан-
рындағы тұнғыш кітабы.

